

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УЎЗІРЛІГІ

ЎЖІНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша
4 курс студенті

Бахымбетова Насиба Маратовнаның

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: **Мектеп оқушыларының сөз қолдану мәдениетін дамыту
жолдары**

Ғылыми жетекші: доц.А.Оразымбетов

Кафедра меңгерушісі: доц.А.Оразымбетов

Нөкіс- 2014 ж

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының 2014-жыл « _____ » дегі № _____ протоколымен қорғауға ұсынылды.

Филология факультетінің деканы:	доц. Г.Қурбаниязов
Кафедра меңгерушісі:	доц. А.Оразымбетов
Ғылыми жетекші:	доц.А.Оразымбетов

Бахымбетова Насибаның «Мектеп оқушыларының сөз қолдану мәдениетін дамыту жолдары» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «_____» балл
(« _____ » %) қойылды.

«_____» _____ 2014-жыл

МАК хаткері:	Ы.Қуттымуратова
--------------	-----------------

Жоспар:

Кіріспе

1-тарау. Лексика және оның қатысымда қолданылуының ғылыми-теориялық негіздері.

1.1. Тіл және сөйлеу, сөз қолдану мәдениеті

1.2. Лексикалық норма және оның қолданылу аясы

2-тарау. Сөз қолдану мәдениеті.

2.1. Сөздің қолданылу ерекшеліктері

2.2. Тілдің лексика-фразеологиялық тіркестердің сөйлеудегі (жазудағы) қолданысы

2.3. Сөйлеуде көркемдегіш және бейнелегіш құралдарды пайдалану

2.4. Сөздердің сөз тіркесі мен сөйлемдерде қолданылу ерекшеліктері, грамматикалық норма

2.5. Жазба жұмыстарда болатын қателер және олардың жіктелуі

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы: Қазір тілді оқыту саласында әдіскерлердің айрықша назар аударатын мәселесі – тілді қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту мәселесі. Бұл міндет әсіресе, мектеп жасындағы балаларға қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытудың мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл ретте оқушылардың тек сөйлемді дұрыс құрастыру жайы ғана емес, алған білімдерін, меңгерген сөздік қорларын қарым-қатынас негізінде әртүрлі жағдайларда пайдалана білу мүмкіндігі ескерілуі тиіс. Қазіргі кезде мектеп оқушылары да, қарым-қатынаста өз ойын түсінікті айтып жеткізумен бірге сауатты, дұрыс жаза білуге ерекше мән беріле бастады.

Лексикалық білім беру мен оның қатысымдық мақсатта қолданылуын дамытудың екінші бір мәселесі – сөзді орынды қолдана білуге баулу, тіл мәдениетін арттыру. Ол оқытуда сөздерді дұрыс тіркестіре білу дағдысымен анықталады. Сөздерді дұрыс тіркестіре білу сөз мағынасымен байланысты және ол тек мағына ғана емес, тілдің грамматикалық заңдылығына да негізделеді. Демек, баланың тілін дамытудағы лексикалық тақырыптарды таңдау қатысымдық әрекет мақсатымен байланысты болып, лексикалық норманы игеруге негізделеді.

Оқушылардың бұл секілді тілдік қателерін болдырмау үшін, қазақ тілі пәніндегі тіл мәдениетін оқытуға арналған материалдармен бірге лексикалық білімдерін еске түсіріп жаттығулар жүргізіледі. Атап айтқанда, сөздің мағынасы бойынша жұмыс; сөздердің көркемдегіш құралдары бойынша жұмыс; сөздердің нормалануы туралы түсінігін жетілдіру екендігі ескеріле отырып, диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Диплом жұмысының мақсаты. Мектеп оқушыларының лексикалық құралдардың сөйлеу әрекетіндегі қолданылу ерекшеліктерін анықтау, олардың сөйлеу тілін дамыту арқылы тілдік қабілеттерін жетілдіру.

Диплом жұмысының міндеттері:

1. Оқушылардың сөздік қорының лингвистикалық, психологиялық ғылыми әдебиеттер арқылы анықтау;

2. Сөздік қордың өсуіне негіз болатын лексикалық нормаларды және оған қойылатын талаптарды белгілеу.

Зерттеу объекті мен предметі: Жалпы орта білім беретін мектептердегі оқушылардың оқушылардың тілі және лексикалық құралдарды пайдалану тәжірибесі, білім және дағдысын тереңдету негізгі зерттеу объекті етіп алынды. Жеке тұлғаның әдеби-интеллектуалдық қабілетін дамыту.

Зерттеу методикасы мен әдістері: Бүгінгі заманның педагогика және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған тәжірибелер, ғалымдардың әдеби тіл нормалары мен сөз мәдениетіне қатысты тұжырымдары, тіл туралы заң, ереже, қағидалар болып табылады.

Зерттеудің ғылыми теориялық негіздерін сараптау, ой қорыту, жалпылау әдістері мен бақылау, салыстыру, жинақтау және талдау әдістері болды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Зерттеу жаңалығы тақырыптың актуальдығына байланысты. Мектеп қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту тәсілдері арқылы оқытуға байланысты алынған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:

Диплом жұмысында ұсынылып отырған әдістеме оқушылардың қазақ тілінен алған білімін тереңдетуге және тілдік материалдарды дұрыс игеруіне ықпал етеді. Диплом жұмысы мектеп мұғалімдеріне және қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеушілерге көмекші құрал бола алады. Диплом жұмысы кіріспеден, негізгі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, жұмыстың мақсаты, зерттеу нысаны, болжамы, міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар, зерттеудің практикалық құндылығы, сарапталуы қарастырылды.

Бірінші тарауда лексика және оның қатысымда қолданылуының ғылыми-теориялық негіздері - тіл және сөйлеу, сөз қолдану мәдениеті, лексикалық норма және оның қолданылу аясы сөз етілді. Екінші тарауда- Сөз қолдану мәдениеті, Сөздің қолданылу ерекшеліктері, Тілдің лексика-фразеологиялық тіркестердің сөйлеудегі (жазудағы) қолданысы, Сөйлеуде көркемдегіш және бейнелегіш құралдарды пайдалану, Сөздердің сөз тіркесі мен сөйлемдерде қолданылу ерекшеліктері, грамматикалық норма, Жазба жұмыстарда болатын қателер және олардың жіктелуіне тоқталып өттік. Жалпы мектеп оқушыларының сөз қолдану мәдениетін дамыту жолдары, білім және дағдысын тереңдету жолдары көрсетіліп берілді.

Қорытындыда зерттеу нәтижелерінен толық тұжырым жасалды.

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к. А.Оразымбетов.

Студент:

Н.Бахымбетова.

Кіріспе

Өзбекстан мемлекеті - биік рухилық негізінде президентіміз И.А.Каримовтың дана саясатын басшылыққа алып, өміріміздің барлық саласынада үлкен табыстарға ерісуде. Ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер - жаңа бағытпен дамуға бет алды.

Өзбекстанда жасаушы барлық халықтар, соның ішінде қазақтар да өз ана тілін, әдебиеті мен мәдениетін үйренудің, зерттеудің мүмкіндіктеріне ерісті. Мұның айқын мысалы - елімізде әр ұлт өкілдері өз ана тілінде мектептерде және жоғарғы оқу орындарында оқып білім алмақта.

Қазіргі қазақ тілі басқа да түркі тілдері сияқты қазіргі кезде жан-жақты дамыған тілдердің бірі болып есептеледі. Қазақ тіл білімі ана тіліміздің көкейтесті мәселелерін, яғни тілдің әлеуметтік қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттеуде оларда жас буынға үйретуде жаңа табыстарға жетті.

Қазір тілді оқыту саласында әдіскерлердің айрықша назар аударатын мәселесі – тілді қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту мәселесі. Бұл міндет әсіресе, мектеп жасындағы балаларға қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытудың мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл ретте оқушылардың тек сөйлемді дұрыс құрастыру жайы ғана емес, алған білімдерін, меңгерген сөздік қорларын қарым-қатынас негізінде әртүрлі жағдайларда пайдалана білу мүмкіндігі ескерілуі тиіс. Қазіргі кезде мектеп оқушылары да, қарым-қатынаста өз ойын түсінікті айтып жеткізумен бірге сауатты, дұрыс жаза білуге ерекше мән беріле бастады.

Орта мектепте меңгерілуге тиісті лексиканың көлемі лексикалық білім берумен анықталады. Мектеп оқушыларының лексикадан мынадай икемділік пен дағдысын қалыптастыруды талап етеді: «Тіл дамыту жұмысын жүргізгенде оқушылар сөздік қорын молайту, сөздерді, сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құрай білуге үйрету» деумен бірге, сөйлем құрағанда айтылмақшы ойына байланысты синоним сөздерді тандау, сөздік жұмыстарды жүргізуді ескертеді .

Лексикалық білім беру мен оның қатысымдық мақсатта қолданылуын дамытудың екінші бір мәселесі – сөзді орынды қолдана білуге баулу, тіл

мәдениетін арттыру. Ол оқытуда сөздерді дұрыс тіркестіре білу дағдысымен анықталады. Сөздерді дұрыс тіркестіре білу сөз мағынасымен байланысты және ол тек мағына ғана емес, тілдің грамматикалық заңдылығына да негізделеді. Демек, баланың тілін дамытудағы лексикалық тақырыптарды таңдау қатысымдық әрекет мақсатымен байланысты болып, лексикалық норманы игеруге негізделеді. Сөздің қолданылуы туралы білім, білік дағдыларын қалыптастыру мына жүйеде жүргізу тиімді болып есептеледі.

Лексикалық қорды дамыта оқыту әдеби тіл нормасына орай жүргізіледі. Әдеби тіл нормасы білім 5-9-сыныптарда жүргізіледі. 9-сыныпта тіл мәдениеті мақсаты бойынша қорытынды білім беріліп, тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Сондықтан біз зерттеуімізде бағдарлама талаптарына байланысты тіл мәдениетін дамыта оқытудың жүйесін бұрынғы игерген білім, білік дағдыларының негізінде құрдық. Бұл жүйе бойынша лексикалық құралдарды мына төмендегі мәселелер негізінде қарастырдық:

1. Лексикалық норма бойынша сөзді қолдана білу мәдениеті икемділіктері мен дағдыларын дамыту;
2. Грамматикалық норма бойынша сөз тіркесі сөйлем құрастырудағы лексикалық құралдардың қолданылуы;
3. Ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы сөздердің қолданылуы.

Лексика бөлімінің білімдік, танымдық маңызы оқушылардың тіл білімі туралы ұғымының кеңеюіне, тілдің ең кіші бөлшегі – сөздің фонетикасымен, морфологиясы, синтаксисі және стилистикасымен қатынасын түсінуіне, сөйтіп бүкіл тілдің жүйесін тұтас ұғынуына мүмкіндік береді, ол үшін лексика туралы алған ұғым әрқашан грамматика туралы білім барысында кеңейіп, тәжірибелік маңызы ашыла түседі.

Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыта оқыту мақсатындағы лексикалық білім беру мына бағытта ұйымдастыралады:

1. Сөзді мағынасына қарай дұрыс қолдана білу. Мұндағы мақсат – оқытылатын тақырып, мәселеге байланысты сөздерді, терминдерді игеру және оны өз тәжірибесінде пайдалана білу.

2. Игерген сөздерді, өз ойын жеткізуде, сауатты жазуда қолдана білу.

Ана тілі қарым-қатынасты жүзеге асырудағы тілдік құралдарды қолдана білудің жүйесі. Тілдік әрекет ойлау әрекетімен байланысты. Сондықтан әрекетті іске асыратын қабілеттілікті икемділік деп, амалды автоматты түрде жүзеге асыру қабілеттілігін дағды деп түсінеміз. Демек, жазбаша сөйлеу дағдысы дегеніміз – сөйлеу амалы, ал икемділік қарым-қатынастың әр түрлі ахуал мен жағдайындағы білім мен дағдыны қолдана білу қабілеттілігі. Сондықтан қатысымдық біліктілік деген мәнді білдіреді десек, екіншіден, қарым-қатынастың ахуалына орай сөйлеу әрекетін шешу болып табылады.

Оқушылардың бұл секілді тілдік қателерін болдырмау үшін, қазақ тілі пәніндегі тіл мәдениетін оқытуға арналған материалдармен бірге лексикалық білімдерін еске түсіріп жаттығулар жүргізіледі. Атап айтқанда, сөздің мағынасы бойынша жұмыс; сөздердің көркемдегіш құралдары бойынша жұмыс; сөздердің нормалануы туралы түсінігін жетілдіру екендігі ескеріле отырып, диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

1- тарау

Лексика және оның қатысымда қолданылуының ғылыми- теориялық негіздері

1.1.Тіл және сөйлеу, сөз қолдану мәдениеті

Тіл туралы ғылымның өзіндік нысандарына сай орныққан жүйе, ережелері бар. Соның бірі ана тіліміздің әр алуан жақтарын қамтитын «Тіл мәдениеті» атты білім саласы. Орфоэпия дыбыс сазы мен әдеби тілдің дауыс ырғағын тексереді, орфография емле ережелерін, пунктуация тыныс белгілерін, стилистика сөз тіркесі заңдарын, жатық сөйлеу, сөз толғау тәсілдерін зерттейді. Ал тіл мәдениетінің нысаны не деген мәселе жалпы тіл ғылымында анық белгіленбей келеді.

Н.А.Купина сөйлеуге үйрету үдерісінде ең маңызды орын алатын материал – лексика деп есептейді.¹ Белгілі бір тілді меңгеру үшін лексиканы оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Адам қай тілде сөйлегісі келсе де, сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық тұлғаларды білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің айтқан сөзін, ойын түсінбейді. Демек, адам сөйлесу, пікірлесу үшін тілдік қолданысқа керекті лексикалық құралдарды үйренбесе, тілдік қатынас та жүзеге аспайды.

Сөз мағынасын, мәнін игеру арқылы баланың ұғымы да кеңейеді. Сол мағына ұғымдарды бір-бірімен байланыстырып, қарым-қатынасқа түсіру арқылы ойы дамиды. Соның нәтижесінде, өз ойына байланысты сөздерді лайықты қолдана білу дағдысының қалыптасуы арқылы сөздерді мағынасына орай қолдана білу икемділігі де артады.

Оқушылардың сөйлеуде біршама лексикалық қоры болғанымен, олардың бәрінің бірдей қолданылуын игере бермейді. Сөздің қатысымдық әрекет түрлеріне байланысты қолданылуын игермеу сөйлеудің түрлеріне байланысты лексиканы қолдану икемділігі мен дағдысының қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Мәселен, синоним, неологизм, көнерген сөздер мен диалект, термин сөздердің қолданылу ерекшеліктерін әдеби тіл стильдерінсіз игере алмайды. Ауызекі сөйлеу мен кітаби стильдердегі лексиканың қолданылу ерекшеліктерін меңгермей, олар бойынша мәтін құрастыра білу икемділігін дамыту мүмкін емес. Баланың тілін дамыту үшін лексикалық құралдардың құрылымдық-теориялық мәліметімен бірге, қарым-қатынаста қолданылу ерекшелігі туралы білімі мен дағдысын қалыптастырып, икемділігін арттыру қажет. Мәселен, синонимді оқытқанда, оның мәндес сөздер екендігі үйретілумен бірге кітаби, әдеби тіл стильдері түрлеріне байланысты да сөйлеудегі қатысымдық ерекшеліктері меңгеріледі. Ол функционалды стиль түрлеріндегі мәтіннің тілдік құралдарының ерекшеліктері ретінде игертіледі.

Жеке сөздердің мағынасы, мәні, тіркесуі, қолданылуы қарым-қатынас жасау мақсатымен немесе сөйлеу міндетімен байланысты түрде игертіледі. Баланың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту үшін сөздің мағынасын игеру мен оның сөздік қоры жеткіліксіз болып қалады. Сондықтан сөздерді өз тәжірибесінде қолдана білуге жаттықтыру қажет.

¹ Купина Н.А. Работа над словом.// Методика развития речи. М., 1991, 118 ст.

Сөз байлығы – тіл байлығы. Бірақ тілдегі сөз байлығының барлығының жұмсалыу аясы бірдей емес. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі қарым-қатынаста жиі қолданылып, жалпы халықтық нормаға айналады да, бірқатары қолданудан қалып қояды, немесе өте сирек қолданылады. Сөйлеу тілінде бар біраз сөздер қарым-қатынас әрекетінде кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды. Мысалы, жергілікті диалект сөздер. Ол туралы М.Балақаев: «Сөздердің әдеби, әдеби еместігін айыру оңайда емес, біреуге асыл көрінген сөз екінші біреуге жасық көрінуі мүмкін. Әдеби нормаға қай сөз жатады, қай сөз жатпайды дегенді субъективті көз қарас тұрғысынан болжамай, әдебитте жалпы халыққа бірдей ретінде жиі қолданыла ма, жиі қолданылмай ма деген тұрғысынан болжау керек», - деп көрсетеді.²

Қазақ әдеби тілінің сөз байлығы жалпы халықтық қасиеті бар байырғы және өзге тілден ауысқан сөздерден, ғылымның, өнер білімнің, техниканың, саясаттың, мәдениеттің тағы да басқа алуан терминдерінен құралады.

Сөз таңдап қолдану жазба әдеби стильдеріне байланысты да болады. Мәселен, көркем әдебиет стилі мәтіндегі сөз таңдап қолданудың ерекшелігін қарастырайық.

Көркем мәтіннің тілін зерттеу үстінде «функциональдық стиль» басты-басты екі мәселені зерттейді: біріншісі, жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет шығармаларының орны; екіншісі – жеке жазушылардың сөз мәнері мен сөз өрнегі (даралық стилі). Бірінші мәселенің зерттеп білу нысандары көркем әдебиет тілі, жалпы алып қарағанда, «поэтикалық сөз» болса, екінші мәселе жалпы ұлттық әдеби тілдің белгілі бір қаттауы мен өрісін, дәлірек айтқанда, лексикалық немесе грамматикалық нормалары мен көркем тіл нормаларының арақатынасын, өзара қарым-қатынасын және олардың көркем шығармалардың мәтіндерінде көріну үлгілерін зерттеп саралайды. Сондықтан Р.Сыздық зерттеу тілді стильдік (шеберлік), яғни лингвистикалық стилистика бойынша, екіншісі, тіл нормаларының қалыптасуы мен орнығуы, яғни сөз мәдениеті бойына зерттеу қажеттігін ескертеді.

Стилистика саласындағы мамандардың сөздеріне қарағанда, көркем әдебиет стилистикасы – тіл элементтерінің жалпы халықтық қолданысы бойынша көрінеді. Тіл білімінде тілдік нормаларды айқындай, белгілеп беру үшін мынадай талаптар қойылады:

1) тілдің жүйесіне, тілдің өзіндік ішкі даму заңдылықтарына, оның ішінде грамматикалық заңдылықтарына сәйкес келуі;

2) дәстүрлік белгісі, яғни әдеби қалыптасқан нормаға сәйкес келуі;

3) әдетте, қолданылып жүрген узус сөздердің құрамында болуы.³

Жалпы әдеби тіл нормаларының ауытқып қолданылатын, яғни осы нормалардың аясына жатпайтын сөздерді Р.Сыздық мынадай топтарға бөледі:

1) диалектизмдер, қарапайым сөздер, жай, дөрекі сөздер, жаргондар т.б. Бұл топтағы сөздердің кейіпкерлер тілінде жұмсалыуына уәжді ауытқу болып табылады (егер лоар автор сөзінде қолданылса, уәжсіз ауытқу болады);

² Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы, Мектеп, 1987 58 б.

³ Сыздық Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылымы. Алматы, 1970, 11 б.

2) сөздердің мағыналық жағынан ауытқуы яғни олар әдейі жөнімен ауытқыған ыңғайда жұмсалады;

3) сөздердің өзара тіркесу заңдылығын бұзу арқылы ауытқу. Иініне қарай, бұлар кейде уәжді, кейде уәжсіз болып та келіп отырады. Авторлық баяндаулар бөлімінде белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылатын жағдайларды да осы топқа қосуға болады.

Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында қолданылатын сөздердің бірі – күп сөзінің қолданылуын талдайық. «Жан-жағына жалақтап тағы қарады. Енді көзі шалды – анадайдағы қырат күнбатыс бегін тастаққа тіреп, көктұмсықтанып бітеді екен. Шамасы, жаңбыр жауғанда су ұстайтын не күп, не тұран болса керек. Ендеше, бұққан кісінің бөксесін көлегейлей алар бір қалқа табылса, сол арадан табылады». М.Қашқари тілінде (XІғ) күп деген сөз орысша (большой глиняный сосуд кувшин) деген мағына береді. Ескі қыпшақ тілінің бір ескерткішінде (XІҮғ) күб «кувшин, сосуд» деген ұғым тудырады.

Әдеби тіліміздегі күпшектей, күпшектену деген сөздеріміздің түбірі осы күб (күп: б/п) болуы мүмкін. Ауызекі сөйлеу тілімізде «аяғым (қолым, білегім т.б.) күп болып ісіп кетті» деп осы күні де айта береміз. Бұл түбірге жалғанып тұрған – шек жұрнағы туралы пікір айтпай-ақ қойсақ та болады (ол тиісті оқу құралдарынан белгілі морфема).

Жазушы өз еңбегінде белгілі бір сөздің қазіргі қалыбын алмай., оның негізгі түбір тұлғасын алып, пайдаланған.

Немесе күзем кезінде қойды суға тоғытып, аспан (ор, терең, арық, тоғай, сай) толтырылған судан өткізіп, оның жүнін тазалап алуға әрекет жасалады. Алдын-ала дайындап, қой жүзіп өтетін жерді де елде күп дейді. Қой түсетін күптің суына қарамай араластырылады. Дәлірек айтқанда, күп-«шомылатын» (ол тоғытылып өтетін) жер (ол, әрине, қой бататындай етіп құйған, сумен толтырылған болады).

Қазіргі кезде қазақ тілі сияқты қыпшақ тілдерінің тобына жататын Қарайым тілінде күп –«большой кувшин для воды, зарываемые в землю»; купчик (кюпчик)-«сосуд», купчэк- «колесо» (қазақшасы арба дөңгелегінің күпшегі). Сонымен қатар: Кипцек (кипсек)- «колесо»; круг»; кипчак- «колесо», кипчпак куршову «шина, обод; колесница»; кипчек «округ, окружность, круг, колесо, поселог вокруг, около», купчак (купчак)- «колесо», купчик-«вазв». Бұған қарағанда, күп сөзінің семантикалық өрісі мынадай тәрізді: 1) дөңгелек бос қуыс –ор (шұңқыр), яғни бетінің аты; 2) заттың атты (ыдыс, дөңгелек т.б. оларға ұқсас нәрселердің аты); 3) шылау сөздер. Біз әңгіме етіп отырған романда бұл сөздің алғашқы мағынасы туралы сөз болады.

Тұжырымдай келгенде, жазбаша сөйлеу әрекетінде сөзді таңдау лексикалық норманы негізге алады. Сондықтан эксперименттік бақылауда оқушылардың жазба жұмыстарындағы лексикалық қателерді осы лексикалық норма тұрғысынан қарастырдық.

Сөз дәлдігі туралы сапаға қойылатын талаптар әр түрлі. Солардың бірі-сөздерді тілдегі мағынасына лайық қолдана білу. Бұл тұрғыдан мектеп оқушыларында стильді-лексикалық қателер кездеседі:

а) «бұл кеншарда қой басын өркендетіпті» деген сөйлемдегі ойды түсінуге болады, бірақ «өркендету» мағынасында қолданбаған. Атап айтқанда, қой

шаруашылығын өркендету деп айтуға болғанмен, қой басына байланысты санын көбейту деген сөзді қолдану тиімді.

ә) сөздің ұғымы мен мағынасын және статистикалық реңін нақты білмеуден қате жібереді. Сөздерді өз мағынасына сай қолдану, дәлдіктен көз жазып қалу, басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа немесе бір түбірден тарап, дербес мағынаға ие болған сөздерді (паронимдерді) жұмсауда кездеседі. Мысалы: 1.Шешесі сүйектерін сырқыратып орнынан тұрды. 2. Жігіт жусан иесіне еліктеп мас болғанын сезбеді. 3. Мүйізден зерделеген сандықтың құрсау қаңылтырлары ғана жатыр. Бұл жерде сырқыратып емес, сыртылдатып, еліктеп емес елітіп, зерделенген емес зерленген.

б) дәлдікке қатысты мәселенің бірі, зат, құбылыс пен оның атауы сөз арасындағы байланысты жете тани алмаудан қате жібереді. Мысалы: Күздің алтын күрек желі есті деген сөйлемдегі « алтын күрек» деген тіркес күзде емес, халық көктемде қарды ерітетін жылы желді айтады.

в) сөз-белгілі зат пен құбылыс атауы. Сөзді білгенмен оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білгенмен немесе шала-шарпы ғана игерген оқушы дәлдіктен көз жазып қалады. Кейде осы айтылғандар керісінше зат пен құбылыстың дәл атауын, қалай аталуын білмеу, не оған мән бермеу сөз дәлдігінен жаңылуға себеп болады. Мысалы, бота деудің орнына түйенің баласы деп қолданады т. б.

Тіл тазалығына қатысты да оқушылар стильдік-лексикалық қателер жібереді:

1)тілімізде бөгде сөзді қалай болса солай араластырып қолдана береді.Мысалы, остановкада тұр, звонить етті т. б.

2)басқа тілден екінші тілге сөз алу, жаңа ұғымның пайда болу барысындағы жеңіл калькалар кездеседі. Мысалы, түбек дегенді жарты арал, саулық қой дегенді аналық бас т. б.

3) жергілікті говор, диалект сөздерді таңдамай, сараламай қолдану. Мысалы, бойлай (үнемі, өне бойы), бәткерле қылу (әшкереледі), шекейін (дейін, шейін) т. б.

4)ойға басы артық, қыстырм сөздерді жиі қолдану. Мысалы: әлгі, я, мәселен, яғни, сосын т. б.

5) орыс тілінен енген сөздерді қолдану. Мысалы: 1. Алматыда жаңа площадь, дворец бар. 2. Медео – дүние жүзіндегі көрікті де сұлу мұз айдыны. 3. Қала сыртында көптеген дачалар т. б.

Стильді- лексикалық қателер тілдің көркемдегіш және бейнелегіш құралдарын қолдана білмеу бағытында кездеседі.

а) сөзді көркемдік мақсатта қолдануда қате жібереді. Мысалы: Біржан Сараны күшті ақын екендігінен жеңген жоқ.

Мұндай қателерді сөздердің ауыспалы мағынасы мен стильдік реңін жете түсінбегендіктен жіберіледі:

ә) фразеологиялық тіркестердің мағынасын түсінбей қолданудан туған қателер. Мысалы: Біздің балалардың қуанғанынан жүрегі қарс айырылды (жүрегі қарс айырылған адам қуанбайды, қайғырады, ашуланады). Олардың көшесі жүзіктің көзінен өткендей (жүзіктің өткендей деген фразеологизм әдемі,

сұлу мағынасын аңғартқанымен көше, қала, ауыл сияқты мекен-орынды білдіретін жерлерге қолданылмайды).

б) фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздерді өзгертіп қолданудан туатын қателер. Мысалы: Ойға батқан батырдың қабырғасы майысты (қайысты деген дұрыс).

в) фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздердің орнын ауыстырып қолданудан туатын қателер. Мысалы: Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен күн көргендерді сынады (дұрысы: ауырдың үсті, жеңілдің астымен).

Қазіргі әдеби тіліміз – халық тілінің жоғарғы формасы болып табылады. Әдеби тіл дамыған сайын оның қоғамдық қызметі, нормалық жүйесі нығая түседі. Сөйлеу тілі де, әдеби тіл де өзара тамырлас, әрі бірінен бірі нәр алып дамиды, соңғы халық тілі негізінде жасалып, оның құнарлы қазынасынан керегін тандап алып дамыса, сөйлеу тілі де өзінің бұрынғы дәрежесінде қалып қоймай әдеби тіл елегінен өтіп, жалпы халықтық қасиетке ие болған байлықтарын, керсінше, үнемі қабылдап отырады. Бара-бара сөйлеу тілі мен әдеби тілдің алыс-берісі күшейіп, әдеби тілдің екі түрі – жазба әдеби тіл мен сөйлеу әдеби тілі қалыптасады.

Әрбір тілдің сол тілде сөйлейтін қауымдар арасында қатынас құралдық қызмет атқарумен қатар, сол қауымның күресі мен жеңісінің құралы, мәдени өмірінің тұтқасы болып табылады. Әрбір қоғам сондықтан ана тілінің тағдырына немқұрайды қарай алмаған, оны қызғыштай қорып, халықтың мәдени дәрежесін көтеру жолында сол халықтың тілдік мәдениетін – жазу, жетілу, жақсарту талабынан басталып отырған.

Халқымыздың кешегі өткен ойшылдары, ағартушы-ғалымдары, ақын-жыраулары ішінде тіл мәдениетін сөз етпей, тіл шұбарлаушыларға кейістік білдірмей кеткені кемде-кем. Тіпті қазақ даласындағы алғашқы мерзімді баспасөздердің өзі, «Түркістан уаляты», «Дала уаляты» және «Айқап» журналы қысқа мерзімді өмірлерінің ішінде тіл мәдениеті, тіл тазалығы тақырыбына ондаған мақалалар жарияланды. Бұл жағдайлар тіліміздің мәдениеттілігін арттыру, оны шыңдап жетілдіре беру талабының ерте кезден-ақ сөз болып келе жатқан жалпыхалықтық мәселе, ұлттық мәдениет мәселесінің бөлінбейтін бір саласы екендігін аңғарады.

Әдеби тіл туралы түсінік. Тілді сол тілде сөйлеуші халық жасайды. Халық тілінің ең жоғарғы формасы - әдеби тіл. Әдеби тіл көбінесе халық тілі негізінде жасалатындықтан, оны сөйлеу тілінен мүлде оқшау тұрған өзгеше тіл деп тану дұрыс емес. Сонда да оның елеулі ерекшеліктері болады.

Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды. Қазақ халқының жазуы болмай тұрған кезде бай ауыз әдебиеті болды. Ауыз әдебиеті әдеби тілді қалыптастырудың алғашқы лабораториясы, әдеби тілді шыңдаудың әдепкі дүкені болғаны рас, бірақ оның тілі шын мәнінде әдеби тіл деп есептелмейді. Оның себебі – фольклор тілінде жалпыға ортақ бірізділік, әдеби тілге тән басқа қасиеттер бола бермейді, көп жерде, мысалы ертегіде, ауызекі сөйлеу тілінен оның айырмашылығы шамалы-ақ болады.

Сөйтіп, «әдеби тіл» деген ұғым халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты екен. Әдеби тіл жазу арқылы, әдеби мұраларды баспаға басып, жұртқа тарату арқылы, ауызекі тілдің байлықтарын екшеп саралау арқылы қалыптасады. Онда да қағазға, тасқа жазылғанның бәрін, баспаға басылғанның бәрін әдеби тілдің үлгісі деуге болмайды.

Әдеби тіл – жүйелі тіл. Жазба тілдің ілгері даму барысында халық тілінің сөз байлығы, грамматикалық құрылысы ықшамдалады, сұрыпталады, нормаланады; жазу мәдениеті арту арқылы халықтың тіл мәдениеті артады. Сөйлеу тілінде көптеген сөзді әркім әр түрлі айтатын болса, түрліше қолданатын болса, әдеби тілде олар жұрттың бәріне бірдей, бірқалыпты жұмсалады. Ондай бірізділік орфографияда да, әйтеуір, тілдің, тіл мәдениетінің барлық тармақтарында белгілі жүйе – норма болуға тиіс. Нормаға түспеген әрі-сәрі тіл әдеби тіл деп есептеледі.

Әдеби тілдің жазуы –анархия. Тілдің нормалану дәрежесін неғұрлым айқын болса, тілдің әдебиеттік қасиеті соғұрлым жоғары болады.

Әдеби тіл – стильдік тармақтары бар тіл. Әдеби тіл қоғамдық құбылысқа жатады. Ол қоғамның ресми мемлекет тілі болатындықтан, оның қызметі де барынша кең болады. Сол орайда түрлі-түрлі тілдік стильдер пайда болады. Мысалы, XVIII ғасырдың екінші жартысында хандар жарлығының, іс жүргізу стилі, діни әдебиет стилі, өлең-жырлар стилі болады. Бірен-саран газет шыққанмен, ол кезде публицистикалық стиль қалыптаспаған болатын.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің жұмсалы аясы кеңейді. Өміріміздің қилы-қилы салаларында жұмсалатын әдеби тіліміз түрлі-түрлі стильдік өң алып, дамып келеді. Қазір оның мынадай стильдік тармақтары бар: 1. Ресми іс қағаздар – кеңсе тілінің стилі; 2. Публицистикалық стиль (газет-журнал тілінің стилі); 3. Ғылыми-техникалық әдебиеттің стилі; 4. Көркем әдебиет тілінің стилі.

Мұндай стильдік тармақтар әдеби тіл қызметінің артуы, тілдің дамуы нәтижесінде жасалады. Ендеше, тілдің стильдік жүйелерінің саралануы – тілдің әдебиеттік басты белгілерінің бірі. Тілдің стильдік тармақтары неғұрлым сараланған болса, әдеби тілдің соғұрлым буыны қатып, бұғанасы бекігендігі.

Әдеби тіл – қоғамдық қызметі мол тіл. Сөйлеу тілі беттесіп қарым – қатынас жасаудың құралы болса, әдеби тіл, сонымен қатар, өнердің, мәдениеттің, ғылымның, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, кеңсенің, баспасөздің...тілі. Әдеби тілдің біркелкі, әрі жаппай, қоғамның барлық өміріне қатысты бола жұмсалыуы – оның әрі ұлт тілі болуының белгісі.

Сөйтіп, әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл. Бұл жердегі жүйелі қалыпқа түсу деген тіркестің ұғымы линвистикада тілдің нормалануы деп те түсініледі.⁴

Сонымен, тіл мәдениетінің негізі тілдік норма болғандықтан осы мәселені қарастырайық.

Тілдік норма да – тарихи құбылыс. Қоғамдағы адамдардың бәрінің сөйлеу дағдысын, тіл жұмсау мәдениетін бір өлшеммен өлшеуге бір үлгімен пішуге болмайды. Тілді қоғамдық құбылыс ретінде пайдаланушы қоғам мүшелерінің

⁴ Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Мектеп, 1974, 118 б.

ақыл-ой парасаты, білімі, мәдениеті өнер-ғылымға қанықтығы, іс-әрекеті біркелкі емес. Оның үстіне олардың туып-өскен ортасы, тілдік дағдысы бірдей емес. Сол сияқты қоғам мүшелерінің сөйлеу, жазу мәнері де дәрежесі де әр алуан. Жұрттың бәріне міндетті дейтін тілдік тәсілдер, нормалар бар. Тілдік нормалардың тәсілдері – ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан сөздік қор, грамматикалық құбылыс, фонетикалық заңдылықтармен қатар ресми түрде қабылданған орфография ережелері, терминдер және оқулықтар мен оқу құралдарындағы нормативті ереже, нұсқаулар.

Алда тұрған міндеттің бірі- әдеби тіліміздің әр жанрының өзіндік стильдерін айқындау жұмысы. Мұны жете білмей тұрып, әр жанрдың өзіндік ерекшелігін, өзіндік формасын білу мүмкін емес. Сондықтан тіл мәдениетіне сөйлеу мен жазба тілдің айырмашылықтарын стильдік тұрғыдан қарастырып, оны мектеп қабырғасынан, яғни оқушыларға таныту, білдіру қажет.

Зерттеушілерде, ғылыми әдебиеттерде, ауызекі тілде «Сөйлеу мәдениеті» дегенді жиі естиміз. Ал сөйлеудің қайсысы мәдениетті, қайсысы мәдениетсіз болатындығын, яғни сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігін оның жазбаша тілден қандай айырмашылығы бар екенінде. Оқушылардың жазба жұмыстарындағы қойылатын нашар деген бағаның көпшілігіне себепші олардың стилистикалық түрде көрінуі, өйткені қазақ тілін оқытуда мектептердегі тіл дамыту, тіл мәдениеті мәселелеріне көңіл бөлінбейтіндігінде.

Бұл саладағы оқулықтардың барлығы, бүкіл жауапкершілігі, ең алдымен тіл мен әдебиет пәндері оқытушыларына жүктелетіндігі белгілі. Өйткені тіл мен сөйлеу жоқ та, сөйлеу жоқ жерде тіл жоқ. Бірақ соған қарамастан, бұл екеуінің бірлігі тепе-тең бірлікте емес. Тіл дегеннен ондағы бүкіл дыбыстардың, сөздердің грамматикалық формалардың жиынтығын түсінсек, сөйлеу дегеннен ол тілдік элементтердің өзара қарым-қатынасқа келуін, яғни тілдік әрекет үстіндегі күйін түсінеміз. Бұл жағынан алғанда, тіл сөйлеуге қажетті өлі материалдың жанданып, іске қосылуы, адамдардың қатынас айналымына түсуі.

Сөйлеу үдерісінде тілдік материалдар өз бойындағы мағыналық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Бірақ сол мүмкіндіктерді қоғам мүшесінің әрқайсысы өз шама, білім, талғам, танымына қарай пайдаланады. Мысалы, біреулер, тілдік құралдарының өзінің ойын жеткізуде лайықтыларын тандап, қоя білсе, енді біреулерде ондай шеберлік жетіспей жатады. Осыдан келеді де, қоғамдық сипатта тіл жеке адамдардың сөйлеу, жазу үдерісінде даралық сипатқа ие болады. Тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгеше болатындығы да осы мәселеге байланысты.

Сондықтан оқыту ісінде мұғалімдер тілдік материалдарды ғана білгізумен тынбай, оқушылардың сол тілдік материалдарды сөйлеу мен жазуларында дұрыс, дәл іріктеп, тандап ала білу, орынды қолдану қабілеттерін арттыру дағдыларын үйрету қажет. Әдетте, өз білгенінін дұрыс айтып беруге сөйлеу дағдысы жетпей тұрған балаға «тілі жетпей тұрғаны болмаса, білетіндігі байқалып тұр» деп дұрыс баға қоюшылар кездесіп қалады. Бір педагогикалық жағынан кері әрекет, дұрыс емес. Оқушыларға таза, дұрыс, жатық сөйлеуге, әрдайым өзін бақылауға дағдыландыру үшін, олар стилистикалық

орашоландықты, жауапсыз сөйлеушілікті мұғалімнің кешірмейтінін дұрыс сезінуі тиіс.

Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрін қатар дамытып, оның қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне мүмкіндік жасау, түрлі ауытқулардан арылтып отыру, небір күрделі ойдың әр қилы нәзік айырымдарын тіл арқылы дәл, анық жеткізе білуге көпшілікті тәрбиелей түсуге т.б. тіл мәдениетін көтеру деген ұғымды білдіреді. Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті деген терминдер қазір бір-бірінің орнына қолданылып та жүр. Мысалы, М.Балақаев тіл мәдениетіне былайша анықтама берсе: «Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оның барлық сатыларының жүйесін, заңдылықтарын оқушыларға білдіру болса, тіл мәдениеті ілімінің ондағы негізгі мақсаты - әдеби тілде барды дұрыс таңдап, талғап сөйлеуге, жазуға, сауаттылыққа үйрету, олардың тіл мәдениетінің сапасын жоғары сатыға көтеру болмақ».⁵

Ал Н.Уәлиев: «Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізділерді де қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты қарасақ, сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әрқилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды», - дей келе, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдері қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіретіндігін, тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті мәселелері ажыратып көрсетеді.⁶

Әдеби тіл нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. «Тіл мәдениеті» әдеби тіл нормасы туралы білім саласы ретінде пайда болғаны мәлім. Тілдік норма - әдеби тіл туралы ұғымның ең негізгі элементі. Ал әдеби тілдің нормасы дегеніміз не? Бұл жайында түрлі зерттеулер әр қилы пікір айтылып, әр түрлі анықтама беріліп жүрсе де, табиғаты күрделі бұл құбылыстың сыры толық ашыла қойған жоқ.

Бұл жағдай мектеп бағдарламалары мен оқулық, оқу құралдарына да әсер етеді. Атап айтқанда, мектепте оқулық пен оқу құралдарындағы тілдік материалдар, орфография, орфоэпия, тіл білімінің салалары туралы оқытуға берілген теориялық материалдарды әдеби тіл нормасы деп танытады.

Бұл пікірлерге қарағанда, тіл мәдениетінің негізгі мәселесі – тілдік норма. Сондықтан бұл мәселені мектеп көлемінде қарастырайық.

Мектепте тілдік норма тілдің құрылысымен бірге оқытылып, білім мен дағды беріледі. Атап айтқанда, орфографиялық, орфоэпиялық нормалар, пунктуация жазу нормалары сол тілдік категориясына байланысты үйретіледі. Олай болса оқушылардың тіл мәдениетін арттыруға байланысты тілдік нормасын игерту мектеп бағдарламасының көлемінде жүргізуімізге тура келеді.

Әдеби тілдің даму үдерісінде біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан, тіл қоғам өмірімен (ғылымның, мәдениеттің,

⁵ Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. 1989, 9 б.

⁶ Уәлиев Н. Сөз мәдениеті, - Алматы: Мектеп, 1984, 16 б.

әдебиеттің, экономиканың т.т дамуымен) тікелей байланысты болатындықтан, ол үздіксіз дамып, сол даму барысында халық тілінің ішкі мүмкіншіліктері кеңінен пайдаланылып, тіл мен тілдің қарым-қатынасы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады. Екінші жағынан, мемлекеттік, саяси-қоғамдық іс атқару жұмыстары орныққан сайын, баспасөз, әдебиет, экономика, ғылым, мәдениет дамыған сайын тілде бар ала-құла қыруар байлықтардың тиімділері, тілге жатық әрі үйлесімділері, кісінің ой-пікірінің, сезімін, дәл, айқын айтуға жарамдылары сұрыпталып, жалпыға ортақ қалыпқа түсіріліп, нормаға айналады. Осы үдерістерге жол ашатын нысанды жағдайлар жасалып отырған біздің елімізде, әдеби тілді байыту нормаға түсіруге қарайлас болуға тиіспіз.

Тілдік норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуынан да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құруда да, қысқасы, тілдің өн бойында болуға тиіс. Әрине мынаны қолдан, мынаны қолданба деп барлығына бірдей рецепт беру мүмкін емес.

Тілдің нормалану үдерісі үздіксіз жүріп отырады. Бірақ ол үдерісті жеделдететін кез - әдеби тілдің еркін, жан-жақты даму жолына түскен кезі. Әдеби тіл пайда болғанда, халық тілінде бар анархияға, дөрекілікке, қара дүрсін ала-құлалыққа тыйым салына басталады да, таңдау күшейеді. Соның нәтижесінде әдеби тіл белгілі жүйеге түскен тіл болып табылады. Мысалы, XVIII ғасырда араб-парсы тілінен енген сөздердің айтылуында, жазылуында ешқандай тиянақ болмайтын. Соның өзінде сол кездегі әдеби тілде өзіргі «әдет» - «ғадет» болып, «өмір» - «ғұмыр» болып, «күна» - «гүна» болып, «кітап» - «китап» болып жазылатын. Мұндай сөздердің бұрынғы нұсқасын сақтау діни зиялылар арасында күшті болғанымен, қарапайым қазақтар оларды халық тілінің заңына бағындырып, өзгертіп айтатын еді. Осы күні солар әдеби тілдің нормасына айналып кетті.

Қазақ әдеби тілінің әр түрлі даму кезеңінде әр түрлі нормалар болды. Мысалы, XVIII-XIX ғасырлардағы әдеби тілде түрік халықтарының біразына ортақ ескі өзбек (Чағатай) әдеби тілінің нұсқалары норма болса (Мысалы, бірлан, барадұр, айтылмаш, үшбу, міллат, хақихат, уағда, һам, ғмал), Абайлар тұсында әдеби тілдің өлең-жырлардан басқа да нұсқалары халықтық қасиетке ие болғанда, араб-парсы сөздерін, чағатайзмді қазақша айту, қазақ тілінің дыбыс заңына лайықтап қолдану бағыты күшті болды. Ескі норма бірден жойылып, жаңа норма аз күннің ішінде орнай қалмайды. Абай сөздігіне қарап отырсаң, оның алғашқы жылдарындағы шығармаларында, әсіресе қара сөздерінде, араб сөздерін «кітаби дәстүр» бойынша жазғны байқалды. Мысалы: хақим (әкім), ғыззат (іззет), ғұмыр (өмір), ғараб (араб), ғадат (әдет), ғанимат (ғанибет), ғамал (амал), ғайып (айып). Бірақ Абай өзінен бұрынғы әдебиеттің ондай нормаларын кейін бұзып, әлгедей сөздердің қазақ тіліне жатық нұсқаларын жиі қолданды. Сол кейін нормаға айналды.

Қазіргі терминдер жүйесінің тиянақтай бастаған, жаңа бетбұрыс кезеңі 1930-1940 жылдары еді. Сонда осы күнгі терминдер жүйесінің саралануы тек жеке кісілердің, сол кезде бұл жұмысқа көп еңбек сіңірген Қ.Жұбанов, С.Баишов т.б. болды.⁷

⁷ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. Ғылым. 1999, 92 б.

Әдеби тілді нормалау қалам қайраткерінің, ғылым қызметкерінің күшімен баспасөз, мектеп, радио, телевизия арқылы іске асады. Тілді нормалау дегеніміз – бір жағынан, тілде барды сол күйінде қалыптастыру болса, екіншіден, тілде барды өзгертіп қалыптастыру, үшіншіден, тілде жоқты, бірақ әдеби тіл үшін керекті жаңадан енгізіп қалыптастыру болады.

Қатынас құралы болып қалыптасқан тілге реформа жасау мүмкін емес. Бірақ оны нормаға түсіріп байытуға, жақсартуға, икемді етуге болады.

Тұжырымдағанда, әдеби тілдің нормасы дегенді былай анықтауға болады: Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз. Ол тілде барды қоғамның таңдау, талғау елегінен өткізу негізінде және де тілге енген жаңлықтарды үйлесімді бір арнаға салу негізінде қалыптасады. Әдеби тілдің нормалары әрдайым сол түр-түрпатын сақтап қатып қалмайды. Олар да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ондайды нормадан ауытқу дейміз. Әдеби тілді жұмсаушылар тәжірибесінде нормадан ауытқу екі түрлі болады:

1. Жөнімен ауытқу; 2. Жөнсіз ауытқу.

Әдеби норманы белгілі мақсатпен, стильдік өңі болғандықтан өзгертіп қолдану – жөнімен ауытқу болады. Әдеби норманы жөн-жосықсыз бұзып, естіген-білгенін қалай болса солай талғамай қолдану жөнсіз ауытқу делінеді.

Қазақтың әдеби тілінің нормалануы үш түрлі жолымен жүргізіледі:

1. Тілдің ілгері даму үдерісінде оның ішкі заңдарына негізделген жүйелілік пайда болады. Оларды қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қағидаларынан көрінеді. Мысалы, әдеби тіл болмай тұрғанда, қазақ тілінің дыбыстар жүйесінде «үндестік заң» тиянақты орын алатын, морфологияда септеулер жүйесі негізінен бір ізге түскен болатын. Мұндайлар тілдің «табиғи» даму үдерістің жемісі деп есептелінеді.

2. Сондай тілдік дәстүрлерді әдеби тіл бекемдей түсті де, сөйлеу тілінде бар шашыраң қылықты, алаусыздықты жою, тілдік нормаларды орнату үдерісі жүріп жатты. Ол үшін әдеби тілді пайдаланушылар арасында тілді нормалауға бейімделген жалпы бағыт, дұрыс бағдар болды.

3. Халық тілдері мен ұлт тілдерін ілгері дамыту туралы еліміздің дұрыс саясаты негізінде әдеби тілде нормалауға бағытталған көптеген жұмыстар жүргізілді: графика, орфография, пунктуация, терминология мәселелері шешілді; түрлі-түрлі сөздіктер жасалды, қолданбалы және ғылыми грамматика жазылды; баспа тілі жақсарды. Бұлардың бәрі –тілді ресми түрде, мақсатты нормалауға бағытталған жұмыстар.

Жалпы тілдің нормалануы халықтың қарым-қатынас үдерісінде жүргізіледі.

Қарым-қатынас – адамның отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, дерімен, салт-дәстүрімен және мәдениет қатынасымен етене әрі жанды байланысы. Адамдардың әдептілік нормалары тұрғысынан бір-бірімен өзара араласуларын, ауыс-түйістерін, байланыстарын білдіреді.

Қарым-қатынас – адамдардың ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі, олардың күнделікті өмір тіршілігіндегі (әрекетіндегі) бейнесін жасаудағы іс-әрекеті. Жақсы қарым-қатынас жасауды білу және солай әрекет ету - әрбір

адамның міндеті. Ол үшін оқушыларды сол тілдік мұралар негізінде үйрету, жаттықтыру қажет.

Жақсы қарым-қатынас жасау үшін оқушының әуелі әдептілік негіздерін бойына сіңіру шарт. Өйткені әдеп болмай, жақсы қарым-қатынас болуы мүмкін емес. Әдеп – сөйлеудегі, пікірлесудегі мәдениет тірегі.

Тұжырымдағанда, жақсы қарым-қатынас жасау - әдептілікті, мәдениеттілікті, сөйлеу білу, сөйлесе білу мәдениетін меңгерудің қажеттілігін көрсетеді.

Жеке адам мәдениеті деген – адамның ойлау қабілеті, өзінің және айналасындағылардың әрекеттеріне, болмысына талдау жасай білу қабілеті.

Мәдениет – адамның рухани және материалдық, білімдарлық (интеллектілік) пен сезімдік қасиеттері айқын аңғарылатын белгілерінің жиынтығы. Демек, мәдениет сөзінің аясы кең. Соның ең негізгісі – тіл мәдениеті. Тіл, сөз – егіз ұғымда қолданыла береді.

Мәдениеттің негізі – тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып жатады. Әр ұлттың тілі сол ұлтпен бірге пайда болып, дамып отырады. Сондықтан өз тарихына, ұлттық дәстүріне, отанына, туған тіліне деген сүйіспеншілігі артып, қадір- қасиетін арттыра білген адам ғана мәдениетті болмақ.

Сөз мәдениеті – сөздердің мағынасына қарай дұрыс қолдану, сөйлеу әрекетінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап, сауатты жазу, тілдің бейнелегіш және көркемдегіш құрлдарын орынды қолдана білу болып табылады.

Тіл мәдениетінің салалары. Тіл мәдениетінің бір күрделі саласы – сөз байлығы. Сөз молдығы – оралымды тілге қойылар талаптың бірі болмақ. Сөз байлығына мән бермеген оқушының тілі жұтаң.

Актив сөзі тым аз болған сайын ондай оқушының тілінде сөзді мақсатсыз қайталаулар жиі кездеседі. Ал сөзді орынсыз қайталау тілдің қатынас қызметін төмендетеді, ойды дәлме-дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болады. Ал сөзбен көп мағына беру ұстанымы бұзылады. Өйткені айтылатын ойға әр сөздің қосар мағыналық, эстетикалық, эмоциялық т.б. информациясы болады. Ал бір рет айтылған сөздің сөйлем сайын мақсатсыз қайталана беруінен мәтіннің информациялық мазмұны кемиді.

Кейде белгілі бір оқушылардың шығарма мәтінін оқып отырғанның өзінде оқушының сөздік қоры қаншалықты мол немесе қаншалықты төмен екенін түсініп отырамыз. Мәтінге кішігірім стилистикалық талдау жасасақ, осы түсінуіміздің дұрысқа шығатынын көреміз.

Әдетте, зерттеушілер белгілі бір жазушының тілі жайында сөз қозғай қалса, «қаламгер тілге бай, халық тілі байлығын мейлінше мол пайдаланған» тәрізді тұжырымды жиі қолданатынын байқаймыз. Алайда мұндай тұжырым көбіне жуық шамамен айтылады. Әйтпесе жазушының қанша сөз қолданғандығын, қандай жиілікте жұмсағанын, қандай тұлғалармен қаншалықты түрлендіре түскенін нақтылап, санап шыққан ешкім жоқ.

Бұл – тіл байлығы деп аталатын қатысымдық сапаның нысаныды құбылыс екендігін көрсетеді.

Тіл байлығы тек лексикамен ұштасып жатпайды, ол ұғым сөздің лексика-фразеологиялық топтары ғана емес, ана тілінің синтаксистік, морфологиялық

жүйелерін де қамтиды. Өйткені лексикасына қарап кез келген мәтіннің тілі бай деуге болмайды. Тілдің морфологиялық, синтаксистік амал-тәсілдері, лексикалық қазынасы бір-бірімен астаса, ынтымақтаса, тіл табыса келіп, тіл байлығын құрайды.

Бұл айтылғандардың бәрі әдеби тіл арнасының ішінде тек көркем әдебиет сиіне қатысты болып көрінуі мүмкін. Шындығында, сөз байлығы жөнінде көркем әдебиет пен публицистикалық стильдерге қойылатын талапты әдеби тілдің ғылыми, кеңсе стилі тәрізді салаларына қойылатын талаппен әдеби бірдей деп қарауға болмайды. Әдеби тіл нормаларының тіл байлығын аса керек ететін сала- көркем әдебиет. Ал ғылыми стиль немесе кеңсе стилімен салыстырғанда, сөз молдығы – публицистикалық стильге аса қажетті сапалардың бірі. Мәселен, жиналыс, конференция, сессия т.б. қаулы, қарарларын жазуда сөз байлығынан гөрі іс-қағаздарына тән стандартты қолданыстарды қатаң сақтау, кеңсе стиліне тән сөздер мен грамматикалық формаларды талдай білу, синтаксистік құрылымдарды меңгеру алдымен ауызға алынады.

Әрине, сырт қарағанда, тіл байлығы тек жазушы немесе журналистерге ғана қойылар талап тәрізді көрінуі мүмкін. Алайда қоғамдағы бір-бірімен қарым-қатынас жасамайтын қоғам мүшесі жоқ. Оның іс-әрекеті қоғамдық өмірдің сан алуан саласына тәуелді. Дикан, малшы, жұмысшы, дәрігер, мұғалім, оқушы т.б. бір-бірімен ауызша да қарым-қатынас жасайды, сондай-ақ телевизия, радио тыңдап, газет, журнал, кітаптарды оқиды. Мұның барлығына да, тыңдағанда да, басқа біреуге сөйлегенде де, жазғанда да дұрыс түсініп немесе ойды дұрыс жеткізе білу үшін тіл байлығы қажет.

Сондықтан оқушылардың тіл мәдениетін дамытуда ең алдымен сөз және оның мағынасын үйретуден басталады.

Сөз үйрету тіл білімінің лексика тарауындағы зат пен құбылыстың атауы ғана емес, сөздің контекстегі мағыналық қырларын да түгел қамту қажет. Сондықтан сөз байлығын үйрету қазақ тілі курсының өн бойына жүргізіліп отырылатын үдеріс. Сөз үйрету және сөздік жұмысының әдіс-тәсілдері зерттеуіміздің «лексиканы оқыту» тарауында қарастырдық.

Қазақ тіл мәдениетіне байланысты зерттеу, еңбектерді негізге алсақ, сөз дәлдігі туралы қатыстық қызметтегі сапаға қойылатын талаптар әр түрлі. Солардың бірі – сөздерді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Бұл тұрғыдан мектеп оқушылары ғана емес, тіл мәдениетінің айнасы деп жүрген баспасөздерде қателер кездеседі. Мысалы, журналда «Бұл ауылға мен келген кезде қой басын өркендетуге мән берілмей келеді екен» деген сөйлемдегі ойды түсінуге болады, бірақ кейбір сөздің, «өркендету» сөзінің өз мағынасында қолданбағандығын білдіреді. Атап айтқанда, қой шаруашылығын өркендету деп айтуға болғанымен, қой басына байланысты санын көбейту деген сөзді қолдану тиімді болмақ.

Мұндай тілдік құралдарды өз ойын жеткізуде оқушылар жиі қате жібереді. Ол көбінесе сөздің ұғымы мен мағынасын және стилистикалық реңін нақты білмеуден туындайды. Тіпті мұндай қателер күнделікті баспасөздерде де кездеседі.

Сөздерді өз мағынасынан сай қолданбау, дәлдіктен көз жазып қалу, әсіресе басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа немесе бір түбірден тарап, дербес мағынаға ие болған сөздерді жұмсауда кездеседі. Мысалы: 1. Енесі сүйектерін сырқыратып орнынан тұрды (газет). 2. Жігіт жусан иісіне еліктеп, мас болғанын сезбеді (журнал). 3. Мүйізден зерделенген сандықтың құрсау қаңылтырлары ғана жатыр (журнал). Бұл жерде сырқыратып емес, сыртылдап, еліктеп емес елітіп, зерделенген емес зерленген.

Біріншіден, дәлдікке қатысты мәселенің бірі, зат, құбылыс пен оның атауы сөз арасындағы байланысты жете тани алмаудан қате жібереді. Мысалы, газетте: «Біркелкі күздің аңқылдап алтын күрек желі есті» деген сөйлемдегі «алтын күрек» деген тіркес күзде емес, халық көктемде қарды ерітетін жылы жерді айтады.

Екіншіден, дәл сөйлеуге қажетті шарттардың бірі – мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, таңдап қолдана білуге баулу.

Үшіншіден, сөз- белгілі бір зат пен құбылыс атауы. Сөзді білгенмен оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеген немесе шала-шарпы ғана білген оқушы дәлдіктен көз жазып қалады. Кейде осы аталғандар керсінше зат пен құбылыстың дәл атауын қалай аталуын білмеу, не оған мән бермеу сөз дәлдігінен жаңылуға себеп болады. Мысалы, бота деудің орнына түйенің баласы, немесе қырықтықшы деудің орнына қой қырқушы, сақпаншы деудің орнына қой төлдетуші деп сөлекет қолданып тұрады.⁸

Тілде толып жатқан өзара мәндес, мағыналас сөздер бар. Бұл қасиет сөздерді реті келген орайды, белгілі бір мақсатқа сәйкес талғап, саралап дәл жұмсауға мүмкіндік береді.

Алайда мағыналас сөздер бір-біріне қаншама жақын, мәндес болғанымен, олардың бойындағы рең, жұмсалып өрісіндегі айырма стильдік қолданысқа да тәуелді. Сондықтан тіл мәдениетіндегі дәлдік тіл стильдеріне де байланысты болады.

Сөз дәлдігі - әдеби тіл стильдерінің (көркем әдебиет, публицистика, ғылыми, ресми стиль) бәріне бірдей сапа болып табылады. Дегенмен сөз дәлдігі туралы әңгіме болғанда, бұлардың ішінде зерттеушілердің алдымен ауызша ғылыми стилі, іс-қағаздар стилі.

Сөз дәлдігі сөйлеу тіліне де қатысты. Мысалы, емтиханнан бес алды – емтиханнан үздік баға алды; емтиханнан құлап қалды – емтихан тапсыра алмады. Сөйлеу тілінде алғашқы сыңары қолдана береді, ал ресми стильде екінші сыңары қолданады.

Тілде толып жатқан варианттар, мағыналас сөздер бар. Әдеби тілдің функциональдық стильдерінде кейбірінде (сөйлеу тілі, көркем әдебиет) олар белгілі бір мақсатқа байланысты жарыса қолданылып та жатады. Ресми стильде синоним мен вариант сөздердің қолданылуы шектеулі болады. Мысалы, заман, кезең, дәуір тәрізді сөздер синоним ретінде ауызекі стиль мен көркем әдебиет стилінде қолданыла береді. Ал ресми стильде әрқайсысының нақты қолданысы, терминологиялық ұғымы бар. Мысалы: қазіргі заман тарихы, өтпелі кезең, дәуірдің қозғаушы күші.

⁸ Жапбаров А., Мусина М. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту. – А. Кітап, 1989, 58 б.

Тіл мәдениетінің ең бір түйінді мәселесі – сөздің әсерлілігі. Тілді әсерлі етудің алуан түрлі амал-тәсілдері бар. Тіл әсерлілігін сөз, сөйлем, қайырым, тарау, бөлім, тіпті тұтас шығарманың өзіне де қатысты. Әсерлі сөйлеу мен жазудың тілге тікелей байланысты шарттары бар.

Біріншіден, орфоэпиялық норманы сақтау, дауыс, интонация, үн әуезділік арқылы ойды тыңдаушы мен оқушыға әсерлі жеткізу мүмкіндігі. Мысалы, хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің өзіндік интонациясын, диалогтағы кейбір жеке сөздер, қаратпа, қыстырма сөздерді т.б., дұрыс айту нормалары бар қасиетті жасауға көмекші болады.

Екіншіден, ойды әсерлі жеткізудің әдістері сөйлем құрауға да байланысты. Мысалы, сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстыру, бірыңғай мүшелерді пайдалану, ұйқас т.б. пайдалану да әсерлілікті күшейту әдістеріне жатады.

Үшіншіден, тілдегі бейнелегіш тәсілдер мен көркемдегіш тілдік құралдар түгелдей осы тілдің әсерлілігіне қызмет етеді.

Тіл мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі – сөз тазалығы. Тіл тазалығына қатысты алуан түрлі мәселелер бар:

1) Тілімізде бөгде сөздің қалай болса, солай араластырып қолданыла бермеуі. Мысалы: остановкада тұр, звонит етті т.б.

2) Басқа тілден екінші тілге сөз алу, жаңа ұғымның пайда болуы тәрізді заңды құбылыстардың шылауында ілесіп жүрген жөнсіз калькалар тіл тазалығына нұқсан келтіреді. Мысалы: түбек дегенді жарты арал, саулық қой дегенді аналық қой немесе аналық бас т.б.

3) Жергілікті говор, диалект сөздерді таңдамай, сараламай қолдану. Мысалы: бойлай (үнемі), ылғи (өне бойы), бәткерде қалу (әшкереледі), дейін, шейін (шекейін) т.б.

4) Ойға басы артық, қыстырма сөздерді жиі қолдану. Мысалы: әлгі, я, мәселен, яғни, сосын т.б.

Адамдар өздерінің өмірлік серігі, бүкіл тіршілігінің құралы, рухани өмірінің айнасы – тіліне, оның тағдырына бейтарап қарамаған, оны қызғыштай қорып мәпелеген. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам, алдымен, тіл мәдениетін, жазу, сөйлеу өнерін дұрыс жолға қою, оны үздіксіз жетілдіре беру талабынан басталып отырған. Байырғы замандарда пайда болған алғашқы грамматикалық топшылауларды «өнер табысы», «грамматикалық өнер» деп атау, грамматиканы сөйлеу, жазу өнеріне үйрететін риторика, стилистика деп аталатын ғылымдардың пайда болуы айтылғандарды дәлелдесе керек.

Тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы да ерекше мән берген. Ғылым –білім дегендерден алыс жүрген замандардың өзінде де тіл өнерін өнердің өнері, «Өнер алды- қызыл тіл» деп бағалаған.

Тіл ұстартқан халқымыз тіл өнерін мәпелей отыра, сол қадірлісінің қадірін түсіретін, оған жауапсыз қарайтын, сөз мәнісін білмейтін топастыққа да жирене қарап, олар атына ащы да өткір сындар айтқан [25,63]. «Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен», «шіріген ауыздан іріген сөз шығарған» деген сияқты мақал-мәтелге айналып, мірдің оғындай өткір де ащы мысқылдарды тілді бұзушыларға, сөз жүйесін білмейтіндерге қарсы айтқан.

Халқымыздың баяғы заманнан бері қарай келе жатқан осы жақсы дәстүрі біздің заманымызда ұмытылмағаны былай тұрсын, қайта ғылыми негізде дамытылып жүр. Мерзімді баспасөздер беттерінен белгілі болғанындай, алпысыншы жылдар ішінде тіл мәдениеті, баспасөздер сауаттылығы мәселелерін жетілдіре беру ісіне ерекше қарқын беріледі. Бұл салада ұшығып бара жатқан біраз жағымсыз жайттар батыл сынға алынады. Пікір алысулар барысында айқындалған олқылықтарды болдырмаудың, сөйлеу тілі мен баспасөздің мәдениеттілігін арттыру шараларын белгілеу мақсатымен баспа ұйымдары арнайы республикалық кеңес өткізді. Содан бергі өткен уақыт ішінде конференция белгілеген шараларды жүзеге асыру бағытында елеулі істер жасалды, баспа орындарының ұқыптылығы артты, басылымдардың орфографиялық сауаттылығы жақсарды, туған тіліміздің тазалығына, қалыптасқан нормасына кеселін тигізетін тіл бұзарлыққа қарсы бағытталған күрес күшейді. Бірақ алуан түрлі мамандықтар өкілдерінің радио, теледидар арқылы күнбе-күн ауызекі айтып жататын хабарларынан сөйлеу мәнеріміздің, интонациямыз, акцентуациялық құбылыстарымыз, кідірістеріміз тіліміздің артикуляциялық базасына, дағдысына, дәстүріне сай қолдана бермейді. Пікірді ауызекі айтып беру мен жазба түрде беру арасындағы жағдай өзгешелігінен де болар, тіл бұзарлық тілдік материалдардың бей-берекетін кетіріп, талғаусыз қолдана салу жазба тілге қарағанда сөйлеу тілінде әлдеқайда мол және алуан түрде кездеседі. Солардың бірнешеуін атап өтейік.

Қай халық тілінде болса да сөздердің бір-бірімен тіркесуінде орныққан заңдылық болады. Ол заңдылық, біріншіден, сөздердің тіркесімпаздылық қабілетіне, екіншіден, сөздер байланысындағы салаластық немесе сабақтастық қатынасқа негізделеді. Байланыстың соңғысы жетектелуші (бағынушы) сөз, жетектеуші (бағындырушы) сөзден құралады. Өмірдегі сияқты тілде де жетектелуші жетектеушіге ілеседі. Тілде қалыптасқан осы заңдылықтың орынсыз бұзылып, біз бардық онда, қол қойған журналға, оқыдық бұл материалды деп айтуды тілге енген жаңалық, оның сымбаттылығын арттыратын, оны дамыта түсетінін білдірмейді. Ауызекі тілде аяқ басқан сайын кездесіп отыратын тіл бұзарлықтың ең бір өрескел түрі – қазақша-орысша сөздерді орынсыз араластырып, қойырпақ жасап сөйлеу. Мысалы, телевизия хабарына қатысқан кейбір жолдастардың сөздерінде айтылған подсобное хозяйство салдық, маршрут такси жолаушылары, компортабельді, спортивный мероприятияға көп көңіл бөлеміз деген сөйлемдер кездеседі. Радио, телевизия арқылы күнбе-күн беріліп жататын хабрлардың молдығын ескерсек, сол хабарларға қатысушылар сөздерінде кетіп жататын жоғарыда келтірілгендей тіл бұзарлықтың, әдеби тілімізді шұбарлар, оның сиқын кетіретін көріксіз жайттардың қандай мөлшерде екенін шамалау қиын болмаса керек.⁹ Ал ол оқушы тіліне әсер етеді.

Тіл шұбарлаушылық туған тіліміз ішіне екінші бір тілдің сөздерін орынсыз енгізуде, қабылданған терминдарді бұзуда ғана болып жүрген жоқ, сонымен бірге әлденеше ұрпақтың күшімен жасалып, сан ғасырлар бойында жетіліп, қалыптасқан сөйлеу мәнеріміздің, интонациялық, акцентуациялық құбылыстардың, екпін түрлерінің бұзылып, басқа тілдің сөйлеу мәнерімен

⁹ Хасанұлы Б. Ана тілі-ата мұра. А., Жазушы, 1992, 72 б.

айтыла бастауын да сөйлеудегі тіл бұзарлыққа жатқызсақ керек. Жасыратыны жоқ, кейінгі жылдарда жекелеген азаматтар сөздерінен мұндай жайттар да жиі кездесіп жүр. Әрине, бұл сол азаматтардың мәдениеттілігінің, білімділігінің көрсеткіші бола алмаса керек, сондай-ақ ол кейбіреулердің айтатынындай, тілдер жақындасуының да үлгісі емес, тіл тазалығын, тіл мәдениеттілігін бұзатын іс.

Сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы – халық мәдениетінің жоғары болуы, рухани өміріміздің өсуі. Сондықтан радио, телевизия, оқу орындары мен кино, театр, үгіт-насихат орындары елге таратылатын хабарлардың идеялық мазмұнымен қатар соны жарыққа шығаратын тілдің не нормаға сай, бейнелі не тартымды болуына ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл ұйымдар, мекемелер, өздерін тек белгілі бір хабар таратушы деп санамай, сонымен бірге тіл көркемдігін, тіл шеберлігін, тілді қолданудың жақсы үлгісін таратушыларымыз деп санаулары керек. Мұны рухани өміріміз дамуының бүгінгі күнгі маңызды талаптарының бірі, өскелең ұрпақтың тіл мәдениетіне жауапты болуы қажет. Сондықтан оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіру ана тіліміздің нормасындағы тілдің жатықтығы, мәнерлілігі, әсерлілігі, тазалығы сияқты тіл сапаларын игеріп, қатенің не үшін қате екендігін үйрету бағытында жүргізіледі.

Бұл пікірлерге қарағанда, тіл мәдениеті екі бағытпен қарастырылады. Соның бірі – жазба тіл мәдениеті. Ауызекі сөйлеу тілі де, жазба әдеби тілі де бір-бірімен тығыз байланысты. Екеуі де жалпы халықтық тілдің негізінде қалыптасып дамиды. Белгілі тілдік нормаға (дәтүрге) сай жүйеленеді.

Тілдік норма – бір тілде сөйлейтін ұлт (халық) толық қабылдаған, барлығы білетін, түсінетін тілдің материалдық және мағыналық жағынан даму барысында жүйеленіп қалыптасуы, осының заң-ереже жиынтығы.

Т.Қордабаев: «Лингвистикада дыбысты тіл екі салаға бөлініп қаралады. Бірінші саласы – тілдің материалдық жағы, екіншісі- мағыналық, функциялық жағы.

Тілдің материалдық жағына ондағы дыбыстардың, сөздердің, грамматикалық формалар мен үлгілердің жиынтығы жатады. Бұлар тілдің материалдық жүйесін қарайды.

Тілдік норманың жүйесін толық сақтайтын жазба тіл. Соның ішінде жазба әдеби тіл.

Ал жазба әдеби тіл туралы С.Исаев: «Жазба әдеби тіл – жазу арқылы белгілі жүйеге түскен, өңделген, сұрыпталған жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты, орныққан нормалары, стильдік – жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін халықтың бәріне не көпшілігіне ортақ, түсінікті, қоғамдық қызметі әр алуан жалпы халықтық тілдің екшеленген, сұрыпталған түрі», - дейді.¹⁰

Тұжырымдағанда, әдеби тіл – қалыптасқан жүйелі нормаға негізделген, жалпы халықтық тілдің жетілген, ең жоғары сапалы түрі.

Ал, жазба тіл өзіндік ерекшелігіне қарай бірнеше стильдік тармақтарға жіктеледі. Әр әдеби тіл стильдерінің қалыптасқан тілдік нормалары бар. Сондықтан оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыру үшін осы әдеби тіл стильдеріндегі мәтіндердің құрылымдық және тілдік ерекшеліктері игертіледі.

¹⁰ Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. –Алматы: Ана тілі, 1992, 51 б.

Тұжырымдай келгенде, оқушылардың тіл мәдениетін дамыта оқыту жұмысы мына төмендегі жүйеде жүргізіледі:

1. Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы.
2. Қарым-қатынас және сөз мәдениеті.
3. Әдеби тіл нормалары: лексикалық норма, грамматикалық норма, стилистикалық норма, орфоэпиялық норма, орфографиялық норма.
4. Ауызша сөйлеу мәдениеті.
5. Жазбаша сөйлеу мәдениеті.

1.2. Лексикалық норма және оның қолданылу аясы

Сөз байлығы тіл байлығы. Бірақ тілдегі сөз байлығының барлығының жұмсалыу аясы бірдей емес. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі- ақ әдебиетте жиі қолданылып, жалпы халықтық нормаға айналды да, бірқатары қолданудан қалып қойды, немесе өте сирек қолданылады. Сөйлеу тілінде бар біраз сөздер әдебиетте кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды. Мысалы, шаһар, кент, әм, әтеш, бойлай, жүдә сөздері бұрын-сонды жазушылардың шығармаларында кездеседі, бірақ олар әдеби емес те, - қала, және (тағы), қораз, ылғи (әрқашан), әруақытта (өне бойы), өте (аса, тым, мүлде) сөздері әдеби.

Сөздердің әдеби, әдеби еместігін айыру оңай да емес, біреуге асыл көрінген сөз екінші біреуге жасық көрінуі де мүмкін. Әдеби нормаға қай сөз жатады, қай сөз жатпайды дегенді субъективті көзқарас тұрғысынан болжамай, әдебиетте жалпы халыққа бірдей ортақ байлық ретінде жиі қолдана ма, жиі қолданылмай ма деген тұрғыдан болжау керек. Солай еткенде, әшейінде айтыла берілетін ас, шеге, тіс, су, өмір, сұлу, кір, түс, жүгір сияқты қарапайым сөздер де, махаббат, әсемпаз, дидар, жүрек, майталман тәрізді поэтикалық сөздер де, мүсін, құрылыс, өнеркәсіп, радио сияқты терминдік мәні бар сөздер де әдеби тіліміздің сөз байлығы болып есептеледі.

Қазақ әдеби тілінің сөз байлығы жалпы халықтық қасиеті бар байырғы және өзге тілдерден ауысқан сөздерден, ғылымның, өнер-білімнің, техниканың, саясаттың, мәдениеттің... әр алуан терминдерінен құралады.

Сөйлеу тілі мен әдеби тіл тығыз байланыста болғандықтан, екеуіне де ортақ сөздер көп. Бірақ сөйлеу тілінде олар ауытқығыш, құбылмалы болады. Мысалы, «есеп» сөзі бір елде, кейде бір жанұяда түрліше айтылуы мүмкін (есеп, қысап, қисап, хисап), «көшет» сөзін біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін, «құрылыс», «құрам» сөздерінің қайсысы қай мағынада екенін қарапайым шаруа айыра алмай, ауыстырып қолдануы мүмкін. Ал, әдеби тілде ондайға жол жоқ. Онда сөздер анық, дәл, дұрыс қолданылуы тиіс. Сонда ғана ойды ешбір қалтқысыз, мүлтіксіз дұрыс айтуға болады. Ол үшін сөздер әдебиетте жұмсала жүріп әбден қалыптасып кетуге тиіс.

Мысалы, қазақ тілінде «шаруа» сөзі бұрыннан бар болатын. Оған шылық қосымшасы жалғанып «шаруашылық» сөзі жасалды, ол мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, құс шаруашылығы, ауыл шаруашылығы дегендей құрамда айтылып, мағынасы кеңейіп, қалыптасып кетті. Бұрын қазақ тілінде «революция» сөзі болмайтын. Кейін сол ұғым пайда болғанда, әдепкіде

«төңкеріс» деп аталып еді. Әдеби тіл оны қабылдамады да, «революция» сол қалпында, «төңкеріс»- переворот сөзінің орнына жұмсалатын болды. Соның өзінде «революция» сөзі ескі алфавит, орфография бойынша «реуалутса», «револютсиа» түрінде жазылып, солай айтылып, ақырында, жалғыз бұл емес, сол тәрізді көптеген терминдер жөнін тауып, әбден әдеби тілмен жымдасып, тұрақты болып кетті. Сондай-ақ, мысалы, коммунист, психология, философия, геометрия сөздерінің қалыптасу тарихы бар:бір кезде коммунист сөзі «ортақшыл», «кеменис», «көменіс», «кәмунизм» түрінде жазылып, айтылып келіп, бұл күнде олардың бәрі қалып қойды. Психология сөзі – «жан жүйесі», философия –«пәлсапа», геометрия – «пішіндеме», «әндаса» түрінде айтылып жүріп, кейін жазуымен араб, латын алфавиті кезінде ондай терминдерді орысша қалпында қабылданғанмен, талай саққа жүгіртіп бұзып жазатынбыз. Сөйтіп келіп, 1930-1940 жылдары олар дұрыс шешімін тауыр қалыптасып кетті.

Көптеген сөздер осы күнге дейін әдебиеттен берік орын ала алмай, қиыр-шиыр болып жүр, бірталай сөздер екі-үш түрлі нұсқада айтылып, солай жазылып берекесі қашып жүр. Мысалы: масқара – машқара, тізе –дізе, домалақ –дұмалақ, шүберек –шүперек. Сөйлеу тілінде бір сөздің, осылай, түрліше айтылуы, сөздің бұзылып айтылуы, әрине, жақсы емес. Ал, әдеби тілде де солай болса, -оңбағаны. Әдеби тілі жіптіктей халықтарға мұндайлар өрескіл-ақ. Біз шөре-шөре сөздердің дұрысын әдеби тілдің арнасына қарай бет бұрғызуға тиіспіз. Сондай уақыт жетті! Ол үшін дублет сөздердің әдебиетте жиі қолданылатын нұсқаларын әдеби нормаға жататын сөз деп тауып, соларды ғана жаппай жаза беретін болу керек.солардың ішінде екі ұштылары да жоқ емес. Мысалы: айқай-айғай, жиналыс- жиылыс, сұрақ-сұрау, палуан-балуан, ғашық-ашық, адым-қадам. Бұлардың бәрі де әдебиетте жиі қолданылады. Сонда да, бір сыңарларын негізгі етуге келісіп, әдеби нормаға айналдырып жіберуге болады. Бір кезде, мысалы, және-жана, үшін-ұшын, өйткені-үйткені, хат-қат, қазір-кәзір сөздерінің қайсысын жазуды білмейтінбіз. Кейін әлгі сөздердің алдыңғы нұсқаларын қабылдауға патуаласыпедік, бұл күнде соларымыз баянды болған жоқ па? Ондай, түрліше айтылтын сөздер аз емес, оларды да бір сұрлеуге түсіру керек.

Мұндайда қиыны - бір заттың бірнеше сөзбен аталуы. Мысалы, орысша спичка дегеннің қазақ тілінде сегіз аты бар: күкірт, оттық, шырпы, сіріңке, іспіешке, шкпақ, шишакпақ, кеуірт. Орысша «петух» дегеннің қазақша екі аты бар: қораз, әтеш.

Мұндайлардың мынасын әдеби деу қиын. Сонда да, термин сөздерді қабылдап, жұртшылыққа ұсынып, бір ізге салып жібергендей, ондай сөздерге де келісім жасай отырып, жөн сілтеуге болады.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері - әдеби нормаларға жататындары бар. Соларды айыра, таңдап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрандық болар еді.

Сөйтіп, «лексикалық норма» дегеніміз - әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, жалпыға ортақ мағынада жұмсалуды. Нормаға түскен сөз қалпында қатып қалмайды, әдеби тілдің талабына лайық, заңды өзгеріске ұшырап отыруы да мүмкін.

Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер мыналар:

1. Диалектизмдер. Бірқатар сөздер жалпы халыққа бірдей түсінікті болмай, тек кейбір облыстағы, кейбір аудандағы қазақтардың сөйлеу тілінде кездеседі. Олар жер-жерде әдеби тілде бар сөздердің орнына жұмсалуды да мүмкін. Мысалы:

Ә д е б и Д и а л е к т и з м

жаңғақ	шаттауық
жүгері	борми
ылғи	бойлай
көрпе	жуырқан
тәрізді	рәуішті
балапан	шіби
тақия	тебетей
барлығы	әмбесі, әммасы

Жер-жерде әдеби тілде бар сөздердің тұрқын бұзып айту жиі ұшырайды. Олар диалектизм болуы да, ел аузында өзгеріске ұшыраған дөкер сөз болуы да мүмкін. Мысалы:

Ә д е б и Ә д е б и е м е с

шейін	шекейін
сияқты	сиықты
дөңгелек	доңғалақ
түзеу	дүзеу
диірмен	тиірмен
рұқсат	ұлықсат
жиырманшы	жиырмасыншы

Диалектизмдер мен дөкір сөздерді диалогта қолдануға болады, ал автордың баяндауында қолдану тіл мәдениетіне кір келтіреді. Бірқатар авторлар оларға түксие қараудың орнына, қызық көріп жаза салады. Мысалы: «Емешесі құрып», «тырли арық қара қатын» (Ә.Нұрпейісов). «Жақып дүзеліп қалды», «...дізесін бүкті» (Ғ.Мұстафин).

Мұндайды, әрине, әдеби тілдің нормасын бұзу деп қараймыз.

Әдеби тілде бар сөздің мағынасы әр жерде әр түрлі болуы мүмкін. мысалы, елек, елгезер сөздерінің орнына шығыста қалбыр сөзін қолданады екен, ал «қалбыр» әдеби тілде, ұн емес, бидай, арпа, тары сияқты дақылдарды елейтін елеуіш.

Кейбір сөздердің әдеби тілдегі орныққан мағынасы бірнешеу болса, қарапайым сөйлеу тілінде нормға жатпайтын басқа да мағынада жұмсалуды ықтимал. Мысалы, «тіл» дегенді адамның, жан-жанурдың дене мүшесі, адамның сөйлеу құралы деп түсінсек, сөйлеу тілінде оны «сөз» дегеннің де

орнына айтады. Мысалы, Ғ.Мұстафиннің «Қарағандасында» Мейрам былай дейді: «Көмір» деген қазақтың ескі тілі. Тіл тегін жасалмайды.

Әрине, бұл да әдеби емес. Автор бұл сөзді Мейрам емес, сауаты шамалы басқа біреудің аузына салса, жарасымды болар ма еді?

Мұндайға мін таққысы келгендерге, кейбіреулер «Ел аузында бар сөз ғой» деген уәж айтады. қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері - әдеби нормаларға жататындары бар. Соларды айыра, таңдап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрандық болар еді.

Ел аузындағының бәрін қалдырмай әдеби тілге енгізе берсек, батыстағы қазақтардың «Ботташықты іңкәлға салып жесең, сірә жқсы болады»... дегендерінен де қашпау керек қой. Олай етсек, әдеби тілдің өзіндік қасиеттері жойылады, сөздер сөз шеберлігінің талғампаз елегінен өтпей, түбі тесік шелектен аққан судай болады да қалады.

2. Профессионализм. Жергілікті халықтардың кәсібіне, шаруашылығына байланысты сөздері болады. Мысалы, Каспий, Арал, Балқаш өңіріндегі балықшылар тілінде былайғыларға түсініксіз сөздер көп. Сондай-ақ, бау-бақша, мақта, күріш шаруашылықтарымен кәсіп ететін оңтүстік аудандарда сүдігер, көшет, әңгелек, масақ, собық, қарық, атыз тәрізді сөздер бар.¹¹

Мұндай кәсіби сөздердің әдеби тілде баламасы болмаса, оларды әдеби нормаға айналдырып, әдеби тілдің байлығын арттыруға болады. Мысалы, дақыл, собық, атыз, қарық деген сөздер бұрын әдеби тілде қолданылмайтын, қазір бұлар жиі кездесетін болды.

Түрлі кәсіптегі еңбек ерлерін, олардың іс-әрекетін сөз еткенде, сол айналаның сөздерін айтпасақ болмайды. Мысалы, С.Мұқанов «Сырдария» романында күріш егісімен байланысты көптеген сөздерді, Ә.Сәрсенбаев «Толқында туғандар» романында балықшылардың көп айта беретін үкі, шоланда, батаға, талка тәрізді, Ә.Көшімов аңшылар өмірінен жазған повесінде аңшылыққа байланысты көптеген сөздерді енгізген.

3. Дөрекі, былапат және жаргон сөздер. Бұлар - әдеби тілдің, жалпы тіл мәдениетінің ата жауы. Сондықтан олар әдеби тілдің лексикалық нормалары қатарынан орын алуы мүмкін емес.

Лексикада бірізділікті көбірек тілейтіндер – терминдер. Термин дегеніміз - өндірістің, ғылымның, техниканың, өнердің, мәдениеттің даму нәтижесінде пайда болған ұғымдарды білдіретін арнаулы сөздер. Қазақ тіліне термин сөздер, негізінде, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енді. Соның арқасында қазақ тілінде бұрын болмаған революция, шахта, депутат, актер, инженер, роман, мотор, хлор, химия, философия сияқты сөздер пайда болды және де тілде бар сөздер негізінде өндіріс, өнеркәсіп, қоғам, құрылыс, құрам, ғылым, білім, оқулық тәрізді терминдер жасалды. Бұл сияқты терминдердің дені ресми түрде қабылданғандықтан, жұрттың бәрі оларды бірдей, бұлжытпай қолдану керек. Ертеректе, мысалы, география – жағрапия, совет – кеңес, помещик – алпауыт, философия – пәлсапа, партизан – аламан болып айтылатын, не болмаса бір терминді әркім әр түрлі қолдана беретін. Сондай жаман әдет әлі де жоқ емес, әсіресе терминдік мәні бар сөздердің орысша-қазақша нұсқауларын араластыра беретіндер көп. Мысалы:

¹¹ Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы А., Санат. 1977, 191 б.

Ә д е б и

жұмысшы
қаһарман, ер, батыр
жоспар
үгітші
жер серігі

Ә д е б и е м е с

жұмыскер
герой
план
агитатор
спутник

Терминология қай сала да болса да, тек жаңа ұғымның пайда болуымен байланысты дамып отырады.¹² Мысалы, «жазушы», «суретші» мамандық кәсіп болмай тұрғанда, ондай атау да болған жоқ. Кейін ондай жаңа ұғым пайда болған соң, жаз, сурет және т.б. сөздерге –шы, -ші жұрнағын жалғау арқылы жаңа сөздер жасалды: жазушы, суретші, үгітші, тәрбиеші. Осындай тілде бар байырғы сөздерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап, кейде ескі сөздің өзін жаңа мағынаға ие етіп, сөз бен сөзді біріктіріп жасаған жаңа атаулар да көп қазақ тілінде бұрын болмаған революция, шахта, депутат, актер, инженер, роман, мотор, хлор, химия, философия сияқты сөздер пайда болды және де тілде бар сөздер негізінде өндіріс, өнеркәсіп, қоғам, құрылыс, құрам, ғылым, білім, оқулық тәрізді терминдер жасалды. Бұл сияқты терминдердің дені ресми түрде қабылданғандықтан, жұрттың бәрі оларды бірдей, бұлжытпай қолдану керек. Мысалы: науқан, ұйым, үйірме, басқарма, оқулық, шекара, көзқарас, өнеркәсіп, балмұздақ.

Мұндай жаға атаулар да баспасөз бетінде сыналып, мемлекеттік терминология комиссияның ұйғыруымен әдеби тілдің нормасына айналып отырмақ.

¹² Хасенов Ә. Тілі білімі. –Алматы: Санат, 1996, 63 б.

2- тарау Сөз қолдану мәдениеті

Сөздің қолданылу ерекшеліктері.

Тіл коммуникативтік қызметін ауызша да, жазбаша да атқара алады. Тіл дыбыстары әріп арқылы таңбаланады. Нәтижеде оның қатынас құралы ретінде пайдалану өрісі кеңейеді. Жазу – адамзаттың, материяның өмір сүру формасы болып табылатын кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызатын аса бағалы құрал. Олай дейтініміз, ауызекі қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы кеңістігіне байланысты болады да, оның шеңберінен ұзап кете алмайтыны белгілі. Ал кеңістіктің шеңбері құлаққа естілудің мүмкіндігімен ғана өлшенеді де, адамдар ауызша тілдескенде, көзбе-көз жүздескенде ғана бір-бірімен санасып пікір алыса алады. Алайда мұндай салыстыру ауызекі тілдің қызметіне нұқсан келтірмесе керек. Ауызекі пікір алысу күнделікті өмірде аса құнды қызмет атқаратынын ешкім жоққа шығара алмайды.¹³

Жазбаша тілдің ауызекі тілден кейін пайда болған, оның таңбалайтын белгілердің жасауымен байланысты екендігі белгілі. Жазудың пайда болып, соған сай жазбаша тілдің дүниеге келуінің адамзат мәдениетінің тарихында орасан зор маңызы болды. Жазу-сызусыз мәдениет атаулыны, техника прогресін, цивилизация дамуын көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Орыстың көрнекті жазушысы Леонид Леонов жазудың адамзат өміріндегі маңызы жайында былай дейді: «Адамдардың тегін қорлық жағдайдан бөліп алып шыққан, өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың ішінде жазу өте-мөте үлкен қызмет атқарады. Әліпбидің пайда болған күнін адамның өзін-өзі біліп ұғынудың дәуірі деп есептеуге болады. Осыдан кітап басу станогінің пайда болуына тура жол ашылды. Адам өзінің қазіргі биігіне нақ кітап арқылы баспалдықпен көтерілгендей көтерілді».

Адам, қоршаған орта, табиғат, қоғам жайындағы білімді негізінен жазба тіл арқылы хатқа түсірілген, «балталасаң кетпейтіндер» оқу арқылы меңгереді. Адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап, біздің күні бүгінгімізге дейінгі сан ғасырлар бойына ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған күллі мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де – жазба тіл. Алдыңғы ұрпақ жасаған және бүгінгі таңда жасалынып жатқан мол рухани дүниені бізден кейінгі ұрпақтарға, дәуірден дәуірге жеткізетін де – жазба тіл.

Жазудың тарихы өте ерте дәуірден басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар.

Көне жазу нұсқаларын талдап зерттеуде орасан зор маңызы бар. Жазудың тарихын зерттеп білу тіл білімі үшін ғана емес, сонымен бірге тарих ғылымы үшін де, археология мен этнография үшін де маңызы айрықша.

Қазіргі біз пайдаланып жүрген жазу көп кейін туған. Оны былай табушы ежелгі финикийліктер деседі. Олар алфаветикалық жазу деп аталады және ауызекі сөйлеумен тығыз байланысты: графемамен (әріппен) фонема (сөйлеген

¹³ Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. А., Білім, 2000, 76 б.

сөздің дыбысы) белгіленеді. Әр тілде фонеманың саны шектеулі болады, сондықтан да шағын мөлшердегі графамен кез келген ойды білдіруге болады.

Жазудың тарихына көз жіберсек, әріппен таңбалаудың кейінірек болғанын көреміз. Жазу өте ерте заманда жасалып, мыңдаған жылдар бойы өзгеріп, дамып келеді. Жазу жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралады. Ол таңбалар бүтіндей сөзді, не буынды, не дыбысты білдіреді. Жазу жүйесіндегі таңбаларды не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеуіне қарай, жазу мынадай түрлерге бөлініп қарастырылады:

- 1) пиктографиялық жазу
- 2) идеографиялық немесе логографиялық
- 3) морфемографиялық
- 4) силлабографиялық
- 5) фонелографиялық

Пиктографиялық жазу – жазудың ең алғашқы түрі. Бұл – суретке негізделген жазу. Сондықтан оны кейде сурет жазуы деп те атайды. Пиктографиялық жазудың таңбалары пиктограммалар деп аталады. Бұл жазу әр түрлі суреттердің жиынтығынан құралған. әрбір сурет (пиктограмма) өздігінен бүтіндей хабарды білдіре алады. Хабар графикалық жағынан жеке сөздерге бөлшектенбейді. Осыған орай пиктограмма тілдік формаларды емес, оның мазмұнын бейнелейді.

Логографиялық жазу. Пиктографиялық жазудың біртіндеп даму барысында идеографиялық жазу пайда болды. Логографиялық таңба не жеке сөзді немесе атауыш бөлігін белгілейді.

Морфемографиялық жазу. Морфемалармен жазу, жазу белгісі морфемограмма.

Силлабография - «буынды жазу», жазу бірлігі силлабограммалар.

Фонелография – «фонемалар мен жазу» яғни тіл дыбыстарын белгілі таңбалармен белгілеу. Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңба әріптермен таңбаланады. Бірінен кейін бірі рет ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы әліпби деп аталады. Міне, осылайша адамзат бүгінгі жазу үлгісіне жетті.

Орфографиялық норма. Орфография гректің *orfos*-түзу, дұрыс, *grapho*-жазамын деген сөзінен алынған. Орфография деп белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы туралы ережелердің жиынтығын айтамыз.

Орфография тілдегі сөздердің, олардың грамматикалық формаларынан біркелкі жазылу нормасын белгілейді. Әдеби тілдің лексикалық, орфоэпиялық грамматикалық нормасы әрбір сауатты адамға қандай міндетті болса, сөздердің жазылу нормасы да сондай міндетті. Тілдің орфографиялық үкіметтің бекітуі де оның жалпы халыққа ортақ, міндетті екенін аңғартады. Бұл - сөздердің біркелкі жазылуын қалыптастыруға көмектеседі. Біркелкі жазу қалыптасқан тілде сөздің жазылу бейнесі сауатты адамға белгілі сөзді білдіретін бір тұтас жазу таңбасына айналады. Сөздің графикалық бейнесінің адам санасында әбден бекуі сөздерді дағды бойынша дұрыс жазып, тез оқуға көмектеседі.

Қазақ жазуының ең бірінші орфографиялық ережелер жинағы 1914 жылы ғана жарық көрген. Бұған дейін қазақ халқы араб әліпбиін пайдаланып

жүргенімен, қазақ тіліндегі сөздің қалай жазылуын білдіретін ережелер жиынтығы болмаған. 1911 жылдан бастап, баспа бетінде қазақ жазуын жүйеге келтіру, сөздердің дұрыс жазылуын айқындау жайында пікір-талас болып, ол қазақ тілі орфографиясын жасауға әкелді. Сөйтіп, 1914 жылы қазақ тілі орфографиясы пайда болды. Бұл орфография ережелері 1924 жылы толықтырылды, кейбір ережелер өзгеріссіз қалды. Бұл ережелер 1929 жылға дейін қолданылды, 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әліпбиіне көшумен байланысты қабылданған қазақ тіл орфографиясы қолданылды.

Қазақ тілінің қазіргі орфографиясының алғашқы нұсқасы 1940 жылы орыс графикасына көшумен байланысты қабылданған, дәлірек айтсақ, 1940 жыл 10 қазанда Қаз ССР жоғарғы советінің V сессиясы қазіргі қазақ орфографиясын бекітті.

Қазіргі қазақ орфографиясы қабылданғаннан бері екі рет 1957, 1983 жылы ресми өзгерістер енгізілді. Қазақ тілі ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың орфографиялық норманың бір жүйеге түсуінде маңызы зор болды. Әсіресе терминдік мәні бар сөздердің жазылуы басқа тілден енген сөздерге қосымшаның жалғану заңдылықтары тәртіпке келтірілді. Алайда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне келгеннен соң орфографиялық заңдылықтарды қайта қарап, тұжырымдау – уақыт талабы.

Жазбаша сөйлеудің ерекшеліктері.

1. Жазбаша сөзде сөйлемге байланысты қойылатын тыныс белгілерден басқа оны қабылдауға әсер етудің қосымша құралдары болмайды.

2. Жазбаша сөйлеудің логикалық жағына аса қатаң талап қойылады. Алайда қойылатын басты шарт: жазбаша сөз бастан аяқ түсінікті болуы шарт.

3. Жазуда орфографиялық норма қатаң ескеріледі.

4. Автордың көңіл-күйі (сүйсіну, күйіну т.б.) орнын тауып қойылған сөздер мен сөз тіркестері арқылы беріледі. Сондықтан әр сөздің ой елегінен өткізіп айтайын деген пікірге дәл беретін сөздерді таңдап, талғап құрастыру тиіс.

Сөз қолданудың негізгі принциптері. Сөз – ойды білдірудің, сөйлем құрудың басты материалы. Құрылыс материалынсыз үй салуға болмайтыны сияқты, сөзсіз сөйлем құуға болмайды. Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге қатынасты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі.

Сөйлем жеке сөздерден құралғанда, ол сөздер айтылмақ ойдың бірден-бір дәл қондырған бөлшегі тәрізді болу керек. Сөйлемде бір сөздің орнына басқа сөзді қоя салған кісі тіл жұмсаудағы ұқыпсыздықтан болған сәтсіздікке душар болады. Мысалы, - Сіз де бірге жүріңіз дегенді кейбіреулер – Сіз де қос жүріңіз, - деп жазады. Осындағы «қоса» сөзі бұл сөйлемде емес, - сені де қоса алып кетпекші – дегендей орайда айтылуға тиіс қой. Немесе «одан бетер» сөздерін: - Баланың тәрбиесі одан бетер жақсармақ, - деген құрамда жұмсаудың да үйлесімі жоқ. Алпысқа келген аса қадірмен кісінің қуанышты тойын құттықтаған бір азамат:

- Тойың торқа болсын! – деген тілек білдіреді.

- Осы да сөз болып па? Қазақ «Топырағың торқа болсын!» деп өлген кісіге айтар болар еді. Мынау не деген сұмдық?! – деп шошына, қынжыла сөйлеген қартты білемін.

Жазуда, сөйлеуде кісі ойына керекті сөз таңдағанда, олардың стильдік ерекшеліктерін ескеру керек.

Бұдан 20-30 жыл бұрын, әдеби тіліміз қалыптасуға бет бұрғанда, қазақ халқының тіл байлығын сарқа пайдалану үшін, оның керегін әдебиет елегінен өткізіп сұрыптап алу үшін әркім естіген-білгенін әдебиетке еркін ендіре берсін деп қарайтын едік. Әдеби тілдің қалыптаса бастаған кезеңдерінде, тіл жұмсаушыларға берілген ондай «еркіндікті» расында көп пайдасы тиді: Кен асылы жерде, сөз асылы елдең екеніне көзіміз жетті; біреу біліп, біреу білмейтін, не көп қолданылмайтын мыңдаған сөздер әдеби тіл қазынасына енді, жарыса, қатарласа айтылатын түрлі сөздер мен грамматикалық тұлғаларды емін-еркін пайдалана жүріп, соларды сұрыптап керектісін алып, керексізін әдебиетке тілдік норма ретінде пайдаланбайтын болдық. Сонымен қатар мағыналас сөздермен жарыса айтылатын грамматикалық тұлғалардың әрқайсысы әр түрлі стильдік өң алып, тілде жатығып кетті. Баяғыда «қазақтың әдеби тілі де жас, оны есейту үшін жер-жердегі байлықты сарқа пайдаланайын деген болды. Ә.Сатыбалдиев жолдас: «Тіл шұбарлығы неде?» деген мақаласында былай дейді: «Орыс әдеби тілінің көп жылдық тарихы бар... біздің баспасөзіміз де, ғылымымыз да жас қой әлі. Сол себепті біз ата-бабамыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін әлі қамтыта да үлгергеніміз жоқ». Осындай тұжырымға бой ұрушылар жазғанда дарынды, ата-бабаларымыздың аруағы ырза болсын дей ме екен, әйтеуір әдеби тілге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сөздерді де «біздің елде айтады» деп қаптата береді. Жарайды, жейде, дақыл, сүдігер, собық сияқты жергілікті сөздерді кедергімізге жаратайық (солай болып та келді), ал әрқашан, өнебойы, әрдайым деген сөздер тұрғанда, «бойлай» деп жазудың, әдеби тілдегі сияқты, сықылды, тәрізділерді місе тұтпай «рәуішті», «ыспатты» деуде ата-бабаларымыздың қандай ақысы бар?

Жазушы Сафуан Шаймерденов «Мезгіл» атты жинағында әдебиет жұртшылығына онша таныс емес дәлсіз, туыссырап, ізнәрлі, сүлесоктау, үйірсектік, репті, мұғар, шепеті сияқты сөздерді қолданған.

Әрине, жазушы, журналист, басқа да авторлар диалектизмді, ел аузында өзгертіліп айтылатын сөздердің қыбын тауып, орынды қолданса, бір сәрі ғой, тіпті жөн-жорығы жоқ өзгешеліктер жанымызға қатты батады.

Қазіргі қазақты баяғы қазақ деу – қиянат. Ал, қазіргі қазақ тілін «әлі жас» деу – бишаралық. Космосты меңгерген заманда, құлазыған даланы телегей теңіз егінге бөлеген дәуірде мәдениеттің, өнер-білімнің шыңына шыққан қазақ халқының осы күнгі тілін баяғысындай жас деуге болмайды. Әдеби тіліміздің тарихы дәл орыс әдеби тілінің даму, қалыптасу тарихындай болмағанмен, ол әлеқашан «жастықтан» шықты, әдеби тіліміз кемеліне келіп шындалды. Оны енді қызғыштай қорғап, ыбырсық сөзден, тым-тырайғылықтан сақтау керек.

Сөз мәдениетін жетік білу үшін қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу керек. Сөзді көп білген кісінің айтқаны да тартымды болмақ. Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығы ұштан-теңіз, әсіресе мал шаруашылығына, әдет-ғұрыпқа, отбасылық қарым-қатынасқа байланысты сөздер көп-ақ.

Соңғы жылдары қазақ сөздерінің мағыналары сараланып, көп сөздердің мағыналары кеңейіп, орыс тілінен көптеген термин сөздер еніп, оның байлығы арта түсті. Орыс тілінде В.Дальдің сөздігі бойынша өткен ғасырдың екінші жартысында 200 мыңнан артық сөз болған. Одан бергі жерде орыс тілінің сөз байлығы артпаса, кеміген жоқ. Қазақ тілінің сөз байлығының санын дәл айту қиын. Өйткені бізде Дальдің сөздігі сияқты толық сөздік жасалған жоқ, қазақ тілі сөздерінің есебі алынған жоқ. Сонда да, шамамен айтқанда, қазақ тілінде 100 мыңнан артық сөз болу керек. Бұл аз байлық емес. Соның өзі біздің әр қырлы өміріміздің барлық әдеби мұқтажымын өтеп келеді.

Қазақ тілінде сөйлейтін кісілердің сөздік қоры бірдей емес. Үгітші, баяндамашы, журналист, жазушы және басқа интеллигенттер қазақ тілінің сөздерін молынан пайдалануға тырысу керек. Әдетте, білімді, мәдениетті, тіл өнеріне әуестігі күшті кісілердің сөз байлығы да мол болады. Сөз білудің екі түрі бар: кісінің өзі жақсы біліп, жиі қолданылатын сөздері және өзі білсе де, мағынасын түсінсе де, көп пайдаланбайтын сөздері. Адамның білімі, мәдениеті артқан сайын, оның сөзді игеру мүмкіншілігі арта түседі. Әдетте ел арасында көп болған, саяси, ғылыми әдебиеттегі, көркем әдебиетті зейін қойып оқитын кісілер сөзді көп біледі.

Сөзді көп білуге де дарындылық, қабілет керек. Оқымыстылардың айтуына қарағанда, қатардағы интеллигенттің сөз байлығы 4-5 мың шамасында болса, ірі жазушылар мен көрнекті қоғам қайраткерлерінің жиі қолданатын сөздері 15-20 мыңдай болады.

Тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек.

Сөз – көркем әдебиет тұрғысынан алғанда, жазушының, ақынның әсем шеберлігінің материалы, ол – көркем суреттің, образ жасаудың сырлы бояуы. Оны жазушы таңдап, талғап пайдаланбаса, әдебиеттің эстетикалық қасиеті, тәрбиелік әсері барынша солғын, көркемдік сапасы төмен болады. Көркем әдебиеттің сөз байлығы мол, әр жақты және таңдамалы болса екен деген талаптар қойылады. Көркем шығарма тілі – жалпыға ортақ халық тілі болумен қатар, эстетикалық сезімнің, образды ойдың да тілі, сондықтан оған ерекше талғам қажет-ақ. Бұл арада жалпыға бірдей өлшем табу да қиын. Әрбір суреткердің тілдегі сөз байлықтарын игере білу, оның ішкі дүниесіне бойлау дәрежесі түрліше болып келеді: біреу білмеген сөзді біреу біледі, бір сөзді әр ақын-жазушы өзінше «үндеуі», түрлі-түрлі мағыналық орайда қолдануы мүмкін. демек, қандай да бір сөз шеберлері болмасын, олардың әрқайсысы сөз пернесін өздерінше басып, сөз дабылын өздерінше қағады. Соның өзінде жазушы жалпы әдеби тіл нормаларынан жөнсіз ауытқып саяқ кетуге, әдебиет теориясы қағидаларын аяққа басуға тиісті емес. Жазушының әрбір сөйлемі мақсатты ойға сәйкес құралуға тиіс. Мақсатты ойды, оның үстіне, көрікті, көркем етіп жазу үшін керекті сөздерді дәл тауып қиюластырып, грамматикалық ережелерге бағындырып, жалпы халыққа ортақ тілдің басқа да заңдылықтарын сақтап жазу керек болады.

Бұл талаптар жалпы әдеби тілге, соның ішінде көркем тіліне де қойылады. Көркем әдебиет тілінің, сонымен қатар, өзіндік стильдері, өзіне тән ерекше сөз қолдану заңдары болады. Жазушы, ақын әдетте сөздердің табиғи мүмкіншіліктерін (тура мағынасын, көп мағыналығын, синонимдік, антонимдік т.б. қасиеттерін) кең түрде пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтіріңкі мағынада, қанатты сөздер, тұрақты тіркестер және мақал-мәтелдер құрамында пайдаланады.

Көркем әдебиет үшін бұлар да жеткіліксіз. Көркем әдебиетке тән әр алуан көріктеу, шеберлік тәсілдері болады. Сөз шебері шыңдап пайдалануға тиіс. Олар: теңеу, эпитет, метафора, метонимия, кейіптеу, синекдоха, символ, аллегория, иорния, әсірлеу т.б.

Көрікті ойдың көркем суретін салуға жұмсалатын амал-әрекеттің әр қилы бедері, көркемдік кескіні, эстетикалық әсері болады. Бұлардың шегі жоқ. Қай тілде жазылған көркем әдебиет болса да, оның еңсесі қаншама биік, тарихы ұзақ болғанымен, тілдің мол мүмкіншіліктерін сарқа пайдаланып тауысуға, біткен жері осы деп отыруға болмайды. Оларды әр жазушы өзінше, түрлі құрамда, әр түрлі ыңғайда, кейде бірін-бірі қайталап та қолдана береді. Соның ішінде тек дарынды, ысылған, қаламы әбден төселген сөз шеберлерінің ғана жазғандары өнебойы гүл шашып тұратын әсем өсімдіктей, өзінің сонылығын, әсемдігін жоймайды. Жасанды сәнқойлық, сірескен «сымбаттылық» ойқастаған нәрсіз ойнақылық, тілдің «табиғи» заңдарынан аулақ кеткен «жаңалық», - бәрі де, біздің дәстүрімізге жат нәрселер. Сөз бояуын қоюлатқан сыртқы сұлу, ішкі қуыс мынандай сөйлемдерден без: «Шынайы ойының түбегейлі тереңіне бойлады». «Алқынған жүрек лепірген көңілдің ұшар шыңына самғады», бояуы баттиған «әсем» сөйлем құрауға әсіресе жас жазушылар үйір келеді. Бір мысал: «Тыңдаушының аңқау көңіліне сол сәтінде дүниеде жоқ үрей ұрлана кіріп, жанын тұтқындай бастағанда, алыстағы үміт отындай жылылықты әкеп сізге тарту етеді де, манағы бір өзіңіз айырылып қалған жүрегіңіздің қуаныш ұшқынын қайтып беріп сүйіспеншілігіңізге бөленер еді».

Көркем әдебиеттің сөздік құрамының негізі жалпы халық тіліндегі сөздер болады. Сөз өнерінің шеберлігі – ақын, жазушы, драматург, очеркист, - бәрі де халық тілінің байлығын пайдаланады. Бірақ олардың бар сөзді білу, пайдалану дәрежесі бірдей емес. Тек ірі суреткер жазушылардың ғана сөз байлығы өзгеден ерекше мол болады. Олар өзіне керекті, тілде бар сөздерді молынан пайдаланып қана қоймайды, сонымен қатар өздерінің шығармашылық әрекетінде жаңа сөз жасауы да, бар сөздерге қосымша стильдік қызмет беріп, олардың икемділіктерін арттырып отыруы да мүмкін.

Жалпы алғанда, көркем әдебиетте қолданылмайтын сөздер кемде-кем. Кейде, ретіне қарай, керегінде қарапайым сөздер де, диалектизмдер де, белгілі кәсіппен, ғылым, техникамен байланысты сөздер де көркем әдебиетте қолданыла береді.

Сөздерді қалай болса – солай жұмсай бермей, саралап, талғап жұмсау, жаңа сөздерді жазушының талғампаздық ой елегінен өткізіп орынды жұмсау – ақын-жазушының шеберлігімен байланысты. Мысалы, М.Әуезов «Абай жолында» бұрын бізге әдебиетте кездеспеген «қыжыртпа» (шамасы «жақтырмай» деген мағынада болу керек); «қыжылданған» (шамасы

«ызаланған» деген болу керек) сөздерін қолданыпты. Абайды Жұман ішінен қыжыратып отыр.

Көркем әдебиетте аздап болса да, жаңа сөз жасау үдерісі жүріп жатады. Олар қазақ тілінің «материалы» негізінде сәтті жасалған болса, әдеби тіл қабылдайды да, жасанды тұрпайыларын қабылдамайды. Ысылған сөз шеберлері тіл стихиясында құл болмайды, өздерінің оған тигізетін игілікті әсері болады, жаңғырған сөз, соңы сөз тіркестерін жасайды.

Тұрақты тіркесудің қолданылуы. Тілдің әрі ұғымды, әрі сымбатты байлықтарының біразы – тұрақты тіркестер: мақал-мәтелдер, фразеологиялық тізбектер, қанатты сөздер.

Бұларды әсіресе көркем әдебиетте, публицистикалық әдебиетте, көпшілікке арналған лекция, әңгімелерде мол пайдаланады. «Жел үп етсе болғаны, қалың қамыстай тары сыбдыр қағып, сыбырласа жөнеледі» (Ғ.Мұстафин) тәрізділер көркем әдебиет стиліне тән. Шаруаларға тары өндіру туралы жасаған баяндамада солай сөйлеу ерсі болар еді. Бірақ, баяндама, лекция, әңгіме тілін жандандыру үшін әдеби тілде бар кестелі сөздерді пайдаланудың ешқандай ерсілігі жоқ, қайта олар ұтымды сөздің аса керекті элементтері болады. Олар мыналар:

Мақал-мәтелдер – халық даналығының айнасы, оларды тудырған халықтың тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі болып келеді. Олардың «бәрі заңның, өсиеттің, ереженің күшіндей күші бар қысқа-қысқа нақыл сөзге айналып, тілде сақталып қалады».

Мақал-мәтелдер аз сөзді, терең мағыналы әрі ұтымды болатындықтан, сөйлеген сөзде пайдалана білу керек –ақ. «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал» дегендей, мақал-мәтел сөзіне әр береді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бәрі бірдей ұстамды емес: біздің қазіргі идеологиямызға жанасымды, тәрбиелік мәні зор өнегелілері бар да, ескі өмірдің кертартпарлары шығарған ұстамсыздарды да бар. Оларды таңдап, талғап орынды жерінде пайдалану керек. Осы талаптар тұрғысынан кейбір өткір нақылдарды керсінше, не аздап өзгеріс енгізіп, қазіргі өмірге жанасымды етіп пайдалануға да болады.

Фразеологиялық тіркес – кісінің ойын мәнерлі түрде айту үшін жұмсалатын сөздер тобы. Ондай тіркестер әдетте тұрақты болады. Олар «идиомалық тіркес», «фразалық тіркес» деп екіге бөлінеді. Идиомалардың білдіретін мағыналарына олардың құрамындағы сөздердің мағыналары қатыспайды, мүлде басқа мағынада, сол тұрақты қалпында ойды әсерлі, көрікті етіп айту үшін жұмсалады; олар мынандай тіркестер: қара қылды қақ жару, қой үстіне боз торғай жұмыртқалау, жүрегі шайылу, қас пен көздің арасында, қой аузынан шөп алмау, тіс қаққан, сіркесі су көтермеу, аузымен орақ ору.

Фразалық тұрақты тіркестер де ауыспалы мағынада жұмсалады. Олардың идиомалық тіркестерден айырмашылығы – құрамындағы сөздердің әдепкі мағынасы айтылған ойға қатысты болады. Мысалы,: тіл алмау, көз қырын салу, жаны ашу, түймедейді түйедей ету, басына әңгір таяқ ойнату, үрейін ұшыру, тасы өрге домалау, жар құлағы жастыққа тимеу, тырнақ астынан кір іздеу. Бұл топқа мынандай тіркестер де енеді: аузынан тастамау, қайратқа міну, күш

жұмсау, қолқабыс ету, шамасы келмеу, қолынан келмеу, көзі түсу, басы қату, ойын бөлу.

Фразеологиялық тіркестердің қолдана білу – тіл білудің бір белгісі. Халық тілін жақсы білетін кісі тілдің осы байлығын да молынан, дұрыс қолдану арқылы ой өрнегін түрлендіріп, ұтымды, түсінікті, ықшамды етіп салады. Сондықтан әрбір мәдениеттің, сауатты кісі, тілге шешен болғысы келген оқушы, студент халық тіліндегі тұрақты тіркестерді көңілге тоқи жүріп пайдалануы тиіс.

Идиома, фразалық тіркестердің бір тілде қалыптасқан құрамын, жөн-жорығы жоқ, өзгертіп айтып, жазуға болмайды. Мысалы, «табан астында» дегенді «Табан аузында», «Қаға берісте қалып қойды» дегенді «Қаға беріске қарай айнала берді» (С.Шаймерденов) тәрізділер кездеседі.

Бір тілде бар идиомалық тіркестерді екінші тілде сөзбе-сөз аударуға болмайды. Өйткені олардың білдіретін мағыналары құрамындағы сөздердің мағыналарынан құрылмайды, мүлде басқа ауыспалы мағынаны білдіреді.

Соңғы жылдары аударма арқылы қазақ тілінде «Ештен кеш жақсы», «Талабы зор-ақ, тағдыры дозақ», «Балық та емес, ет те емес», «Қасқыр да тоқ, қой да аман», «Ауыр жүкке жегілме, жегіле қалсаң, егілме» тәрізділер аударма арқылы еніп жүр. Енгені жақсы.

Фразеологиялық тіркестерді қолданудағы бірқатар қателер олардың құрамындағы сөздердің тұлғасын өзгертіп айтудан болып жүр: мысалы, «сіркем су көтермей тұр» дегенді «сіркесі су көтереді» деу т.б. дұрыс болмайды.

Көркем әдебиет шеберлерінің жазғандарында тұрақты тіркестер құрамын әдейі өзгертіп, не араларына басқа сөздерді қосып айту кездеседі, бірақ олардың көбінде ерекше стильдік өң болады. Мысалы, «Көзімнің жасы көл болды» дегенді күшейтіп айту үшін С.Торайғыров: «Көз жасым көктен құйған жауын болды» деп жазады.

Қанатты сөз - ұшқыр ойдың қанаты. Оны көп біліп, сөзде, жазуда жұмсау білу – үлкен өнер. Қазақ жазушыларының қанатты сөздерді халық тілінен өзгеден алып, өздері жасап қолдануы тегін емес. Онда үлкен шеберлік қасиет бар. Сондықтан, мысалы, Ғ.Мұстафин «Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көп», «Нөсер алдында нажағай ойнайды», «Қызыл темір суға салса, шыжылар да шынығар» тәрізді ел аузында барды өз орнына орынды пайдаланумен қатар, өзі де солардың үлгісімен: «Сыншының бәрі бірдей мінші ме?...» «Көп алдында көсем пікір ойнайды», «Қызба жүрек суық сөзден дір етер де суынар» тәрізді қанатты сөздер жасалған. Мұндайды шеберлік демеске болмайды.

2.2. Тілдің лексика-фразеологиялық тіркестердің сөйлеудегі (жазудағы) қолданысы.

Тіліміздегі фразеологиялық тіркестер – лексиканың ең бір айшықты бай саласы. Бұлар өзінің экспрессивтік –эмоциялық әсерлілігімен көзге түседі. Фразеологиялық тіркестер көркемдік қасиетіне орай көркем шығармада молынан қолданылады.

Фразеологиялық тіркестерді қолдана білу – тіл білудің үлкен белгісі. Халық қазынасы болып табылатын фразеологизмдерді жақсы білетін кісі ой өрнегін түрлендіріп, ұтымды, түсінікті, ықшамды етіп береді. Сондықтан әрбір мәдениетті, сауатты кісі, тілге шешен болғысы келетін студент халық тіліндегі тұрақты тіркестерді көңілге тоқи жүріп пайдалануы тиіс.

Сонда фразеологизм дегеніміз не? Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы бір тұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік, әдетте, фразеологиялық тіркес деп атайды. Мысалы: қас қаққанша, көзді ашып жұмғанша, ит арқасы қияда, тайға таңба басқандай, үріп ауызға салғандай, ат үсті қарау, ата мекен, су ми, су жүрек т.б. сияқты сөз тіркестері фразеологизмге енеді. Мысалы, Басқарма маған мына бір сөзді мірдің оғындай қадап айтып еді. Салым суға кеткендей жабырқау тартып үйге келсем, жастығымның үстінде Шегеннен келген хат жатыр екен.

Фразеологизм мен күрделі сөздерді салыстыру. Мысалы, бас тарту; 1. Байсал ақсақалға қой сойып, бас тартты. 2. Бауыржан олрады қоштаудан бас тартты. Жағасын ұстау; 1. Марат келіп Мұқанның жағасынан ұстай алды. 2. Шұбар соны есітіп жағасын ұстап келді.

Қазақ тілінде фразеологиялық тіркестер үшке бөлінеді: идиома, фраза және мақал-мәтелдер.

1. Идиомалардың білдіретін мағыналары олардың құрамындағы сөздердің мағыналары қатыспайды, мүлде басқа мағынада, сол тұрақты қалпында ойды әсерлі, образды етіп айту үшін жұмсалады. Мысалы: қара қылды қақ жару, аузымен орақ ору, қой аузынан шөп алмау, қой үстінде боз торғай жұмыртқалау т.б. Бұл идиомалардың білдіретін мағыналары осы тіркестерді құрастырушы сөздердің мағыналарынан келіп шықпайды. Мысалы, аузы-мұрны қисаймастан деген идиоманың білдіретін бір бүтін мағынасы осы тіркестің құрамындағы аузы-мұрны және қисаймастан деген сөздердің білдіретін мағыналарына мүлдем сәйкеспейді.

Идиома ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесінен жасалып, өзінің даяр қалпында жұмсалады. Мысалы, мидай дала, асқар тау, шалқар көл, ата мекен, ата жау, аталы сөз, су жаңа, қыпша бел т.б. осы сияқты тұрақты сөз тіркестері енеді. Идиоманың құрамындағы ерікті мағынасындағы сөз алуан түрлі сөздермен тіркесіп жұмсалуға икемді болса, фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөз бір не бірен-саран сөзбен ғана тіркеседі. Мысалы, мидай дала, шалқар көл деген сөздер әр түрлі сөздермен тіркесіп жұмсала берсе (жазық дала, кең дала, ұлан-ғайыр дала, терең көл, кішкене көл т.б.) фразеологиялық байлаулы мағынасында мидай сөзі дала сөзімен, шалқар сөзі көл сөзімен ғана тіркеседі.

2. Тіліміздегі тұрақты тіркестердің бір түрі – мақал- мәтелдер. Олар халық данышпандылығының айнасы. Сонау атам заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшелеп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі мақал-мәтелдердің ерекше қасиеті көлемінің шағындығы, мазмұнының кеңдігі, тілінің өткірлігі, мағынасының тереңдігі. Әрі ол барлық халыққа бірдей әсерлі, жалпы адамзатқа ортақ, көңілге қонымды, ұтымды келеді.

Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі болып келеді. Мысалы, «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұттан бол!», «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас!» - десе ата-бабамыз, қазіргі солардың ұрпағы біз оны қалай мансұқ етіп, бекер дейміз?!

Мақал-мәтел аз сөзді, терең мағыналы, әрі ұтымды болғандықтан, сөйлеген сөзде пайдалана білуі жоғары мәдениеттілікті, ойлылықты байқатады. Өйткені «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал» дегендей мақал-мәтел айтылайын деген ойға мазмұндылық дарытады. Мысалы, «Шегірткеден қорыққан егін екпес», «Еңбек түбі – береке», «Еңбексіз егін бітпес, оқусыз білім бітпес» сияқты мақалалар еңбекті ұйымдастыру барысында әңгімеде пайдалану сөз мазмұнын жандандыра түседі.

Осындай орынды қолданған мақал-мәтелдер ауызекі сөзде де, жазбаша сөйлеуде де шешендік, көркемдік элементтерінің бірі болғандықтан халықтың тіл байлығын қадір тұтып, тіл өнерін үйренемін деушілер оларды көп біліп, дұрыс пайдалануы қажет. Мақал-мәтел адамды бейнелі ойлатуға үйретеді.

3. Қанатты сөздер. Қанатты сөздерді айтылатын оймен орайластырып дұрыс қолдана білген адамның сөзі мірдің оғындай өткір, көңілге бірден ұялай қалатын, дәл, әрі көркем болады. Бұлар бұрын-сонды шешендер мен көркем ақын-жазушылардың аузынан, қаламынан шығып жұртшылыққа тарайды да, олар бүкіл халықтың қасиетіне ие болып, жалпылық сипат алады. Мысалы, «Кімнің тарысы піссе, соның тауығы», «Соқыр тауыққа бәрі бидай», «Сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды», «Ит үреді, керуен көшеді», «Сырдың суы сирағынан келмейді» сияқты қанатты сөздерді о баста қашан? кім? Айтқаны белгісіз, сондықтан олар халықтың нақыл сөздері деп айтылады.

Бірқатар қанатты-нақыл сөздердің авторы белгілі. Мысалы, «Баяғы жартас бір жартас», «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» (Абай), «Достың сыры досына паш» (С.Торайғыров), «Жаңылмайтын – жақ, исүрінбейтін тұяқ жоқ».

Қанатты сөздер – ұшқыр ойдың қанаты. Айтылатын ой-пікірдің көркем бейнелеудің құралы. Оны көп біліп, сөйлеуде, жазуда сөйлей алу – үлкен өнер.

Қорыта айтқанда, көркем тілмен бейнеленген кестелі сөздерді жазған (не сөйлеген) кезде өз сөзінде пайдалану – тыңдаушылық құлақ құршын қандырып, ойына ой қосып, қиялына қанат бітіреді. Сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғамын арттырады. Сөйлеуші тіліндегі қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, ұшқыр да ұтымды афоризмдер айтылатын ойдың ажарын ашып, көркемдігін арттырады. Тыңдаушының зейінін өзіне еріксіз аударады.

Тілдік қарым-қатынаста кездесетін лексикалық тұлғаның бірі – тұрақты сөз тіркестері.

Тілдік қатынастың жүзеге асуы хабардың (ақпараттың) айтылуына, жеткізілуіне, қабылдануына тікелей байланысты. Қандай болмасын, хабардың түрі тілдік қарым-қатынас арқылы лексикалық тұлғалардың қатысымен жүзеге асады. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік бөлшектердің де, тұрақты тіркестердің де өзіндік атқаратын қызметі бар.

Сөз жеке тұрғанда зат не құбылыстың аталымы ғана болып табылады. Ол басқа тілдік тұлғалармен өзара мағыналық байланысқа түсіп, ойды жеткізу арқылы қатысымдық қызмет атқарады. Бірақ сөздің жеке қолданылуының екінші жағы да бар. Егер сөз белгілі бір ойды жеткізу мақсатында атаулы

сөйлем ретінде қолданылса, ол дербес лексикалық тұлға есебінде емес, қатысымдық тұлға тұрғысында жұмсалады.

Қатысымдық тұлға ретінде жеке сөз бен тұрақты сөз тіркестерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Егер сөз хабар беру мақсатымен қоса жауап алуды қамтамасыз етсе, онда бұл қатысымдық әрекеттің жүзеге асқандығын білдіреді, ал тек баяндау үшін айтылса, ол хабарлау (информация) ғана болып табылады.

Тұрақты сөз тіркестерінің қатысымдық ерекшеліктері олардың құрамында бірнеше сөздердің тіркесіп келуі жағынан көрінбейді, керсінше, сол бірнеше сөздердің қатыса келіп, әрі атаулы, әрі экспрессивті мағынаны білдіру арқылы қатысымдық және ақпараттық мәнге ие болуына қатысты қарастырылады. Мысалы, «қой аузынан шөп алмас» деп айту арқылы адам мінезінің жуастығын, момындығын атап қана қоймай, сонымен қатар оған мінездеме де беріп, оның өзіндік ерекшелігін сипаттаймыз. Осындай мінездеме берілген жанмен қандай қарым-қатынас жасауға мүмкіндік болатындығын да түсініп, соған қарай өзімізді бейімдейміз.

Жалпы, тұрақты тіркестің мағыналық, экспрессивті-эмоциялық ерекшелігіне сай адамдар арасындағы қатысымдық байланыстың алғышарттары қалыптасады. Қатысымдық қасиеттеріне қарай фразеологиялық сөз тіркестері мағыналары жағынан ұқсас болып келуі арқылы бір-бірімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсалады. Мұндай жағдайда мағыналары сәйкес бірнеше сөздер бірыңғай синонимдік қатар жасайды. Бұл тұрақты тіркестердің мағыналық, экспрессивтік сипаты бір-бірімен күшейе түседі де, сөйлеу тілінде заттың, құбылыстың сын-сипатын айқындай түсу үшін пайдаланылады. Мысалы: тайға таңба басқандай – соқырға таяқ ұстатқандай – бесенеден белгілі – айдан анық т.б. Мұндай бір синонимдік қатарға бірнеше тұрақты сөз тіркестері бірігіп келіп, ашық, белгілі, айқын деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұл тіркестер өте айқын, тым ашық, анықтың анығы деген экспрессивтік мағынаға да ие болады.

Қазақ тіліндегі сын есім синонимдері бірде фразеологиялық сөз тіркестерінің жеке сөзбен синонимдес болып келуі арқылы жасалса, бірде фразеологиялық сөз тіркестерінің өзара синонимдес болып келуі нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан ақпараттық және қатысымдық мәнге ие болатын сын есімге қатысты фразеологиялық сөз тіркестерін екі топқа жіктеуге болады. Бірінші – фразеологиялық сөз тіркестерінің бір-бірімен өзара мағыналас болуы нәтижесінде пайдаланылатын тұрақты сөз тіркестері. Екінші – фразеологиялық сөз тіркесінің жеке сөздермен мағыналық жағынан ұқсас келуі нәтижесінде қолданылатын тұрақты сөз тіркестері. Мысалы: мұрнын көкке көтерген, кеудесіне нан піскен, кеудесі зор; тонның ішкі бауындай-қыл өтпестей, сүттен ұйыған; бір ұрты май, бір ұрты қан шаш ал десе, бас алатын т.б. Немесе, аяғының желі бар – жүйрік; әліпті таяқ деп білмейтін – сауатсыз; ағаштан түйін түйген – шебер т.б.

Тілдік қолданыста жеке сөздерге қарағанда, тұрақты сөз тіркесінің баяндау, хабарлау, әсіресе сипаттау ерекшелігі басым. Сондықтан да қатысымдық қызмет атқаратын фразеологиялық сөз тіркестері жеке сөзбен мағынасы жағынан сәйкес болғанымен, тепе-тең бола алмайды.

Фразеологиялық тіркестер сөздерге тек балама болады да, эмоциональды-экспрессивті реңкті білдіреді. Осындай қасиетіне байланысты фразеологиялық сөз тіркестері көбінесе стильдік мақсатта жұмсалады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі пәнін оқыту кезінде лексикалық білім беру барысында оқушылар сөздердің лексикалық мағынасын игеру ғана емес, оның сөйлемде пайдаланылуы, грамматикалық мағынасы және ол мағынаның қолданылуы бойынша жаттықтыру жұмыстарын жүргізеді. Бұл дағдыландыру жұмысы сол сөз бен сөз тіркестерінің сөйлеу әрекетіндегі мақсатқа сай қолдана білу икемділігін арттыра отырып, сөздік қорын саны жағынан ғана емес, сапа жағынан да арттыруға ықпал етеді.

Мектеп оқушыларына лексика туралы білім берумен бірге ол сөздердің қолданылуы, лексикалық стилистика туралы мәлімет беру оқушының тілін дамытуға ықпал етеді. Мәселен, синоним сөздердің мынадай қасиеттері үйретіледі:

1) Лексикалық синонимдер белгілі бір стильге бағынып, ерекшеленіп қолданылады. Мұндай ерекшелікті белгілі бір синонимдік қатардың құрамындағы сөздердің қолданылуынан аңғаруға болады. Мысалы, «көк», «аспан» деген синонимдік қатардың құрамындағы «аспан» сөзі, «жер жүзі», «жер шары» деген синонимдік қатардағы «жер шары» тіркесі көбінесе ғылыми стильге (астрономияда) қолданылады. Мысалы: халық, жұрт, әлеумет, халайық деген синонимдік қатарлардың құрамындағы сөздерді қолданылу жағынан салыстырып қарағанда (жұрт, әлеумет, халайық) бірінші синонимдік қатардағы «халық», жұрт» дегендердің жалпылама қолданыла беретіндігін көруге болады. Осы синонимдік қатардағы «жұрт, әлеумет, халайық» деген сөздер көбінесе поэтикалық тілде қолданылады да, ауызекі тіл стилімен байланыста болады.

2) Синоним сөздер қолданылуда бір-бірінен мағыналық және стильдік ерекшеліктерімен көрінеді. мысалы, Базарлы науқасынан оңалып, қайтадан азамат қалпына келгенде, қараша үйлердің үлкен-кішісі түгел қуанды (М.Әуезов). Петербургтағы үлкен достар - Әбішке қатты сақтандыру айтқан. Бұнда жаңа басталуға мүмкін болып аңғарылған ауру бар. Қаны қатты азаюмен аралас өкпесіне ілінген сырқат бар (М.Әуезов) деген сөйлемдердегі «сырқат», «ауру», «науқас» деген синоним сөздер берілетін ойға таңдап алынған. Өйткені соңғы сөйлемдегі «сырқат» деген сөздің орнына «ауру», «науқас» деген сөзді қойса, ол сөйлемнің стильдік мәні бұзылған болар еді. Мұнда жазушы «сырқат» сөзді «ауру» деген сөздің мағынасына қарағанда тар, жұмсарта қолданылған.

3) Синоним сөздердің айтушы мен жазушы бір зат пен құбылысқа ерекше назар аудару мен оның сөйлемдегі мәнін өсіруде қолданады. Мысалы, бұның ар жағындағы ішкі тайталас тартыстың біреуін де Әзімбай айтқан жоқ. Бақ бұтақтан, гүл жапырақтан, дән нәрден айрылыпты (М.Әуезов).

4) Синоним сөздерді қолдану, тыңдауда сөйлемнің, сөздің экспрессиялылығы артады. Бәріміздің арамазда өте қайратты, өте қажырлы жолдас Катченко еді (С.Сейфуллин). Ақырын ғана қоңыр үнмен, бөгде бірулер естіп қоймасын дегендей жалтақ көзденіп айтады (М.Әуезов). Бөтенсің, жатсың демеймін (Ғ.Мұстафин).

5) Синоним сөздер тіл стильдеріне байланысты ерекшеленеді: кенеттен (жазба), байқаусызда (ауызекі), толық, жуан т.б.

Мұндай ерекшеліктері игерілгеннен кейін синоним сөздерді сөйлеуде қолдана білуге жаттықтырылады: Мысалы: Синоним сөздерді мағынасына орай сөйлемдегі басқа сөздермен дұрыс тіркестіре білуге үйрету үшін мынадай тапсырмалар мен жаттығулар орындаттырылады: 1. Берілген сын есім сөздерді жақшаға алынған сөздермен дұрыс тіркестіріп, сөйлем құрату: ұзақ мерзімді, уақыт, кез; 2. Сөйлемдегі баяндауыш сөздің сәйкес синоним сөздердің бірін қойып көшірту. Оны неге дұрыс деп есептегенін түсіндірту: 1) Жазда балалар аулына (барып келді, оралды, барып қайтты); 2) Бала анасына (көмектесті, жәрдемдесті, көмек берді, қолғабыс етті) т.б.

2.3. Сөйлеуде көркемдеуіш және бейнелегіш құралдарды пайдалану

Сөз әсерлігі тыңдаушыны ұйытып өзіне тарту екі нәрсеге қатысты болып келеді: біріншісі, сөзді сөйлеген кезде құлаққа жағымды, лебізді, үнді етіп, дауыс кідірісі мен дауыс күшін дұрыс қойып айтуға байланысты болса, екіншісі, сөзді өз мағынасынан сәл өзгертіп, келтірінді мағынада жұмсаумен ұштасады.

Мәдениетті адам сөйлеу мәнері құлаққа жағымды әрбір ойын лайықты әуенмен, әрбір сөйлемді өзінің сазымен сөйлейді. Ән сияқты дұрыс айтылатын сөз де құлақтан кіріп бойды алады. Міне, сондықтан сөзді қалай болса солай айта салмай, сөйлеу мазмұнына үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар. Сөйлеуде дауыс ырғағының құбылмалы қасиеті, логикалық екпінді, интонациялық ерекшелігі бар құбылыстарды ескеріп отырғанда ғана тыңдаушыға әсер етпек. Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні «Сөзі мірдің оғындай екен», «Сөздің майын тамызып, кісінің айызын қандырып сөйлейді екен» деп дәріптейді. Ондай қабілеті жоқ адамды «ынжық, аузынан сөзі қойнынан бөзі түсіп тұр» деп санайды. Кейбіреулер маңғызданып, қатымырланып сөйлеуді сән көреді, оны артықшылық, мәдениеттілік деп біледі. Ал шын мәдениеттілік – шынайылықта, айтатын ойына сай келетін үн, әуен, ырғақ, екпін тауып сөйлей білуде. Сөйлеушінің сөйлеу дағдысы, дауысы тыңдаушыға жағымды болса, онда зер сала тыңдайды. Ал оның үстіне айтайын деген ойын мазмұнды болса, тыңдаушының көкейіне қонып, жүрегіне ұялайды.

Тыңдаушыларды еліктіре білу, олардың назарын сөйлеп тұрған ой-пікіріне аудару – сөйлеушіге (мұғалімге, баяндамашыға, үгіттеушіге) жүктелген міндеттің нәтижелі болуының басты шарты.

Сонымен бірге жұрт алдында сөйлеуші мына қағидаларды ескеруі тиіс.

1. Жұрттың бәріне белгілі жайларды тәптіштеп айта беру жөнсіз. Нәрсіз, дәмсіз сөйлемеген жақсы. Нәрсіз сөз көбінесе өзі жақсы білмеген жайды баяндаудан анық байқалады. Міне, сондықтан көп қателеседі.

2. Өзін өзгеден артық санап, дауласып, мақтана сөйлеген адамның айтқаны далаға кетеді. Тыңдаушылар ондайды қабылдамайды, сөзіне күле қарайды. Мен белгенді тыңдаушыларым білмейді, олар білімсіз дегендей пиғыл білдіріп, білгішсініп, мақтана сөйлеу жұртты теріс қаратады.

3. Сөйлегенде, әрбір сөз анық, дәл, айқын естілетін болсын. Сөйлеушінің даусы құбылмасы әрі жайлы болуы тиіс. Сөз әуенінен байсалдылық, сенім, табандылық, қайрат сезінетін болсын.

4. Ойды жеткізудің тілден тыс элементтерін, атап айтқанда, ым, ишара, мимика, понтомимика, дауыс күші, дауыс темпі т.б. жақсы меңгеруге қажет.

5. Жұрт алдында сөйлеуші қағаздан көзін алмай қатып қалмай, тыңдаушылардың жеке тобына, жеке кісілерге көз жіберіп отырған мақұл. Сонда тыңдаушы да соған қарайды, сөзіне назар аударады.

6. Сөзді әбден жауыр болған сөздерден бастаған болмайды. Ой-пікірді әдеби тілге тән сөздермен, әсерлі де қызықты етіп жеткізуге тырысу қажет. Сөз арасында мақал-мәтелді, нақыл сөздер мен қанатты сөздерді келтіре отырып сөйлеу нәтижелі болмақ.

7. Айтылатын ой қысқа да нұсқа, тұжырымды болсын. «Аз сөз алтын, көп сөз көмір» деген мақалды басшылыққа алған мақұл.

8. Сөйлеу жүйелі болуы тиіс. Жүйелі сөздің арқауы, өзара тығыз байланысты желісі болды. Сөйлем мен сөйлем арасында, ой мен ойдың арасында табиғи байланыс болмаса, тыңдаушы ондай сөзден қанағат ала алмайды.

Жұрт алдында жақсы сөйлеудің ең негізгі шарты – дайындық. Алдымен жоспар түзіледі. Жоспарда қамтылуға тиісті мәселелер реттелген тақырып күйінде жазылады. Одан кейін сол жоспар бойынша баяндаманың тезисі жасалады. Онда айтылуға тиісті жайлардың негізгі қағидалары, мазмұны тұжырымдалады.

Жоспар бойынша баяндауға керекті материалдарды толықтыру, ретке келтіріп қағазға түсіру үшін конспект жасалу қажет. Конспект – болашақ баяндаманың ықшам түрі.

Сөз қолдану мәдениеті сөзді мағынасына орай дұрыс қолданумен қатар оны де, әсерлі, көркем бейнелі етіп айту (жазу) мен бейнелеу тәсілдеріне тікелей байланысты екені белгілі. Ал бейнелеу тәсілдері тілімізде сан алуан. Тіліміздің көркемдегіш тәсілдері негізінен көркем әдебиет тіліне тән. Көркем шығарма тілінде сөз өзінің барлық баяу-нышанымен, сыр-сипатымен, құпия астарымен, құдірет-қасиетімен көрінеді. метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет поэтикалық тіркестер, мақал-мәтелдер және тұрақты тіркестер айтылайын деген ойды анық беру, баяндап отырған әлеуметтік шындықтың шынайы көрінісін ашық көрсету сөйлеушінің негізгі қаруы.

Мәселен, «Жел соқты, қар жауып, боран болды» деп айтуда ешбір әсер жоқ. Ал сөз зергерлерінің қолдануында сөз әдеттегі қызметінен басқа күйге көшіп, тосын құбылысқа тап болады. Мұндай қолданыстың әсері айрықша болып, шығарма тіліне шырай беріп отырады. «Боран үскіріп соғып тұр. Асау жел ащы күйінен жаңылған жоқ, ойнақ салып ысқырып тұр. Аң, дала меңгеру болып түкіруде. Қайғысы сары бел борап әкеліп тұрған ақ киімін қымтай түсіп, жата бердім» (М.Әуезов).

Мұндай асау сөзінің ерекше сипат алғандығын бірден аңғаруға болады. Сондай-ақ сөз арасында бір-бірімізге сары бел киімін қымтады десек, жансызға жан бітіріп болмысы нақты, дәл бейнелеудің айрықша тәсілі.

Сөз мағыналарының ауысуы, келтірінді мағынада жұмсалуды әр түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сөздің ауыспалы мағынада қолдануы метафора, метонимия және синекдоха арқылы жасалады. Енді осы тәсілдерге қысқаша тоқталайық.

1. Метафора тәсілі арқылы атаудың ауысу белгіленген заттардың тұлға, түс, қимыл ерекшелігінің ұқсастығына негізделеді.

Метафора – грек тілінде *metaphora* «ауысу» деген мағынаны білдіреді.

Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың басқа бір заттың не құбылыстың атауымен атауының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады. Метафора құбылысының сөздің мағынасынан орын тепкені және әбден үйреншікті болып кеткені соншалық, метафораның негізінде туған қосымша мағынасының көп жағдайда туынды, келтірінді мағына екені бірден аңғарыла бермейді. Мысалы, істің төркіні, мәселенің төркіні, сөздің төркіні дегендердің төркін мен қыздың төркіні дегендегі төркін сөзін салыстырсақ, соңғы мысалда бұл сөз «қыздың ата-анасы, туған-туыстары» дегенді білдіреді де, алдыңғы мысалдарда «түп негізгі, тегі, мәнісі, сыры» дегенді білдіреді.

2. Метонимия. Бір заттың немесе құбылыстың атауының екінші затқа не құбылысқа олардың өзара іргелестігі, шектестігі негізінде атау болып ауысуы, осыған орай, сөздің ауыспалы мағынада жұмсалуды метонимия деп аталады. Мысалы: үйі мәз боп, қой сойды, сүйіншіге шапқанға (Абай) – деген сөйлемдегі үй деген сөз өзінің негізгі мағынасы «баспана» дегенді емес, бір үйдің адамдары, үй іші, отбасы дегенді білдіреді. Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң, Өзім барып жығылды шалқасынан...(Абай). Бұл сөйлемде аяқ сөзі «ыдыс» дегенді емес, «сусын» деген мағынаны білдіреді. Метонимия – грек тілінде *metonymia* «атын өзгерту, қайта ат қою» деген мағынаны білдіреді.

3. Синекдоха. Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы синекдоха деп аталды. Мысалы, кейде, отбасыңда неше жан бар? – деудің орнында басың нешеу? Дейміз. Бұл арада бас сөзі бөлшек ретінде (адамның дене мүшесі) бүтіннің орнына қолданылып тұр.

Синекдоха – грек тілінің *synecdoche* «бірге жобалап түсіну» деген сөзінен жасалған термин.

4. Теңеу. Теңеу де зат пен құбылыстың біріне-бірінің ұқсастығына қарай сөздер алмасады. Мысалы:

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай,
Апаңнан сені туған айналайын,
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай.
(Сегізсері)

5. Эпитет. Бір заттың, не бір құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтау үшін қолданылатын бейнелі сөзді эпитет деп атайды.

Қорыта айтқанда, сөз ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылу арқылы мағыналық жақтан түрленіп, өзгеріп отырады. Айтайын деген ойды бейнелі де әсерлі беруге икемді болады. Міне, сондықтан сөйлеуші (жазушы) өз сөзінде

тілдің лексикасындағы көптеген сөздердің келтірінді, бейнелі мағыналарды суреттеудің ең ұтымды құралы ретінде пайдаланады.

2.4. Сөздердің сөз тіркесі мен сөйлемдерде қолданылу ерекшеліктері, грамматикалық норма.

Әдеби тілдің нормалану нысаналары. Әдеби тіл дамыған жайын оның грамматикалық құрылысында біркелкілік, бірізділік үстем бола береді де, оның сымбаттылық қасиеті арта түседі. Бұл жағынан да қазақ тілін кемсіте алмаймыз. Қазақ тілінің грамматикалық амал-тәсілдері, тұлғалары, құралу тәртібі белгілі қалыпқа түсіп, жұртқа әбден дағдылы болған: сөз таптарының, сөз тұлғаларының, сөйлем құрылысының алуан түрлі бөлшектері қиюын тауып қалыптасып кетті. Грамматикалық құрылыстың сол қалпын – грамматикалық норма дейміз.

Грамматикалық нормалар грамматикалық ережелер негізінде, әдеби тілдің қалыптасу барысында жасалады. Әдеби тілде бардың бәрі бірдей норма бола бермейді. Мысалы, Абай тұсында, Абай шығармаларында, ауыз әдебиетінде «бармаққа керек», «айтарға керек» тәрізділер кездеседі, ондайды бұл күнде «бару керек», «айту керек» деп жазамыз. Немесе 1963 жылғы «Жұлдыз» журналында Рамазан Тоқтаров туындайды, туындап деген сөздер қолданған. Әдеби тіл де қыранды, жымында, сусылда тәрізділерден қырандайды (қырындап), жымындайды (жымындап), сусылдайды (сусылдап) деген жаңа сөз тудыруға болады. Ал, «туынды» сөзінен «туындайды», «туындап» деген сөздер тудырту тілге зорлық, нормаға жатпайды.

Тілдегі жекелеген қосымшалар көптеген сөзге жалғап айтуға болғанымен, солардың көбінің шегі бар, мысалы, қолданды, көздеді, бұзаулауды, сүйемелдеді деп айтуға болады, ал кітаптарды, жүректеді, бөлтіріктерді, тартыстарды деп айтылмайды. Р.Тоқтаровқа ұқсап біреу солай жазып қойса да, әдеби нормаға айнала қоймайды.

Ғасырлар бойы жасалған грамматикалық ережелердің, грамматикалық категориялардың жұмсалып аясы қаншалықты кең, бір беткей отырып, стилистика мен грамматиканың байланыстылығына ерекше назар аударады.

Тұжырымдағанда, оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіру ана тіліміздің нормасындағы тілдің жаттықтығын, мәнерлілігін, әсерлілігін, тазалығы сияқты тіл сапаларын игеріп, қатенің не үшін қате екендігін үйрету бағытында жүргізіледі.

Тіл мәдениеті тек жеке сөздерді немесе сөз тіркестері мен сөйлемді ойына байланысты таңдап, қолдану ғана емес, жалпы өзінің айтайын деген ойын, пікірін жүйелі, мазмұнды айтып, не жазып бере білуін де қарастырады. Осы тұрғыдан эксперимент жұмысында оқушылардың жазбаша (мазмұндама, шығарма т.б.) бақылағанымызда оларда негізінен мынадай қателер жіберетіндігі байқалады. Атап айтқанда, сөзді дұрыс өз ойына орай қолдана алмай, лексикалық қателер, өз ой-пікіріне сай сөздерді байланыстыра алмай, сөйлем құрастырудан, яғни грамматикалық қателер, мәтіндік мазмұнды жүйелілігін сақтамай, логикалық қателер жазбаша сауаттылығы жөнінде орфографиялық қателер жібереді. Мысалы, жалпы ереже бойынша зат

есімдерге жалғанатын көпті тәуелдік жалғауларының орналасу тәртібі былай болады: түбір сөз, алдымен көптік, оның үстіне тәуелдік жалғауы жалғанады; жолда тарым, терезелерің, жиналыстары, ата-бабаларымыз т.б.

Осы бір тиянақты-ақ деген ережеге бағынбайтын, одан ауытқы айтылатын мынадай сөздер бар: апаларым- апамдар, әкелерің- әкеңдер, жезделерім- жездемдер. Бұлардың екеуі де тілге жатық, ойға қонымды екеуі де әдеби. Солай екен деп зат есімдерге көптік, тәуелді, жалғауларын жалғауда орнықты тәртіп жоқ деуге болмайды. Болмайтын себебі – кез келген зат есімге жоғарыдағыдай көптік пен тәуелдікті орын ауыстырып жалғай бермейміз. Тек қадірмен туысқандық қатынасты білдіретін – ата, әке, көке, аға, әже, апа сияқты зат есімдерге ғана ол жалғауларыды шәлкес орналастыруға болады. Сонда олардың мағыналары бірдей болмай, екі түрлі болады: апаларым, аталарым... дегенде, көптік жалғау сол сөзі жалғанған заттың көптігін білдірсе, апамдар, атамдар... дегенде, ол бір кісінің қасындағыларды да қоса қамтып, солардың да көптігін білдіреді. Бұл жағынан соңғылар Амантайлар, Досандар дегенмен бірдей. Осы арадағы бір қызық нәрсе мынау: қайын, іні, балдыз деген зат есімдер де туысқандық қатынасты білдіретін топқа жатады, бірақ оларды қайындарым – қайынымдар, інілерім – інімдер, балдыздарым – балдызымдар деп жарастыра, екінші сыңарын айтпаймыз. Оның да себебі бар: апамдар, әжемдер, әкемдер Абылайлар, Сырымдар сияқты біреуді ұлық тұтқанда айтылады да, іні, балдыз, қарындас тәрізді кішігірімдер ол топқа жатпайды.

Грамматикалық нормалардан ауытқулар. Мағыналық, стильдік қызметі бар ерекшеліктерді пайдалану нормадан жөнімен ауытқу болады. Мұндайға тағы бірнеше мысал келтірейік:

Болымсыз етістің келер шақтық тұлғасының бірі -жақта –ма-й-мын... болуы – грамматикалық норма. Сонымен қатар ол ауытқып-ман... түрінде жұмсалады:

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап
(Абай)

Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар- намысым қашырман!
Бұлтқа жетпей шарт сынсаң!
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман!
(Махамбет)

Ашу – бөрі, ақыл қой,
Аралас бағып тұра алман,
Көз – төреші, көңіл хақ!
Өмірін екі қыла алман!

-Жібермен, жібермен, қызыл түлкі!. Алдымда тау тұса да тайынбан!
(Мұстафин).

Грамматикалық тұлғалардың негізгі нормадан өзгеше болып ауытқуы арада заңды: -ман (басқа нұсқалары да бар) тұлғасы осындайда май+мын қосымшалары орнына жұмсалғанда, ерекше стильдік қызмет атқарады: егер бармаймын, айтпаймын жай болымсыздық хабар болса, барман, айтпан деген, істі істеуден қарсылықпен, үзілді-кесілді бас тартқандықты білдіреді. Мұны нормадан жөнімен ауытқу деп тауып, сондайды дұрыс қолданған кісілерді қоштап отыру керек. Қазақ тілінде қалау райдың 1-жақ көпшесінің үш түрлі қосымшасы бар: негізгі тұлға –йық//-йік: барайық, келейік, білейік. Сонымен тар әдебиетте кейде –лық// -лік және –лы//-лі тұлғалары қолданылады:

Кел балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
(Алтынсарин)

Мекен іздеп жігіттер, кел-кетелі,
Ортасында Көктөбе белгі етелі,
Азаматтар, жалықпай тыңдасаңыз,
Қозы Көрпеш Баянды сөз етеді.
(«Қозы Көрпештің» Жанақ нұсқасы)

Бұл екі мысалдағы тұлғалардың екеуі де негізгі қосымша ретінде оқта-текте кездеседі. Оның алдыңғысы (-лық) бір іске шақыру, үндеу мағынасында айтылса, соңғысы, барсана, келсана, есіткіл сөздеріндегі қосымшалар сияқты, ескірген тұлға. Мұндайлар тарихи кепкердің сөзінде жұмсалса бір сәрі, бірақ қазіргі әдеби тіл үшін оларды қолдану дұрыс болмайды. Сондықтан оқиықтың орнына оқылық деп айту жөнімен ауытқу болады.

Жіктік жалғауының II жағының жекеше тұлғасы да екі түрлі нұсқада айтылады: -сын// -сін, -сын// -сің:

Неге колхоз болмайсың?
Неге ортаға салмайсың?
Берекеге қол сұғып,
Неге ауыл қонбайсың!
(Б.Майлин)

Ертеде, осы мысалдардағыдай, -сын// -сін, -нің орнына сөйлеу тілінің; -сын// -сің тұлғасы қолданан беретін. Жарыса айтылып келген осы екі тұлғаның соңғысы әдебиетте жалпылама жақты сөйлем құрудың ерекше стильдік амалы болып барады.¹⁴

Не ексең, соны орасың. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың (мақал). Кіп-кішкентай, қап-қарағанды шахтаға беліңе арқан байлай; түсесің де кетесің (газеттен). Биік толқынның қыр арқасына шыққанда артта келе жатқандары бір көріп қаласың (Е.Мүсірепов).

¹⁴ Әміров Р.С. Грамматика, емле, тіл дамыту. А., “Рауан”, 1993, 156 б.

Осылай болатындықтан жарыса қолданылатын бұл екі тұлғаның екеуі де әдеби. Ал, барасыз, келесіз дегендерді – барасыңыз, келесіз деп айту, аласым, бересім дегендерді – алажағым, бережағым деп айту, баратын, келетін деген сияқтыларды – баратұғын, келетұғын не барулы, келулі деп айту, жиырманшы деудің орнына – жиырмасыншы деу, мектепте оқыдым демей, мектептен оқыдым деу, - әрине, нормадан жөнсіз ауытқулар. Бұлар тілде бар, бірақ әдеби емес. Мұндайға тағы бір-екі мысал келтірейік:

Бәріңіз бір-бір бедеу мініпсіңіз,
Ойын-күлкі сәулетпен жүріпсіңіз,
Жібек сұлу дегеннің аулы жақын,
Бар еді, балам қандай жұмысыңыз?

Мұндайды диалогта, халық әдебиетінде қолдануға болар, ал автор сөзінде, қазіргі әдебиетте қолдану барып тұрған дөрекілік болады.

Дегенмен, ондай нормадан жөнсіз ауытқуларды да қазіргі әдебиеттен көп кездестіреміз. Оның екі себебі бар: біріншісі – тілдегінің бәрін «алтын» деп тану болса, екіншісі – кейбір ақын-жазушылар, журналистер әдеби тілдің нормасы болатынын, оны сақтау керек екенін елемейді. Сондайға тағы бір мысал: - Ой, пима шешуді ұмытып барамын екен ғой... Сен өзің жар сағына білмейсің екен ғой. (Ж:Тілеков). Мұндағы ұнамсыздық- баяндауышқа жалғанған жіктік қосымшаның «екен» көмекшісіне жалғанбай, одан бұрынғы етістікке жалғануында. Дұрысы - ...ұмытып барады екенмін ғой... Сағына білмейді екенсің ғой. Бұл –норма. Ж:Тілеков жолдастың кейіпкерінің аузына салғаны –нормадан ауытқу. Сөйлеу тілінде ол бар. Сондықтан қарапайым кісінің аузынан бұзылып шыққан ондай сөз саптау да, әлгідей орайы келгенде, жөнімен ауытқу болады.

Ондайды автор баяндауында, ертеректе, әдеби тілдің онша қалыптаспаған кезеңінде, елеусіз кемшілік деп қарайтын болсақ, енді таңырқай қарауға тиістіміз.

Грамматикалық тұлғалардың кейбірі әдеби тілдің нормалану үдерісінде жұмсалудан қалып қояды, не болмаса өзгеріске ұшырап барып тұрақтайды. Мысалы, XIX ғасырдағы әдебиеттерде баяндауыш құра-«дұр», «ұр» қосымшасы жиі қолданылатын: «боладұр», «өседұр», «айтұр». Сондай-ақ есімшенең –тың тұлғасы ертеде, -тұрған, тұғын болып жазыла беретін: «баратұғын», «келе тұрған», «жібертұғын» т.б. Бұл күнде бұлар қолданудан қалып барады. Ертеде жалғаулықпен түрліше айтылып, әр түрлі жазылатын: «билан», «бірлан», «менен» (бенен, пенен), «мен» (пен, бен). Қазір осылардың соңғысы (мен, бен, пен) әдеби нормаға айналды.

Тілде жарыса қолданылатын тұлғалардың әдебиетте жиі ұшырамайтындары бар. Мысалы, сұраулы сөйлем тудыратын –ма//-ме де, -мы/-мі де әсіресе көркем әдебиетте көп қолданылады. Мысалы: Сұрадың-Сұрамайсың?, Барасың ба? – Барамысың? Осының алдыңғысы сызба тіл стиліне тән де, соңғысы сөйлеу тілі стиліне тән. Сондықтан кейінгілер диалогты сөйлемдерде жазылады. Өткен шақтық –лы//-лі тұлғалы баяндауыш та солай; мысалы: үшінші күні түн ортасы ауа берген кезде үйге үш әйел кірулі,

- деп бай мүдіріп қалды (С. Көбеев). Тілдің грамматикалық нормаларына қиянат жасайтындар – көбінесе жас авторлар. Тіл шеберлігін сөз еткен Р:Тоқтаровтың «Жазушы парызы» деген мақаласындағы мына тіркестерді қалай түсінуге болады? «Ондай жазушы... өзі моральдық биік тұрғыдан, азаматтық үлкен айбыннан табылады». «...қазақ әдебиетінің көрігі мен берігі осы аталған есімдер...». «...табиғи ана сүтімен құрылған осы сөйлемдерде серпілген күшті динамика жатыр». Автордың сондағы таңдай қағып, «серпілген күшті динамикаға тапқан сөйлемі мынау: «Жаза тынымсыз. Тепкі, қамшы, боктық пен зорлық бар қорлыған етіп жатыр...». егер бір сөйлемді кім жазғанын айтпай, білмей, шынына көшкенде, «ана сүтімен құрылған», «серпілген күшті динамиканы» көре алмайсың. Сонда да жастардың, осындай грамматикалық норманың белінен басқа сөйлемдерді таңсақ көріп тамсанғанына таң қаласың!

Қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің, құрмалас сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі бар. Сол тәртіпті сақтамай, сөйлемнің аяғын аспаннан келтіріп құрау да жиі кездеседі. Мысалы: «Керіп келдім кеше малшыларды». «Түсті ол атынан». «Келмеді ол, мен шақырғанда». Бұлай сөйлеу онша жарасымды болмаса да, қарапайым кісіге ерсі көрінбеуі мүмкін, бірақ әдеби тілде сөйлейтін, әдеби тілмен жазатын мәдениетті, сауатты адамдар грамматикалық норманың өңін айналдырып жіберудің өте өрескел қате екенін білуге тиіс. Ертеректе, «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттері шығып тұрған кезде де, сөйлем құрылысының әдеби нормалары берік болмайтын.

Тілдің нормалану үдерісі үздіксіз болып отырады. Сол үдерісті тездету үшін де әдеби тілдің өзіндік өзгешеліктерін дамыта түсу керек.

Бір грамматикалық тұлғаның сөйлеу тілінде түрліше айтылуы әдеби тілдің де байлығы, нормасы болуы шарт емес. Мысалы, етістіктің өткен шақ бірінші жақ формасы ел аузында барғам, барғамын, барғанмын деп, келер шақ формасы барам, барам шығар, барамын деп айтыла береді. Мұндайлардың нормативті түрлерін (барғанмын, барамын) жөнсіз өзгертіп жаза беру тіл мәдениетіне қиянат болады.

Морфологиялық тұлғаларды сұрыптап қолдану. Грамматикалық тұлға дегеніміз – сөздің құрылысы, сөзге жалғанатын қосымшалар. Қосымшалар сөзден сөз тудыру үшін, сөз мағынасын түрлендіру үшін, сөз бен сөзді байланыстыру үшін жұмсалады. Олардың да орнықтылары бар, әдеби тілдің дамуында өзгеріске ұшырап, қосымша қызметке ие болу жағдайы әлі тұрақталмағандары бар. Мысалы, осы күні барынша көп жұмсалатын қосымшаның бірі –лық//лік (-тық)//тік, -дық//дік).

Осы қосымшаның әдеби тілде сараланған қызметі бола тұрса да, баспасөзде оны жұмсауда көптеген қате кездеседі, мысалы:

«Әңгіме үстінде Я:Феликсованың сөзінен....керемет ойшыл, өз елінің тіршілік-тынысын мүлт жібермей аңдап, отыратын білімдарлық та аңғарылады». Әдеби тілімізде «білімдарлық» деген сөз жоқ. Дұрысы – білімділік не білімпаздылық. «Ертеңгілік құлағыма бір әйелдің даусы шалынды». Дұрысы – ертеңгілікте не таңертең. «Ертеңгілік» деген «утренник» (балалар ертеңгілігі) сөзінің орнына айтылып жүр. «...ойына секем алдырған осынау жігіт бойындағы бей-жайлық еді». Біз мұнда жаңалықта ғана келдік.

Дұрысы – жаңа ғана келдік. Бұл істі асығыссыз жүйеге асыру керек. Дұрысы – бұл істі асықпай іс жүзіне асыру.

Ертеде –лық,-тық..... жұрнағы жақсылық, үлкендік, алматылық, туысқандық, әурегершілік, ауызбірлік сияқты азын-аулақ сөздің құрамында айтылса, 1930 жылдардан кейін оның сөз тудыру қызметі әлдеқайда кеңейді: әрі абстракты зат есім, әрі сын есім тудыратын аса өнімді қосымша болды: мысалы: бостандық, шаруашылық, қамқорлық, бесжылдық, сембілік, шеберлік, халықаралық, отаршылдық, облыстық. Мұндай туынды жаңа сөздердің саны көп-ақ. Солардың қатарына кейде білімдарлық, бейдалық, сібірлік үйенкі, семейлік Ертіс, республикалық біріншілік тәрізділер қосылып, тіліміз тықылдайды да тұрады. Әрине, соңғыларды мақтаныш етуге болмайды. Әсіресе, -лық,-тық... қосымшасындағы екі сөздің қатар тұруы ұнамсыз-ақ. Мұндайлар газет тілінде орысшаны қазақша дұрыс айта алмаудың, сол сияқты мағынаны басқа да амалдармен беруге болатынын елемегендіктен жиі кездеседі; мысалы, кеңес шахтерлері, партия комитеті дегендер «советские шахтеры», «партийный комитет» баламасы болып жүр. Ал баспасөзде «городские гости» дегенді «қала қонақтары» демей, «қалалық қонақтар» деп жазады. Мұнда қандай принцип бар? Бара-бара «қазақ халқы», «қала тұрғыны» дегендерді «қазақтық халық», «қалалық тұрғын» деміске кім кепіл?

-сыз//-сіз – сын есім, кейде үстеу тудыратын қосымша. Бірақ кез келген есімге бірдей жалғана бермейді. Мысалы, есепсіз көп, сансыз көп деуге болады, санаусыз көп деуге болмайды; сөзсіз орынды дейміз де, асығыссыз орында демейміз. Сонда да баспасөзде мынандай мысалдар кездеседі: бұл істі асығыссыз жүзеге асыру керек (дұрысы – асықпай, не даурықпай).

-гер//-кер қосымшасы қазақ тілінде «саудагер», «іскер», мұрагер», «айлакер» сияқты сөздер құрамында айтылады. Соңғы жылдары баспасөз бетінде осы қосымшаны теріс қолдану көбейді; мысалы: Ертеңіне қылмысына мәз болған жазагерлер қорғансыз ауылды қалай қорлағанына қарқ-қарак күлісті: Бірде Үбенбай жер ауып бара жатқан саяси қылмыскерді қымызбен сыйлады. Мұндағы «жазагерлердің» дұрысы- жазалаушылар, «қылмыскердің» дұрысы- қылмыстылар. Бір уақытта біздің баспасөзіміз «рабочии» дегенді – «жұмыскер» түрінде жазатын. 15-20 жылдан бері оны «жұмысшы» деп жазып, солай айтатын болдық.

Жаңа сөз тудыру әрекеті әлі де бар. Бірақ ол тәжірибенің қонымды, ұтымды, әдеби тілге еніп, жалпыға ортақ байлық болып кететін дұрысы да, әдеби тілге енбейтініде болады. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінде пайда болған «балмұздақ», «аялдама», «туынды» әдеби тілге еніп кетті де, «көрермен», «оқырман», «тыңдарман» солармен бір кезде пайда болғанымен жұртшылық оларды тез қабылдай қоймайды, сонда да олар оқта-текте бой көрсетіп қалады. Мұндай сөз жасаудың принципі –оқушы- ученик, оқырман-читатель, көруші-смотритель, көрермен-зритель... болсын деу ғой. Егер сол ізбен кете берсек, бастаушы, қостаушы, жазушы, ойнаушы сияқты көптеген сөздердің аяғы ұсқынсыз-ман, -мен... болар еді де, жаңа сөз жасауды күлкіге айналдырар едік. «Ұра берсе, құдай да өледі» дегендей, айта берсе, «оқырман.....» «тыңдармандарға да» құлақ үйреніп, жүре-бра әдеби нормаға айналып кетуі мүмкін. бірақ мен ол үшін жерден жеті қоян тапқандай бола

алмаймын. Жұртшылыққа бірден ұнамсыз көрінген ол жаңа сөздерге әуесқойлар да аз емес. Мүмкін, келешекте солардың ұсынысы қабыл болар. Қазақ тіліне шешім, тоқтам, құрылыс, оқулық тәрізді жүздеген неологизмдерді ендірідік. Соларды неге ешкім тосырқамады. Себебі олардың іштей де, сырттай да басқа сөздермен ұқсастығында. «Оқырмандар» өлермендерге сырттай ұқсайды, іштей ұқсамайды.

Сөздерге тиісті қосымшалардың нормаға айналған түрлерін жалғамай, басқа түрлерін орынсыз жалғап, қателесу жиі кездеседі. Мысалы: Дәрменсіз жүрек кезігу сағатын асыға күтті. Дұрысы- кездесу. Уәкіл оған түсініс беріп жатыр. Дұрысы – түсінік. Торф ұнтатыла-ды. Дұрысы – ұнтақталады. Жазба бұл жерде ыссы болады. Дұрысы –ыстық. Монографиялық еңбектердің жазылуы бізді қатты сүйіндірді. Дұрысы- сүйсіндірді. Таңғы самал дала төсін күн ұзағына желпіп тұрады. Дұрысы – таңертеңгі самал дала төсін күн ұзаққа (ұзақ күнге) желпіп тұрады. Шешесі ауызғы бөлмеге шықты да, төсектегі жатқан жиеннің жанына келді. Дұрысы – шешесі ауыз бөлмеге шықты да, төсекте жатқан жиенінің жанына келді.

Бізде –шы//ші қосымшасын жұмсауда да бірізділік жоқ. Әсіресе орыс тілінен енген тракторист, машинист, фудболист, комбайнер сияқты қазақша жұмсауда ала-құлалақ күшті: қазақ баспасөзінде трактористе те, тракторшы да, фотболист те, футболшы да, комбайнер де, комбайыншы да кездеседі. Бұл жақсылық емес. Дұрысы қайсы екенін білу үшін әлгі қосымшаның жұмсалуда бірізділік бар, жоқ екенін білу керек. Ист- ке біткен терминдердің көпшілігі –ақ қазақ тілінде сол орысша қалпында алынып жүр. Мысалы: футурист, атеист, журналист, машинист, штангист, телефонист, артист. Осылардың қатарында аздаған сөздер: фудболист-фудболшы, тракторист-тракторшы болып айтылады. Мұны құп көре алмаймыз. Бұлар да бұрынғылардың ізімен фудболист, тракторист болғаны дұрыс. Бұлсыз да –шы жұрнағының жұмсалатын жері көп (мысалы: малшы, темірші, басшы, жазушы).

Көркем әдебиетте кейбір қосымшалар авторлық қолданудың ырқына көніп айтыла салып, әдеби тілге енбей қалып қоюы да мүмкін. Осындайлық бейуақ шағын Абай әрқашан үнсіз, жым-жырт қана өткереді (М:Әуезов). Балаға деген мейірменшілік Есімбекке мұны да еріксіз істетпек болды (Б:Майлин).

Стильдік қателердің біразы бір жалғаудың орнына басқа жалғау қолданудан шығады.¹⁵ Мысалы: -дар: -Қанат бер талмайтұғын, күнді асайын. Дұрысы күнге асайын. Абай жасында молдаға оқыды. Дұрысы –молдадан оқыды. Екі бала ауылдан айнала шапты (ауылды айнала шапты). Мұнысы - кентті еліктегендік (мұнысы қалаға еліктегендік). Рабиға баласының бетін сүйді (Рабиға баласының бетінен сүйді).

Баспасөзде, әсіресе публицистикалық әдебиетте, қазақ тілінің көптік жалғауын қолдануда қате көп кездеседі. Мысалы: отыз шақты танк, 40-50 самолет деп жазудың орнына отыз шақты танкілер, 40-50 самолеттер деп жазу да кездеседі. Мұндай қателер орысша мәтінге сүйенгендіктен болар. Орыс тілінде жекеше айтылмайтын, тек көпше тұлғада жұмсалатын да зат есімдер бар ғой. Мысалы, часы, ножницы. Осыларды қосып орысша ремонт часов, стоимости ножницы деп жазса, қазақша да сағаттар жөндеу, қайшылар бағасы

¹⁵ Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы., 2006, 146 б.

деп жазу шарт емес. Орысша пальто сөзі септелмейді, қазақшада септеле береді, орыс тілінде «род» категориясы бар, қазақ тілінде ол жоқ. Осылардай әр тілдің өзіндік ерекшеліктері аударма да сақталуы тиіс.

Грамматикалық құрылыстың тіл мәдениетіне қатысы. Адам сөйлескенде, әр алуан мәселелер жайында баспасөз, радио, теледидар арқылы ой –пікірді баяндағанда, алдымен айтатын ойын түсінікті болуын көздейді. Оның ар жағында ойдың белгілі мақсатқа лайық әрі әсерлі болуы көзделеді.

Мақсатты ойды түсінікті әрі әсерлі етіп айту үшін тілде барды дәл тауып, өз орында дұрыс пайдалану оңай міндет емес. Адам ойының ұшы-қиыры жоқ. Сондай-ақ тіл байлықтары да ұшан-теңіз. Сол теңіз дүниесіне сүнгіп, ой өрнектеріне керекті тілдік материалдар мен грамматикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана білу үлкен шеберлікті керек етеді.

Грамматика мәселелерін екі түрлі ыңғайда қарастыруға болады: біріншіден, тілдің грамматикалық ережелері мен заңдарын айқындау мақсатымен, екіншіден, грамматикалық тұлғалар мен грамматикалық тәсілдерді қалай пайдаланғанда, ойымыз дұрыс шығады деген тұрғыдан. Бұл екеуі өзара тығыз байланысты болғанмен, алдыңғы-грамматика, соңғы-стилистика ғылымының үлесіне берілуге тиіс.

Тіл мәдениетінің табысы стилистика ғылымының талаптарымен ұштасып жататындықтан, бұл екеуінің де арасында жақындық күшті. Сондықтан, грамматикалық тұлғалар мен грамматикалық тәсілдердің стильдік қызметтерін айқындаудың керекті осы арада да бір байқалып қалады.

Адам ойын айтудың негізгі формасы – сөйлем. Жеке сөйлем арқылы біршама аяқталған ойды білдіріп, оны екінші, үшінші....сөйлемдермен ұластырып, ұзын-ұрғалы мақсатты ойды жетер жеріне жеткізіп айтуға тиіспіз. Мұндайда әр сөйлемді қалай құру, қандай-қандай сөздерді пайдалану, ол сөздерді қай тұлғада жұмсау, қай сөзді қай сөзбен байланыстыру, қалай байланыстыру керек деген сияқты сұрақтар туады.

Тілді жақсы білетін кісілер бұл сұрақтарға жауап іздемей-ақ дұрыс сөйлеп, дұрыс жазуы мүмкін. Әрине, олардың да белгілі дағдысы, тіл мүмкіншілігі жайында түсінігі, оқымай-ақ үйренген білімі болады.

Оның үстіне олар әлгілердің ғылыми негіздерін түсініп, біліп пайдаланса, тіл жұмсауда қате-кемшілік аз болмақ.

Мақсат – тілде барды жойып, жаңалық орнату емес, барды дұрыс пайдалану.

Жазушы Зейін Шашкин марқұм «Роман және дәуіртынысы» деген мақаласында «жатыр», «отыр» етістіктері «тілімізді онша көркейтіп тұрған жоқ. Біз осыдан құтылу әдісін іздеуіміз керек», - деп еді. Одан кейін «құрмалас, сабақтас сөйлемдер құрудың жаңа әдісін табуымыз керек» -деген-ді. Бұл қазақ тіліндегі күрделі етістіктер құрамының кейде шұбалыңқы болатынын ұнатпағандықтан болар, бірақ бұл біздіңше ұшқары пікір.

Сөйтіп, стилистика мәндес және мәндес емес те грамматикалық тұлғалардың, синтаксистік құрылыстардың тиімділерін пайдалана білуді үйретеді.қазақ тілі грамматика жүйесінің де сильдік мүмкіншіліктері мол.

Жақсы стилист болу – сөз зергері болу деген сөз. Әдетте жазуы жатық, тілі бай стилист кісілер тілде барды, оның өте нәзік мәнін, өзгелерге еленбейтін,

иненің жасуындай қылаң еткен стильдік қызметін шебер түсінеді. Сөйтеді де тіл байлықтарын, әсіресе тілдің грамматикалық мүмкіншіліктерін жақсы біліп, керегіне жаратып отырады. Мысалы, тілге деген талабы, сезімі, білігі мол жазушы еш уақытта «Ақ ат мінген қыз қойларды жамыратты», «Ол белін арқанға буды» демейді. Себебі: аттың түсі ақ болса да, қазақ «ақ ат» демейді «боз ат», «ақбоз ат» дейді, әдетте қой жамырамайды, қозы жамырайды, белін арқанға бумайды, белін арқанмен буады. Не болмаса, қазіргі қазақ тілінде бірыңғай бірнеше сөйлем мүшелерін «және», «мен» жалғаулықтарымен байланыстырып айтқысы келген стилі жатық журналист ешуақытта «жәнені» бұрын, «мен» (бен, пен) жалғаулығын соң жазбайды. Мысалы: «Біздің заводтарымыз бен фабрикаларымыз және колхоз – совхоздарымыз жылдан-жылға нығайып келеді». Мұндайда «және» жалғаулығы бірыңғай мүшелердің «тұйыққа тіреліп», аяқталып қалғанын көрсетеді. Сондықтан заводтарымыз және фабрикаларымыз бен колхоз-совхоздарымыз.... деуге болмайды. Бұлай жазу стильдік қате болады.

Б.Майлин бір әңгімесінде «Қарымсақты» келіні пештің.... мұржасын ашып жүр екен деп жазыпты. Бұл – стиль жағынан өз орнында дұрыс құралған сөйлем. Осыны «Пештің мұржасын Қарымсақтың келіні ашып жүр екен» деп те жазуға болады. Мұнда пештің мұржасын кім ашып жүргені баса айтылғандық аңғарылады. Сондықтан бір сөйлемнің мағынасын болар- болмас, өте нәзік қосымша мағына енгізу үшін де сөйлем мүшелерін, осылай, орнын ауыстырып айтуда үлкен мән бар. Ал әлгі сөйлемді «Пештің мұржасын ашып жүр екен Қарымсақтың келіні» деуде пәлендей селт еткен ерекше мағына, көркемдік белгі жоқ. Сондықтан соңғыны стильдік қате деп танымыз.

Сөйтіп, грамматикалық құрылыстың орнықты қалпын сақтап жазу да, мағыналық, эмоциялық қызметі болған жағдайда оны құбылтып, өзгертіп жазу да стилистика талаптарына сай бола береді. Ал, дұрысты бұзып айтуда ешқандай мән болмаса, ондайлар өрескел қате болып есептеледі. Сондықтан оқушылардың тіл мәдениетін арттыру үшін осы қателер жөнінде мәлімет беріп, оны болдырмауға дағдыландырылады.

2.5. Жазба жұмыстарда болатын қателердің жіктелуі.

Мектепте ана тілі мен әдебиет пәнін оқытудағы көп жылғы тәжірибемізді жинақтап нақтылауда біраз істер істелді. Солардың бірі – оқушылардың жазба жұмыстарында кездесетін түрлі қате-кемшіліктерді жіктеп, топтастыру болды. Бұл үшін соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облыстары мектептерінің 5-8-сыныптарының мыңға жуық оқушылардың әр түрлі жазба жұмыстарын есепке алдық. Оқушылардың көптеген жазба жұмыстарында жіберілген қателерді қарастыра келгенде, былайша топтастыруға болады.

1. Лексикалық-стилистикалық қателер.
2. Орфоэпиялық және орфографиялық қателер
3. Грамматикалық-стилистикалық қателер: а) морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолданбау; ә) синтаксистік байланыстың бұзылуы.
4. Логикалық қателер.

1. Лексикалық-стилистикалық қателер. Байланыстырып сөйлеуде сөздің лексикалық ұғымын, оның ерекшелігі мен сан-салалы қызметін ескермей, әдеби норманы бұзушылық – лексикалық-стилистикалық қате деп есептеледі.

Мәтінде орынсыз қолданылған, мағынасы мүлде жуыспайтын сөздері бар лексикалық қателердің түрлері мынадай:

Сөз мағынасын жете түсінбеушілік. Бұл қателердің сипаты мынадай болып келеді. Менің атам алаөкпе аурумен ауырады. Сәнқой адам өмір сүрмейді. Көктемде жылқылар құлыншақтайды, түйелер боздайды. Баян сабаққа өнегесімен қатысады. Шоқан Уалиханов білімді еңбектер жазды. Қалада қыспен қоштасып, көктемді қарсы алатын жәрмеңке болды. Кербездей қуанышты көктем келді. Шіркін, табиғатқа қарап тұрсаң, ойыңа бір үлес қосқандай. Жәңгір ханның өзі қулықшыл болады да, Махамбетті старшин етіп қояды.

Келтірілген мысалдарда бөлектелген сөздер мәтінде мағынасы жағынан үлеспейтіні көрініп тұр. Оқушы ол сөздердің мәнін айқын түсінбей қолданған.

Лексикалық синонимдер қорының тапшылығы. Мақсатты ойды жеткізуде синонимдердің лайықтысын тауып қолдануға балалар шорқақ. Сөз таңдау дағдылары жоқ. Сын есімдерден «жақсы, жаман», етістіктерден «болды, келді, бастады, жатыр» деген сияқты сөздер көп қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер тіпті кездеспейді. Мысалы: Түрмедегі жаман кісілер мебель жасайды. Қасқыр ашулана бастады. Досымның мәдениеттілігі өте жақсы. Күзде құстарды қайғымен шығарып салған адамдар енді құстарды қуанышпен қарсы алады.

Синоним сөздердің мағыналық нәзік реңктерін айырмаушылық. Оқушылар мәндес сөздердің жұмсалып аясын айыра бермейді. Мағынасы өзара жуық сөздің кез келгенін талғамай-ақ мәтінде қолдана салғандықтан, айтылмақ ойдың нәзік сыры сезілмей, нәрсізденіп, жұтаң тартып кетеді. Оның үстіне, мәтінде мағынасы жуыспайтын, балалардың зорлап әкеп қосқан сөздері оқшауланып көрініп тұрады. Мысалы: Біздің ауылға дұшпан келді. Мен сәл аяңдап үйге келдім. Малдар даладағы жаңа өспірім шөпті жақсы жейді.

Әр түрлі дәуірдің сөздерін араластыру. Мысалы: Бұрын байлар жас пионерлерге қозы бақтырған. Шоқан озат оқушы болып, ударниктер қатарына қосылды. Махамбет Баймағамбет сұлтанға кедейлердің еңбек ақысын дұрыс бермегенін айтады.

Сөздерді, не түбірлес сөздерді, не тұтас ұғымдарды орынсыз қайталау. Жеке оқушылардың жазба жұмыстарында 15-20 реттен сөз қайталану фактісі кездеседі. Кейбір оқушылар бір жарым бет мазмұндамада («Арланмен айқас») «Қайролла» деген жалқы есімді 14-15 рет қайталайды. Сондай-ақ «Алтын күз» деген шығармада «алтын күз» деген сөз әрбір оқушының жазба жұмысында 8-9 рет қайталанып келеді. Ал бір сөйлемнің ішінде қайта-қайта келіп отыратын сөздер де көп кездеседі. Мысалы: «Қайролла қасқыр түскен апанға барса, қасқыр Қайролланы көре салып, Қайроллаға қарай жақындай бергенде, Қайролла қасқырдың алқымынан алып, екінші қолымен қасқырдың жүрегіне бәкіні сүңгітіп алды». Осы мәтінде «Қайролла» сөзін 4 рет, «қасқыр» сөзін 4 рет келтіріп, сөйлемді шұбалтып, ойды қиындатып, шашыратып жіберген. Мұндай бір сөзді қайталай беру барлық сынып оқушыларында кездесетін қателердің бір сипаты. Сөйлем шұбатылып жатқан соң, бала жеке сөздерге ие бола алмай,

қайталауға ұрынатын шығар деп ойлауға болар еді. Бірақ мұндай кемшілік қысқа сөйлемдерде де кездеседі. Мысалы: Орыс баласының ішінен оның дос баласының аты Потанин еді. Көктемнің жылы күні басталып, күннен-күнге қыстың суық күні көктемге қарай жылына бастады. Менің болам деген арманым – дәрігер болу. Егер өмір болмаса, тіршілік болмайды. Егер заманды бұл заманмен салыстырсақ, бұл заман ол заманнан әлдеқайда артық. Ер Төстік жоғалып кеткен сегіз ағасын іздеп шығып, ағаларын тауып алып, еліне алып қайтпақшы болды.

Бұл қателердің негізі оқушылардың тіл байлығы мен ойлау дағдысындағы кемшіліктерде деп білеміз.

Мақсатты ойға қатысы жоқ артық сөз қолдану. Бұл көркемдік емес, қайта сөйлемді олпы-солпы етіп жіберетінін оқушылардың бірқатары ескермейді. Мысалы: Қар аттың аяғының тізесінен келді. Ол атына барып, үстіне қарғып мінді. Ер Төстік ол алып тұлғалы, қара күштің иесі емес, ол тек қана қарапайым, ер жүрек жігіт.

Кейбір термин мәндес кітаби сөздердің мағынасын түсінбеушілік. Өкімет егін ора бастады. Егінді нормалап мемлекетке тапсырды. Біздің үйде алаша тоқу мәселесі қаралды. Менің мамам қоғамда жұмыс істейді. Болат сабақты ожданмен оқиды. Мамандық болу – адамға үлкен үлес. Мен кітапты көзқараспен оқимын.

Орыс сөздерін орынсыз қолдану. Оқушылардың біразы ауызекі тілде ғана емес, жазба тілде де орыс сөздерін бей-берекет, орынсыз қолданады.. оқушылар мынадай сөйлемдер жазады: Жыртылған кітаптарды библиотекада клеяттейміз. Самоподготовкада болмадым, подъемнан кеш қалдық, отбой болды. Дежурный тақтаны сулы тряпкамен сүртті т.б.

Жасыратыны жоқ, бізде жемістің, овощтың қазақша аттарын балалар түгіл үлкендер де білмейді. Интернаттың асханасы мен жатақханасындағы толып жатқан заттар орысша атаумен ғана аталатынында қисап жоқ. Мысалы: пододеяльниктің қазақшасы «сейсеп» екенін ешкім ескермейді. «Балмұздақ», «аялдама», «шаңсорғыш» сөздерін айтқанда, балалар тіпті тосырқап қалады. Оларға «морожный», «остановка», «пылосос» сөздері жақын боп кеткен. Мұндай фактілер орасан көп. Бірақ мұндай сөздерді оқушылардың білуі және жазба жұмыстарында қолдануы қажет. Мұғалім оқушыларды жазба жұмыстармен, оған қойлатын талаптармен (тіл тұрғысынан) жете таныстыруы тиіс.

Бейнелі сөздерге икемсіздік. Оқушылар байланыстырып сөйлеуде тілдің табиғи мүмкіншіліктерін: сөздердің тура мағынасын, контекстегі қосымша мағыналарын, синонимдік, антонимдік т.б. ерекшеліктерін сөз қолдану заңына лайықтап қолдануды біле бермейді. Ал сөздердің ауыспалы мағынасы мен фразеологиялық тіркестер оқушылардың өздігінен істеген жұмыстарында тіпті кездеспейді. Сондай-ақ, тілдің суреттеме және көркемдегіш құралдарын қатыстыра құраған сөйлемдері қиюласпай, олпы-солпы тұрады. Мысалы: Арлан қасқыр артына караудан көз алған жоқ. Қызыл, сары жапырақтар жерде мұңайып жатыр. Аспандағы жарық жұлдыздай жарқылдап еске аламыз. Майда миуа ағашына гауһар тамады. Күзде ағаштың жапырағы түсіп, ағаш кәрі кемпір боп қалады. Күзде бұлт қабағын түйіп тұрады. Көктем лебі көз ұшынан еседі.

Оқушылардың бірқатары мақал, мәтелдегі, фразеологиялық тіркестердегі астарлы ойды түсінбей, олардың тура мағынасын ғана алады.

Сөздік қор тапшы болғандықтан, балалар өздерінің ой жұмыстарында құлаштарын кең сермеуге дәрменсіз. Барлық айтайын деген ойы тар шеңберге шақтала кетеді. Тілге олақ болған соң, ой да өріс алып кете алмай, көр-жөрдің төңірегінде кібіртіктей береді. Осыдан сөйлемдердің маңызы да, мазмұны да әлсіз болып шығады. Мысалы: Мен мамам екеуміз тату, жақсы тұрамыз т.б.

Біздің байқауымызша, оқушылардың жазба жұмыстарында кездесетін лексикалық-стистикалық қателердің түрлері осындай.

2. Орфоэпиялық және орфографиялық қателер. Сөздердің әдеби тілдегі дұрыс айтылу және жазылу нормасын бұзушылық оқушылар жұмыстарында көп кездеседі. Орфографиясы қиын сөздерді қате жазу өз алдына, оның үстіне, көп сөздерді орфоэпиясы бойынша жазып қояды (көзғарас, шегара, гиограф, алалмадым т.б.). Ал ауызекі тілде сөздердің естілу әуен-ырғағының дұрыс болуына мән бермей, жазылу бойынша айта салады.

Төменгі сыныпта орфоэпиялық және орфографиялық қателердің бірқатары сөз мағынасын түсінбегендіктен туады. Кейде шала-шарпы естілуі бойынша, мағынасына ой жібермей жаза салған сөздерінде жоғарыдағы екі түрлі қате қосарланып жүреді. Мысалы: тес пергенде (дес бергенде), кескіріскен (кескілескен), әлеумент (әлеумет) т.б. мұндай дыбыстардың өзгеруі арқылы пайда болатын қателер оқушылардың жұмыстарында білетін, қиын емес сөздерде де кездесіп отырады. Сөздерді дұрыс айтып, сауатты жазуға үйрету - әдеби тілді меңгертудің бір жолы.

3. Грамматикалық-стистикалық қателер. Ойды білдіруде тілдік материалдар мен грамматикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана білмеу, олардың стильдік ерекшелігі мен қызметін айқындамау грамматикалық-стистикалық қатеге жатады. Оның екі түрі бар:

Морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолданбау. Тіліміздегі қосымшалардың жалпыға бірдей қалыптасқан заңы бар. Оларды кез келген сөзге жалғай беруге болмайды. Осы мәнді жете түсінбеген оқушы төмендегідей қателер жібереді.

а) Зат есім мен сын есімнің кейбір қосымшалары өнімді қосымша болғанымен, барлық сөзге жалғанбайды. Оқушылар мұны ретті, ретсіз қоса береді. Мысалы: Аңқаусыз адам. Тоғай іші той-думанды.

ә) Көптік жалғауын сөздерге бей-берекет қоса береді. Көптік мағынасы онсыз да білініп тұратын зат есімдерге де жалғайды. Солардың көбінде отын, шөп, картоп, астық, адам, бұлт, жапырақ, көше, мемлекет т.б. сөздерге ретсіз жалғанған көптік жалғаулары жиі кездеседі.

б) Септік жалғауларының бір түрін сөйлемде басы артық қолданушылық. Септік жалғауларының сөздерге дұрыс жалғанбауы (Қарағай, арша, қайыңның, ағаштары жапыраққа бөленген) да оқушылардың көп жіберетін қатесі.

в) Мағынасы жуық есімдіктерді талғаусыз қолдана беру. Адамдардың бүкілінің досы бар. Шоқан барлығы 30 жыл өмір сүрді. Осы соңғы сөйлемдегі негізгі ой өз реңуімен жеткізілмей тұр. Мысалы, «небары» деген сөз қолданса, азсыну, көңіл толмау ұғымын береді. Егер «барлығы 30 жыл ғана» десе, онда да сөйлемге басқаша өң бітіп, өкініш пайда болар еді. Оқушылар, көбінесе,

мәтіндегі ойдың ұзын-ырғасын сақтап, әрбір сөздің мәнін, стильдік бояуын ескермейді.

Сөйлемдегі синтаксистік байланыстың бұзылуы. Оқушылар жұмысындағы басты бір кемшілік – сөзді стилистикалық тұрғыдан дұрыс тіркестіре алмайды. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтамау көп кездеседі. Мұндай қателердің кейбіреулері төмендегідей сипатта: баяндауыштардың қалыптасқан орын тәртібін бұзып, кез келген жерге қою (Оқушылар білім алу үшін мектепке барады қолдарына сумка ұстап). Бастауыштың қалыпты орнын сақтамау. Күзде бақшадағы жемістерін кісілер алады. Бастауыш пен баяндауыштың жақ жөнінен қиыспауы (Бұған біз осындай мейірімді, төзімді адамдарға халық көмекші болсын деп армандаған). Анықтауышты өзі анықтайтын сөзінің алдына қоймай, мағынаны өрескел бұрмалау (Тайшадай айбат шегіп отырған қасқырды көрді. Бұл тұрған ғалым болашақ Шоқан еді). Сол сияқты пысықтауыштың орын тәртібі де бұзылып келеді (Қосқа кіре бергенде дем алмақшы болып, оның жылқыларды дүркірей қашты).

Диалогты сөйлемдерде байланыс үшін тұратын автор сөзі мен төл сөзді дұрыс орналастырмау (Командир айтты бүгін қандай баға алдыңдар. Командир кім кезекші сұрады. Потанин былай деп сөйледі).

Синтаксистік синонимдердің қажетті жерінде мағыналық реңктерін айырып қолдана алмаушылық. Біздің үйде жаңа келіншек бар. Бұл сөйлемде «жаңа» деген сын есім өзінен кейінгі зат есіммен мағыналық бірлікте емес. «Жаңа», «жас» дегендер – мәндес болғанмен, бірінің орнына бірі қолданылмайды. Арлан ыза болып, адамға қарсы шықты. Өзіне қарсы келе жатқан Қайролланы көрген арлан айбат шегіп, қарсы шықты деген екі сөйлем стильдік жағынан дұрыс емес. Алғашқы сөйлемде «адамға» деген сөз өз орнында емес, арланның қарсы шығуы дәлелсіз («Адамды көрген арлан ызаланып, қарсы шықты» десе дұрыс). Екінші сөйлемге «Қайролла» емес, «адамды» не «кісіні» деген сөзді қою орынды. Өйткені арлан Қайролла болсын, басқа болсын – бәрібір танып тұрған жоқ, әйтеуір адам екенін көре салып, қарсы ұмтылып тұрғандығы жайлы ой берілуі керек.

Оқушылар сөзді дұрыс таңдап тіркестіру арқылы берілетін мағыналық реңкке назар аудармайды.¹⁶ Сол сияқты шақтық, модальдік қызмет атқаратын көмекші етістіктерді де талғап қолдануды, өйтпеген жағдайда, сөйлемдегі ойға ақау түсетінін аңғара бермейді. Мысалы: Шоқан Уәлиханов саяхат жасап шықты. Ғылым аспанында көп жұлдыздың бірі бола берді. Бұл сөйлемдердегі көмекші етістіктердің мағынаға қосқан үлесі жоқ, қайта етістіктің шақтық қызметін бұзып тұр, өйткені сөйлемдегі ойға лайықты алынбаған.

Мұндай фактілерден оқушылардың грамматикадан алған білімдерін стилистика тұрғысынан өз тәжірибесінде пайдалануға жаттықпағанын көреміз. Сондықтан олар өздігінен орындаған жұмыстарында, шығарма, мазмұндамаларында сөйлемдерді ауызекі тілдегі күйден көп өзгермей, өңделмей беріледі.

4. Логикалық қателер. Оқушылардың жоғарыда келтірілген жазба жұмыстарында кездесетін кемшіліктердің түрлерінен оқушылардың ой белсенділігінің төмендігі айқын көрінеді. Өздігінен істеген жұмыстарында

¹⁶ Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. А., “ Қазақ университеті”, 1993, 128 б.

аздап та болса шабыт жоқ, құлашын кең сермеп кете алмайды. Қайдағы бір ұсақ-түйектің төңірегінде қалады («Бір жерде тамақ ішіп отырып, біреуді періп қалуға болмайды» деген сияқты).

Мұндай жағдайда бала бір ойды қайта-қайта айтып, соның төңірегінен кібіртектеп шықпай қояды. Мысалы: «Қыстың қаһарлы күнінде Қайролла жылқы бағып жүріп тоңады. Тоңған соң қосқа келеді. Атын байлап, өзі қосқа кіріп кетеді. Қосқа кіріп бара жатқанда, жылқының дүбірлеген даусы шықты. Ол жылқының дүбірлеген жағына шауып кетті...»

Ойдың берекесін алып, қаншама сөзді артық қолдану, бір басқан ізін қайта басып, айналшықтап шыға алмау – оқушылардың көбіндегі көпке дейін қол үзе алмайтын кемшіліктің бірі.

Оқушылардың біразы өз топшылауын, өз пікірін айтып, өзіндік жиған-тергенін сарқа пайдалануға әуестенбей, дайын тұрған жаттанды бір сөйлемдерді, ойдан жаза салуға үйір келеді. Өйткені өз көңіл-күйін, сезімін ашық айтуға бара алмайды да, салқын, сырттай баяндауға бейім тұрады.

Бұлармен қатар оқушылардың жұмысында мәтіндегі идеяға түсінбеу, тақырыпты толық аша алмау, мазмұндаудың негізгі фактілермен сәйкес келмеуі тәрізді қателер бар («Қайролла бәкісін қалтасынан алды да, қасқырдың аузын ашып, пышақты салып жіберді» деген тәрізді).

Жалпы оқушылардың жазбаша жұмыстарындағы қате-кемшіліктердің түр-сипаты осындай.

Жаңа бағдарлама бойынша тіл дамытуға әр сыныпқа арнаулы сағаттар бөлінген. Бұл үлкен мүмкіндік. Мұғалімдер берілген осы уақытты оқушылардың өздігінен орындайтын шығармашылық жазба жұмыстарына жұмсап, олардың сөздік қорын байыту, тілін дамыту мақсаттарын да естен шығармаса, ойдағыдай нәтижеге жетуге болады.

Ауызекі және жазбаша сөз қолданудағы қателіктер. Бір-бірімен қарым-қатынас барысында адамдардың тілінде көптеген қателерді кездестіруге болады. Тілдерінде икемсіз, орашалақ құрылған сөйлемдер, бір-бірімен байланыспайтын ұғымдар кездеседі. Белгілі бір ұғымды аша алмайтын сөздер пайдаланады. Сондықтан айтылмақшы пікір түсініксіз шығады. Бұл олардың орфоэпиялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларды білумен қатар стилистикалық талаптарды сақтамайтындығын аңғартады.

Адамдардың ауызша және ауызша тілдеріндегі стильдік қателерді анықтауда, топтастыру мен жіктеуде қазақ тілінің маман ғалымдары мен әдіскерлері әр түрлі пікірлер айтқан.

Балақаев М. жазбаша және ауызекі сөйлеу мәдениеті жайында күрделі проблемаға байланысты стильдік қателерді, атап айтқанда, тіл мәдениетіне нұқсан келтіретін орфографияға, орфоэпияға байланысты стильдік қателердің «сөздерді орынсыз қолдану, дұрыс тіркестірмеу, сөйлемдерді мінсіз құрастыра алмау сияқты және сөздегі ала-құлалық, жергілікті жерлер де ғана қолданылатын (диалект, говор) сөздерді жиі қолданудан болады», - деген сияқты түрлерін атап өтеді.

Көптеген тіл мамандары мен ғалымдардың ой-пікірлерін қорытындылай келіп стильдік қателердің мына сияқты түрлері кездеспейтіндігі байқалады.

1. Фонетикалық қате. Мұндай қателер адамдардың ауызекі сөйлеу барысында көптеп ұшырасады.

а) Сөздегі кейбір дыбыстыалмастырып қорлдану. Мысалы, бітірді-пітірді, жүз-дүз, ұқсап-құсап т.б.

ә) Сөздегі кейбір дыбыстарды түсіріп қолдану. Мысалы, алыпты-апты, қалыпты-қапты, атағанбыз-атағамыз, көргенбіз-көргеміз т.б.

б) Кейбір екі сөзден тұратын тіркестердегі бірінші сөздің соңындағы дыбыстарды түсіріп, қысқартып, екі сөзді біріктіріп қолдану. Мысалы, барған соң – барғасын, келген соң – келгесін, алып барды – апарды, алып келді -әкелді т.б.

в) Кейбір сөздерге артық дыбыстар қосып қолдану. Мысалы, тағы-тағын, барасыз-барасыңыз т.б.

2. Лексикалық қате. Адамдардың тілінде ең көп кездесетін қателердің бірі – лексикалық қате. Оның мына сияқты түрлері кездеседі.

а) Бір сөзді қайталап қолдана беру. Мысалы, Динара ерте тұрды. Динара дене қимылдарын жасап, беті-қолын жуды. Динара тамақтанып, мектепке кетті.

Мұндай қателерді адам мына себептерден жіберетіндігі байқалады: біріншіден, оның ой-өрісі тар, екіншіден, сөздік қоры тапшы, сол қолданылатын сөзді синонимімен немесе басқа сөздермен ауыстырып қоладануға дағдылыланбаған.

ә) Сөздің беретін мағынасын түсінбегендіктен орынды қолданбайды. Мысалы, Махамбеттің Исатай мықты жолдасы болды. Бұл сөйлемдегі «мықты» деген сөзді ауыс мағынада қолданғысы келгенмен, бұл сөйлемде ойды тиімді де көркем беруде септігін тигізіп тұрған жоқ.

б) Фразалық тіркестердің мәнін білмей қолдану. Мысалы, Абылай хан жас кезінде Төле бидің баласы болды. Бұл сөйлемде жазушы «қол бала» деген фразалық тіркестің «жәрдемші» ескермей, оны «жалшы» деген мағынада қолданған.

в) Кейбір сөздерді қолдануда кісілер сол сөздің экспрессивті-эмоциональды мәні мен стильдік реңін білмейтіндігі байқалады. Мысалы, Біржан Сараны күшті ақын екендігінен жеңген жоқ.

Мұндай қателерді сөздердің ауыспалы мағынасы мен стильдік реңін жете түсінбегендіктен жібереді.

г) Кейде адамдар тілінде жергілікті диалект сөздер қолданады. Мысалы, Ер Төстік сосын жер астына түсіп кетті. Азанда ауқатын ішіп, мектепке кетті.

ғ) Ойға қатыссыз артық немесе даяр «штамп» сөздерді пайдалану. Мысалы: 1. Бала атасымен жолға шықты. 2. Содан соң бала сынған тағаны көрді. 3. Сөйтіп оны алмады.

Кейбір адамдар ауызекі сөздерін де ғана емес, жазба жұмыстарында да басқа тілден енген сөздерді қалай болса, солай қолданатындығы байқалады. Әсіресе, орыс тілінен енген сөздердің аудармасы бола тұра, орынсыз, бей-береке қорлдана береді. Мысалы, дежурный болдым, остановкада тұр, светті жақ т.б.

3. Морфологиялық қате. Сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғай білмеуден, олардың стильдік реңін дұрыс түсінбеуден жіберіледі. Адамдардың ауызекі сөздері мен жазба жұмыстарында оның мынадай түрлері кездеседі.

а) Адамдардың тілінде кейде өзінше «сөз жасау» практикасы кездесіп қалады. Мысалы, мектеп құрылысына баташылар мен сылаушылар, ағаш ұсталары мен ісшілер келді. Бұл сияқты қателер адамның қосымшалардың сөз тудыру, жалғану аясын білмегендігінен болады.

ә) Кейбір септік жалғауларынан мағыналық реңдерін түсінбей ауыстырып қолдана береді. Мысалы: Абай жас кезінде молдаға оқыды.

б) Көптік жалғауларды кейбір көптік мәні бар сөздерге жалғау немесе көптік жалғаудың көптік мәнінен басқа рең беру ерекшеліктерін білмей қолданады. Мысалы: Егістіктерде малдар жайылып жүр. Биылғы көктемде жауындар көп болды.

в) Бір түрлі жалғауларды сөйлемде қат-қабат қолдану арқылы сөйлемнің көркемдігіне нұқсан келтіреді. Мысалы, көктемде күзде орманның ағаштарының жапырақтарының түсі сарғаяды.

г) Сөз таптарының жұрнақтарын сөйлем мен сөйлемді байланыстыру мақсатында немесе негізгі сөздер мен көмекші сөздерді пайдалануда қатар қолданып, ойды түсінуді қиындатады. Мысалы, Төстік жоғалып кеткен ағаларын іздеп шығып, ағаларын тауып алып, еліне қайтпақшы болып, ертіп шықты.

Мұнда егістіктің қосымша түрінің жұрнағын қайталап үсті-үстіне қолдану жай сөйлемдерді тиянақсыз айтайын деген ойын түсінуді қиындатады.

4. Синтаксистік қателер. Бұндай қателерге сөз бен сөздің байланысу тәсілдерінен, сөз тіркестерінен, сөйлем түзуінен жіберілген кемшіліктер жатады. Бұл қателердің мына түрлері кездеседі.

а) Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдерінен қате жібереді. Мысалы: Алыстан ағаш басы қарауытып көрінеді.

ә) Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінен қате жібереді, сөздердің әдеттегі орнын ауыстырып қолданудағы стильдік мәні ескермейді. Содан адамдар инверциядан қате жібереді. Мысалы: Ұзақ сапардан арып-ашып келді Ер Төстік. Бұл сөйлемде бастауыш (Ер Төстік) өз орнында тұрған жоқ.

б) Құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің ара жігі ажыратылмай араластырып, бір-бірімен байланыстырылмай, айтайын деген ойы шашыраңқы берілуі кездеседі. Мысалы: Интернатқа Борыштың апасы келіп, анасы оны көріп, сүйіп, айқайлап жылап, құшақтады.

в) Сөйлемде екі бастауыш қатар қолдану кездеседі. Мысалы: Ғабит Мүсірепов ол «Қос шалқар» әңгімесін жазды.

5. Логикалық қате. Ойды көркемдеп әдеби тілдің нормасында жеткізуде әр сөз, сөз тіркесін және сөйлемді сұрыптап, оның құрылысына, сөйлем мүшелерінің орын тәртібіне, сөздің лексикалық мағынасына қарап әсерлі де нақты пайдалану тілімізде жеткіліксіз.

Кейде адамдар ауызекі сөздері мен жазбаша жұмыстарында айтайын деген ойын шашыратып, сөйлемдеріндегі ой бір-бірімен байланыспай, тұжырымды пікір айту мен қорытынды жасауда кемшіліктерге жол береді. Бір ой аяқталмай-ақ екінші ойды бастайды немесе араластырып қолдана береді. Логикалық қателерге негізінде мынадай қателер жатады.

а) Сөйлемдегі айтылатын ойдың иесі белгісіз болып қалады. Мысалы: Амангелді сарбаздарына мылтық пен қылыш таратып берді. Бұл сөйлемдегі

Амангелдінің сарбаздарына мылтық пен қылышты таратып берген өзі ме, әлде басқа біреу ме екендігі белгісіз.

ә) Сөйлемдегі ой бір-бірімен байланысқа түспей түсініксіз берілуі. Мысалы: 1. Әкесі мен баласының қоштасар сәті келді. 2. Екеуі құшақтасып ұзақ уақыт тұрды. 3. Оның көзінен, жас шықпады. Бұл сөйлемде кімнің көзінен жас шықпағаны белгісіз күйде қалған.

Қорыта айтқанда, адамдардың сөйлеуінде негізінде осындай қателер кездеседі. Әрбір мәдениетті адам қарым-қатынас үрдісінде осынау қателерге жол бермеуі тиіс.

Қорытынды

Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні арқылы тіл дамытудың хал-жайын зерттеу ісі мектеп оқушыларының тілдік қорының жұтандығын, өз ойын нақты, жүйелі, әсерлі жеткізе алмайтындығын көрсетті. Оның басты себептері мыналар деп тұжырымдалады:

- мектепте тіл дамыту мен тіл мәдениетін жетілдірудің тұтас жүйесі, көлемі белгіленіп, ұйымдастыру нұсқаларының анықталмағандығы;
- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің тіл дамыту жұмысында ұйымдастыру мақсатында пайдаланатын зерттеулер, тәжірибелер жинақталып әдістемелік жүйенің болмағандығы;
- тіл дамыту мақсатында қолданылып келе жатқан бағдарламасы нақты талап қойғанымен, оқулықтар мен дидактикалық оқу құралдарындағы, материалдардың жеткіліксіздігі, тілін дамыту мақсаты бойынша жетілдіру, толықтырудың қажеттігі.

Бала тілінің дамуы өзі қарым-қатынас жасайтын ортасының ұйымдастырылуына байланысты, сондықтан баланы ең алдымен сөйлей білуге, қарым-қатынас жасауға жаттықтырылады.

Тіл мәні мен мазмұны баланың қарым-қатынас жасау үшін ана тілінің жүйесі мен заңдылықтарын игеруіне, сол игерілген білім мен дағдыларын өзін қоршаған өмірдегі ұғымдар, пайымдау негізінде ойлау икемділіктерін арттырып, күнделікті қарым-қатынас пен өз тәжірибесінде түрлі орындар мен ахуалдарға орай пайдалана білу шеберліктерін қарастыру болып табылады.

Ойлау мен сөйлеудің қатынасы жөніндегі мәселе психологиялық зерттеулерде орын алады. Оқушылардың ақыл-ой жағынан дамуы олардың тілінің дамуына да игілікті ықпал жасайды.

Қоршаған ортаны жеке адам тіл арқылы қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде толық біле алады. Бұл оқытудың негізі болып, таным мен қарым-қатынас арасындағы әр түрлі байланыстар оқу үдерісі нәтижесінде жан-жақты кеңейтіледі. Ол тек әрекет барысында ғана емес, таным қызметіне әсер етеді. Демек, мұғалім жетекшілігімен танымдық іс-әрекет оқушылар әлемді нақты, жүйелі тану, ғылыми ақиқаттарды меңгеруге көшеді, білімі артады. Нәтижеде бала жазбаша сөйлеуге, қатысым жасауға материал жинақтайды.

Адам ой әрекетімен ашылған заңдылық, байланыс, тәуелдік қатынастар тілдің сөздік және грамматикалық тұлғаларында өмір сүреді. Ой танымының жоғарғы сапасы ретінде де, үрдіс ретінде де ойлау мен сөйлеудің осы бірлігінен туындайды. Демек, тіл дамыту – ой дамыту. Ойлау, сөйлеу әрекетін туғызады. Сөйлеу әрекетінің жүйелі, мазмұнды болуы ақыл-ой амалдарына: талдау, жинақтау, нақтылау, абстракциялау, жалпылау, салыстыру, жіктеу, қорытындылау дағдыларына байланысты. Демек, тіл дамыту әрекет дәрежесінде жүргізіліп, қарым-қатынастың табиғи түрінде, пікір айту оқытудың түрткілері арқылы жүргізілсе нәтижелі болады.

Логикалық ойлау амалдары баланың ойлау-сөйлеу әрекетінің икемділіктері мен дағдыларын арттыруға негіз болады.

Қатысымдық іс-әрекет негізінде оқытудың мазмұны жалпы оқытудағы қарым-қатынас үрдісінің моделі ретінде қарастырылады. Тілді меңгеру

дегеніміз жеке адамның әр түрлі орта мен ахуалда қарым-қатынас мақсатымен жасалатын сөйлеу әрекеті. Жазбаша сөйлеудің өзіндік тілдік біліктілігі, икемділік пен дағдылары болады. Сөйлеуде дамыту мәселесі ретінде сөйлеу біліктілігінің мазмұнына мына төмендегі мәселелер енгізіледі:

- қатысымдық әрекет мақсатына сай сөздік қорының болуы. Сөйлеу әрекеті лайық сөздік қоры мен өз ойын жеткізуде қолдана білу икемділігі мен дағдысының қалыптасуы;

- тілдік теориялық, орфографиялық, стилистикалық нормаларын нақты игеріп, ол туралы біліктілік пен қолдана білу іскерлігінің, тәжірибесінің жіктелуі;

- сөйлеуде қарым-қатынас пен әлеуметтік жағдай (орны, стилі, ахуалы т.б.) міндеті мен мақсатына сай жүргізе білу іскерлігі.

Бұл біліктілік іскерлік пен дағдыларды дамыту дұрыс оқытуға байланысты. Оқытуды ұйымдастыру нұсқалары мен әдіс-тәсілдері педагогикалық –дидактикалық қағидалар мен ұстанымдарды басшылыққа алады. Сонымен бірге дамытудың өзіндік ұстанымдары бар: а) сөйлеу мен ойлауды бірлікте қарау; ә) қатысымды; б) жағдайға ыңғайлылық, ахуалдық; в) кешенді жүргізу; г) әдеби тіл нормасын есепке алу.

Тіл дамыту лингвистикалық білімге де негізделеді: а) тілдің қай саласынан білім болмасын оны тіл дамытумен байланысты бекітуге болады. Тілдік білімді оқушының сөйлеу дағдысына айналдыру, ол үшін тілдік тұлғаларды сөйлеуде қолдануға жаттықтыру мен дағдысын қалыптастыру қажет. Зерттеу нәтижелері тіл дамыту ең алдымен тіл заңдылықтары мен теориялық ережелерге негізделу керектігін дәлелдеді.

- лексиканы оқыту барысында оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында жұмыстар ұйымдастыралады. Олар: сөздік, сөздің мағынасы мен синонимдері бойынша жұмыстар, актив, пассив лексика туралы мәлімет, олардың қолдануындағы көркемдік ерекшеліктерін т.б. үйрету.

- грамматиканы оқытуда сөз тіркесі, сөйлем, қайырым, мәтін туралы мәліметтер беріп, олардың қолданудағы ерекшеліктерін үйрету барысында оқушылардың тілін дамыту жұмыстары жүргізіледі.

Сондықтан сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын жетілдіру жұмысының өзіндік мазмұны, міндеттері мен жүйесі бар:

- а) тіл дамытудың мазмұнын біз баланың тілді қарым-қатынас құралы ретінде өз тәжірибесінде пайдалана білуге қажетті іскерлік пен дағдыны игертіп, белгілі бір орфографиялық заңдылықтар мен ережелердің немесе лингвистикалық, стилистикалық сөз өнері үлгілерін тиімді қолдана білу икемділігі мен машығын қалыптастыру деп түсінеміз.

- ә) аталған іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда мынадай міндеттер қойылады: сөздік қорын молайту, тілдің грамматикалық құрылысын игертіп, оны өз тәжірибесінде қолдана білуге жаттықтыру, жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, мәтін құрастыра білуге машықтандыру, әдеби тіл нормасында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, тілдік қателерді түзету, болдырмау.

Жазбаша сөйлеуде грамматикалық икемділіктері мен дағдылары дамыту сөз тіркестері мен сөйлем синтаксисін меңгерту арқылы жүргізіледі.

а) сөз тіркесін оқушылардың лексика мен морфологиядан игерген білімдері негізінде жүргізіледі. Оқушылар сөйлем тізбектеріндегі сөздердің байланыстарын жете игеріп, салалы түсінсе, сол сөйлемдегі негізгі ойды, оның мақсатын ажырата алады. Демек, сөз байланыстарын игеру өз ой-пікіріне сай сөйлем құра білу дағдысы қалыптасатыруға негіз болады. Сөз тіркесін меңгеру дегеніміз – лексикалық, морфологиялық білімін статистік негізде қолдана білу икемділігі болып табылады. Сөз тіркесі синтаксисін меңгертуде салыстыру, эвристикалық, анализдік, синтездік талдау, пайымдау т.б. әдіс тәсілдер нәтижелі болады.

ә) сөйлемді өз тәжірибесіне байланысты түзе білуге жаттықтыру жеңілден ауырға қарай деген ұстаным бойынша жүргізіледі. 5-6- сыныпта бинарлы құрылымдарды меңгертіп, оны сөйлемнің жайылма түріне ұластырды. 7-9- сынып оқушылары құрмалас сөйлем түзе білуге машықтандырылады. Сөйлем құрастыра білу дағдысын қалыптастыруда оқытудың жоғарыда аталған әдістерімен бірге, индукциялық, дедукциялық және аналогиялық ой қорытындыларын жасау тиімді.

б) оқушылар тілдік құрылысты игеріп қана қоймай, оның қарым-қатынаста қолдану ерекшелігін, тіл статистикасын да меңгеру керек. Стилистика туралы білім мектеп оқушылары үшін күрделі болғандықтан, ол туралы білім мен дағды ны оқытуда грамматикалық материалдармен байланысты берілу керек. Ол үшін:

- әрбір грамматикалық материалдардың стилистикасын қоса үйретуді практикалық бағытта жүргізу;

- әдеби тіл стильдерін мәтінге байланысты үйрету тиімді.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда мына төмендегіше ұйымдастырудың нәтижелі екендігі анықталады:

- жазбаша тіл дамытуды оқушылардың ауызекі сөйлеу тілімен байланысты жүргізу;

- түрлі жанрда әдеби стиль нұсқалары бойынша мәтін құрастыру.

Тұжырымдағанда, бұл икемділіктер мен дағдылар сөздік қорға байланысты, өйткені сөздерді тиімді қолдану қатысымдық әрекеттің нәтижелі жүргізілуіне әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Каримов И.А. Узбекистон буюк келажак сари. Тошкент.1998 й.
2. Өзбекстан Республикасы кадрларды дайындаудың ұлттық бағдарламасы. Нөкис, 1997 ж.
3. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы, Мектеп, 1987 ж.
4. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. 1989 ж.
5. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Мектеп, 1974.
6. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ.Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы А., Санат. 1977.
7. Әміров Р.С. Грамматика, емле, тіл дамыту. А., “Рауан”, 1993 ж..
8. Жапбаров А., Мусина М. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту. – А. Кітап, 1989 ж.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. Ғылым. 1999 ж.
- 10.Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. –Алматы: Ана тілі, 1992.
- 11.Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. А., “ Қазақ университеті”, 1993
- 12.Купина Н.А. Работа над словом.// Методика развития речи. М., 1991 г.
- 13.Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991.
- 14.Құлмағанбетова Б., Елемесов Ж., Қалауова З. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту. А. Мектеп, 1992 ж.
- 15.Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. А., Білім, 2000 ж.
- 16.Рахымбек Д. Оқушылардың логика – методикалық білімдерін жетілдіру. А., “РБК”, 1998.
- 17.Сыздық Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылымы. Алматы, 1970 ж.
- 18.Тұрмаханова С.Ә. Оқушылардың сөздік қорын байытудың әдістемелік және теориялық негіздері. А., 2006. п.ғ.к. дисс.автрефераты
- 19.Уәлиев Н. Сөз мәдениеті, - Алматы: Мектеп, 1984 ж.
- 20.Хасанұлы Б. Ана тілі-ата мұра. А., Жазушы, 1992 ж.
- 21.Хасенов Ә. Тілі білімі. –Алматы: Санат, 1996 ж.
- 22.Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы.Алматы., 2006.
- 23.Шанский Н.М. Язык и речь.// Что значит знать язык и владеть им. Л., 1989 г.

	Мазмұны	
Кіріспе.....		7
1-тарау. Лексика және оның қатысымда қолданылуының ғылыми-теориялық негіздері.		
1.1. Тіл және сөйлеу, сөз қолдану мәдениеті.....		10
1.2. Лексикалық норма және оның қолданылу аясы.....		26
2-тарау. Сөз қолдану мәдениеті.		
2.1. Сөздің қолданылу ерекшеліктері.....		31
2.2. Тілдің лексика-фразеологиялық тіркестердің сөйлеудегі (жазудағы) қолданысы.....		38
2.3. Сөйлеуде көркемдегіш және бейнелегіш құралдарды пайдалану.....		43
2.4. Сөздердің сөз тіркесі мен сөйлемдерде қолданылу ерекшеліктері, грамматикалық норма.....		46
2.5. Жазба жұмыстарда болатын қателер және олардың жіктелуі.....		54
Қорытынды.....		63
Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі.....		66